



**БОЛАШАҚ
МИЛЛИОНЕРДІҢ КІТАБЫ**



ВАВИЛОНДАҒЫ ЕҢ БАЙ АДАМ

ДЖОРДЖ КЛЕЙСОН

ӘОЖ 330

КБЖ 65

Д 38

Орысшадан аударған:
Серік Әбдірешұлы Ерғали

Джордж С. Клейсон

Д 38 Вавилондағы ең бай адам. – Алматы: «Шабыт»
баспасы, 2021. – 152 б.

ISBN 978-601-7629-34-2

Джордж Самуэл Клейсонның бұл кітабы әлемнің көптеген тілдеріне ондаған жылдар бойы тұрақты түрде аударылып басылып келеді.

Бүкіләлемдік бұл бестселлердің орасан танымалдығы сонда, кітапта ежелгі әрі сынақтан өткен байлық ережелерінің жазылғандығы еді.

Қаржылық бұлшабыт көп жоспарлауды, өт табысыныңды сақтауды әрі еселеуді үйретеді. Мұны БАЙЛЫҚ ӘЛПІБЕСІ деуге де болады.

Бұған дейін бұл еңбек жүз мыңдаған адамдарға қаржылай еркіндік алуға жәрдемдесті. Сіз де солардың бірі болға аласыз.

Автор мынаған сенімді: өзіңіздің барлық ниетіңіз белгіленгенді орындау үшін. Сіз ең әуелі осы еңбектегі жеке қаржыны меңгеру принциптерін қолдана отырып, ақша мәселесінде табысқа жетуге тиіссіз.

Кітап көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-7629-34-2

«С. Жібекбаев атындағы кітапхана» ӘОЖ 330
КБЖ 65

© «Шабыт» баспасы, 2021

Бұлдыраған болашағынды алға қарай созылған жол секілді қараңызшы. Осы жол бойына атқарғын келетін талай мұрағаттар бар... алға жетелейтін талай тілектер жолығады.

Алға жетелеген түрткілер мен тілектерді іске асыру үшін сізге табысты болу керек. Ол үшін келесі беттегі қаржы қағидаларын қолға алыңыз. Олар сізге әмиянды қампайтуға мүмкіндік беретіндей, қабысқан әмиянның қаттылығынан гөрі, бағыңызды баянды етуге жол ашқай.

Физиканың ауырлық заңы сияқты, олар да әмбебап әрі өзгермейді. Бұл қағидалар сізге де бұлжымастан өз мүмкіндігін дәлелдейді, өйткені бұлар талай адамдардың қажетіне жарағандай, әмиян қампайтуға да, банктегі шотты толтыру мен қаржылай ілгерілеуге деген нағыз сенімді кілт.

Есте болсын, ақша әруақта игіліктің қарапайым ережесін ұғатындардың қолында.

-
1. ӘМИЯНДЫ ҚАМПИТА БАСТАҢЫЗ
 2. ШЫҒЫНДЫ ҚАДАҒАЛАҢЫЗ
 3. АҚШАҢЫЗДЫ ЕСЕЛЕУГЕ ҚАМДАНЫҢЫЗ
 4. ЖИНАҒЫҢЫЗДЫ ЖОЙЫЛУДАН САҚТАҢЫЗ.
 5. ӘР САТЫҚТЫ (ПОКУПКА)
ПАЙДАЛЫ САЛЫМ ЕТІҢІЗ
 6. КЕЛЕШЕК ТАБЫС КӨЗІН ҚАМТЫҢЫЗ.
 7. ПАЙДА ТАБУ ҚАБІЛЕТІҢІЗДІ
ДАМЫТА ТҮСІҢІЗ.
-



Вавилон. Тарихи сипатсөз

Тарих беттерінен Вавилоннан басқа әйгілі қаланы табу мүмкін емес. Оның бір ғана атауының ол адамды байлық пен ұлшылық туралы небір ойға жетелейді. Бұл қаланың қазынасы есепсіз байлыққа толы болған. Әрине, осындай бай шаһарды жұрт аса ыңғайлы жерде, ауасы жанға шипалы тропикалық жұмақта орналасқандай, оны айнала қыруар орман-тоғай мен пайдалы қазбаның кеніші болғандай елестетеді. Бірақ мұның бірі де болмаған. Қала шөлейт ойпаттағы Евфрат өзенінің жағасында жайғасқан еді. Айнала орман түгіл тоғай да жоқ, ешбір пайдалы қазба да болмады. Тіпті құрылысқа жарайтын тас та табылмайтын. Вавилон дәстүрлі сауда жолынан да алшақ болатын. Анда-санда жауатын жауын мөлшері егін егуге жеткіліксіз еді.

Вавилон — қолда бар шектеулі мүмкіндік пен жаракты жарата отырып, адамзаттың ұлы мақсаттарға қол жеткізу нәтижесінің жарқын үлгісі. Бұл ірі қаланың тірлігі мен байлығы адамның қолымен жасалған игіліктен ғана құралып еді.

Вавилонда бар болғаны басты екі ресурс болды: құнарлы топырақ пен өзен суы. Адамзат тарихындағы алапат жасампаздық құрылыстың бірі — бөгет пен

қыруар суарғыш арықтар арқылы өзін суын егін алқаптарына шығара білді. Бұл тарихтан белгілі, осындай ірі ауқымдағы инженерлік жетістіктің біреуі ғана. Әзірге әлем мұндай суару жүйесінің көмегімен алынған ағыл-тегіл қырданды көрген емес.

Бақытқа орай, Вавилонның ұзақ ғұмыры бойында билеген патшалар басқындық пен тонауды басты мақсат етпестендер еді. Олардың көптеген соғыстары негізінен жергілікті сипатта немесе қорғаныс қана болды да, Вавилонның бай қазынасына ынтыққан сыртқы басынған жауға қарсы бағытталды. Бұл қаланы билеген көрнекті басшылардың есімдері өздерінің кеменгерлігі мен іскерлігі және әділеттілігі арқасында бүгінге жетті. Жалпы, Вавилонда әлемді билеуге тыраштанған өркөкірек монархтар болған емес.

Вавилон бүгінде қала ретінде ғұмыр кешуден қалған. Оны тұрғылып, мыңдаған жылдар бойы тұрған онда өмірлерін сүрген жанкешті адамдар қаладан кеткесін, көп ұзамай Вавилон шаһар шөлдаланың үйіндісіне айналды. Азиядағы бұл қала Суэц суарнасынан шығысқа қарай 950 шақырым, Парсы шығанағынан солтүсқа қарай, америкалық Аризона штатының Юма қаласының ендігінде орналасыпты. Құрғақ та ыстық климат бұл екі қаланың екеуіне де тән жағдай.

Бір кездері ауыл шаруашылығы гүлденіп, халық тұтаса қоныстанған Евфрат ойпаты бүгінде қайтадан жел қыдырған шөлдалаға айналды. Саран шыққан шөптесін өсімдіктер мен шөлге төзімді бұта біткен құм боранмен күресуде. Ойпаттағы жайқалған алқап та, керісінше қалалар да, созылған бай саудагерлердің керуендері де көрінбейді. Біздің дәуірімізден бұрын осы күнге дейін бұл жерді аз санды көшпелі араб малшылары мекен етілті.

Ойпатты бойлап шашыраған төбелер. Ғасырлар бойы бұл маңды аралаған саяхатшылар көзге түсер ештеңені байқамай келді. Бұл төбелерге деген тарихи қатбашылардың назары анда-санда жауатын жауын шайып шығарған кәрлен сынықтары мен кірпіштердің аркасында қакқан қазыққа айналды. Еуропалық және америкалық мұражайлар қаржыландыратын экспедициялар мұнда қатба жұмысына аттанып, көп ұтамай бұл төбелерде ежелгі қалалардың үйіндісі жатқанын анықталды. Дұрысы, ол төбелер — қалалардың моласы еді.

Вавилон солардың бірі болатын. Жиырма ғасырдай уақыт бойы құм бораң оны жасырып келген еді. Оның саз кірпіштен қаланған бекінісі езіліп, қайтадан сазға айналыпты. Бір кездегі ең бай Вавилон қаласы бар болғаны үйім саз болып кеткен. Бірнеше ғасырлық мәлімет жойылған, бірақ оның көшелерінен ғасырлар бойғы шөгінділер сылынған соң, адам көзіне ұлы тауханалар мен сарайлар бой көрсетті.

Көптеген оқымыстылар, бұл ойпаттағы Вавилон мен басқа қалаларға ған өркениет — адамзат тарихының ең ежелгісі деп есептейді. Ол жөнінде 8000 жыл бұрынғы ескерімдер пайда болған. Бәрінен бұрын оқымыстылардың бұл датаны анықтаған тәсілі қызығлықты. Вавилон үйіндісінен күн тұтылуына байланысты жазбалар табылып отыр. Астрономдар жазбада көрсетілген күнгұтылым уақытын есептеп шығарып, вавилондық және қазіргі күнтібенің байланысы анықталды.

Осылайша, 8000 жыл бұрынғы шумерлер бекінісі бар Вавилонда тұрған. Әйтпесе, бұл қалалардың тұрғыны бізден қанша ғасыр бұрын өмір сүргенін тек қана болжауға болар еді. Ол тұрғындар сол кездің өзінде-ақ бекініске тығылған жабайылар емес еді. Тарихтың

айғағына сенсек, олар адамзаттың алғашқы инженерлері мен жұлдызшылары, бастапқы математиктері мен қаржыгерлері, алғашқы жазбаға жүгінген сауаттылары болатын

Шеліркеген ойпатты суармалы жұмакка айналдырған олардың суару жүйесі туралы әңгімелеп те кеттік. Сол арықтар мен суарналардың қалдықтары әлі күнге дейін құм басса да айқын байқалады. Кейбір суарналардың шамасына қарап, олардың аңтарына бірнеше атты қатар өтетіндей әсер алуға болады. Аукымына қарағанда, олар Колорадо мен Юта штаттарындағы ең ірі суарналармен тайталаса алар еді.

Ойпатты суарумен бірге, вавилондық инженерлер алыптығы жағынан одан да кем түспейтін ірі жобалар жүзеге асырған. Құйтырқы құрғату жүйесінің інаркасында, олар Евфрат пен Тигр өзендерінің сағаларын құрғатып, енапат аумақты ауыл шаруашылығына жарамды етіпті.

Ежелгі грек саяхатшысы әрі тарихшысы Геродот гүлдеп тұрған шағында Вавилонға барыпты да, бізге шетелдік көзімен жалғыз ғана сипаттамасын мұра етіпті. Өз еңбегінде ол бізге бұл қаланың бейнесін сипаттап, тұрғындарының ерекше әдеттері мен салттары туралы жазып қалдырған. Ол жердің құнарын, бидай мен арпа дақылдарының ағыл-тегіл қырманын қайран қала атал өтіпті.

Вавилонның данқы өліпті, бірақ оның даналығы бізге жетті. Сонысы үшін оның жазуға құмар тұрғындарына қарыздармыз. Есте жоқ ескі сол заманда қағаз да әлі болмаған еді. Оның орнына Вавилон тұрғындары өз ойларын иленген саздан қалың парак жасай отырып, оған бітік жазбаларды ойып түсірді. Жазба түскен сазпарақтарды күйдіріп, пісірді. Олардың өлшемі 15x20 см және қалыңдығы 2см болатын.

Бұл саз парактар сол кезде қазіргі біздің хат жазғанымыздай, кеңінен қолданысқа түскен. Оларға аңыз, өлең, тарихи мәліметтер, патша жарлығы, меншікке деген құқық, қарыздық міндеттеме, тіпті шалғай қалаларға жөнелтілген хаттар да жазылған. Бұл сазпарактар олардың авторларының жеке тұмырларына көз тігуге бізге мүрсағ беріп отыр. Мәселен, саудагердің сазпарағында, бәленше деген сатықшы келіп, еңірін жеті қал бидайға айырбастағаны, оның үшеуі сол бойда, қалған төртеуі айтылған кезде берілетіні жазылыпты.

Археологтар қала үйіндісінде жақсы сақталған жүздеген, тіпті мыңдаған сазбітіктерден құралған бүтін бір кітапхана тапты.

Вавилонның кереметтерінің бірі оны қоршаған бекінісі болатын. Замандастарымыз оны «дүниенің жеті кереметіне» жататын Мысырдың ұлы пирамидасымен теңестірді. Қаланың бастапқы калыптасу кезінде Семирамида патшайым бекіністі салуға жарлық бергендігі жөнінде уәж айтылады. Қазба барысында оның бастапқы дуалының тізі табылмады. Сол кездегі айтылған уәжге қарағанда, бекініс биіктігі 15-тен 18 метрге дейін болғандығын қорытуға болады. Бекініс сырты күйдірілген кірпішпен қапталып, оның сыртынан су толтырылған ор айналыдыра қоршал тұрған.

Кейініректегі дуал қабырғасын тұрғызу шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 600 жыл бұрын билеген Набупаласар патша тұсында басталған сынайлы. Құрылыстың үлкендігі сондай — ол құрылыстың соңын көрмей дүниеден өтті. Бекіністі аяқтау оның ұлы Набуқаднасырға бұйырып, оның есімі Библия хикаяларына енгізілген еді.

Дуалдың биіктігі мен ұзындығы қайран қалдырады. Сенімді тарихи дереккөздер оның биіктігі 50 метрге жетеғабай болып, бүгінгі он бес қабат үймен биіктес болған

секиді. Бекіністің жалпы ұзындығы 14-18 шақырымды құраған. Дуалдың үстінгі бөлігінің жалпақтығы сондай – оның үстінен алты ат жегілген арба еркін өткен. Осы бір енапат құрылыстан бүгінде іргетас пен ордың үзіктері ғана қалған. Бекіністің құлауына күш салған табиғат алатынан басқа, өз құрылыстарына кіршіл тасыған араштар да қол тигізді.

Вавилон бекінісіне қарсы атышулы соғысы жеткілікті сол кездегі талай басқыншылар кезек пе кезек шабуылдады. Талай патшалар Вавилонды тізе бүктіруге тырысқанымен, әрдайым да нәтижесіз болды. Оған шабуылдаған әскердің санын шамадауға ғана болар. Тарихшылардың айтуынша, 100 мың атты, 25 мың әскери арбалы, әрқайсысында мың адамы бар 1200 жаяу әскер қарсы шыққан. Әскери жарақ пен шабуыл жолдарына қойма салу жұмыстары үшін соғысқа дайындық көбіне екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімді қамтыған.

Вавилон көбінесе, қазіргі қалаларға ұқсаған. Оның көшелері мен дүкендері болды. Кетіп сатушылар тұрғын маңдарда өт тауарларын ұсыпты жүретін. Абындар болса, өт ғибадаттарын зәңгі тауханаларда атқарды. Қаланың қас ортасында шікі дуалмен қоршалған патша сарайы орналасқан. Оның дуалы сыртқы бекіністен де биік болыпты.

Вавилондықтар аса шебер суретші әрі қолөнерші болған. Олар мүсін мен көрнек (картина) жасап, мата тоқыл, алтын бұйым өндірді, темір қару-жарақ пен шаруашылық құралдарын шығарды. Зергерлер көздің жауын алар әшекей жасады. Бай вавилондықтар моласын өз табылған олардың бірқатары бүгінде әлемнің жетекші мұражайларында көрсетілуде.

Адамзаттың қалған бөлігі ағашты тас балтамен соққылап жатқанда, аң аулап күн көріп, найза мен

жебелеріне шақпақ тас байлап соғысын жүргенде, вавилондықтар темір балта тұтынып, найза мен жебелеріне темір ұшық орнатқан еді.

Вавилондықтар сауатты қаржыгер әрі саудагер болды. Айырбас құралы ретінде олар акшаны бірінші болып ойлап шығарып, сондай-ақ, қарыздық жазба мен меншік құқығын бекіткен құжаттын алғашқы нұскасын дүниеге келтірген. Вавилон өзінің тарихында, біздің дәуірімізге дейінгі 540 жылды қоспағанда, бірде-бір басқыншыға тізе бүкпеді. Тіпті жеңілген күнде де оның бекінісі бұзылмаған күні қалып отырған. Вавилонның күйреуі де ерекше. Сол кездегі әйгілі басқыншы, парсылық Кир патша қалаға шабуыл бастайды. Вавилонның патшасы Набонид кеңесшілері оған қалалап шығып, бекініске қатер төндірместен, Кирге тойтарыс беруге ақыл береді. Вавилон әскері жеңіліп, қашады. Кир ашық тұрған қақпа арқылы Вавилонға емін-еркін басып кіреді.

Осы кезден бастап, Вавилонның қуаты мен келбеті құлдырай берді де, бірнеше жүз жылдан соң қала қанырап қалып, оның құландысы жел мен құмның құзырына берілді. Вавилон осылай күйреді де, одан кейін ешуақытта қайта қалпына келген емес, бірақ ол біздің қазіргі өркениетімізге көп нәрсе беріп кетті.

Аяусыз уақыт қанғар бекініс пен сарайларды шаңға айналдырды, алайда Вавилонның даналығы ғасырдан ғасырға көше бермек.

Ақша – бұл жер бетіндегі сәттілік өлшенетін құрал.

Ақша ең жақсы нәрседен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Қаржы табуды реттейтін қарапайым заңдарды ұғатындар үшін ақша ағыл-тегіл.

Бүгінгі ақша да, ежелгі Вавилонның көшелерін маңғаздана кезген байлар кезіндегідей, алты мың жыл бұрынғы заңға бағынады.





Баюды көксеген кісі

Вавилондық қос донғалақты арба жасайтын Бансыр шебердің ұнжырғасы түсіп кеткен. Аласа дуалға отырып алып, айнала шұлып еді, көзіне өзінің тоқат тамы мен қақпасы айқара ашық шағын шеберханасы түсті, одан әлі бітпеген арба көрінді.

Есік саңылауынан күйбендетен әйелі де көрініп қояды, оның анда-санда күйеуіне ұрлана қарап қоюынан, ет салынған қаптың да босағанын байқауға болады, демек, Бансырға балға мен балтаны алып, арбаның жактауына былғарысын керіп, арбаның бұдырын тегістеп, көркемдей бояп, ауқатты біреуге сату керек деген сөз.

Бірақ оның шымыр денесі орнынан қозғалар емес. Басты тұншалаған ойлар алуан мәселені көпсытып, оның бірде-біреуіне жауап табатын түрі жоқ. Оның үстіне, Еуфрат ойпатына тән ыстық күн де аяйтын емес, әр сәулесі жебедей қаладады. Шебер мойнынан сорғалаған тердің жүн басқан төсіне барып құйылып жатқанын да сезер емес.

Оның үйінің әрі жағында патша сарайын қоршаған сатылы дуал көкке ұмтыла түсетіндей көрінеді. Дуал жанында жайғасқан Ваала храмының алуан жарқын түске боялған мұнарасының ұшы аспан іреріп тұрғандай асқақ. Осы бір құдіретті көріністің

қалқасында барынша мыжырайған, қаптаған лашық үйлердің арасында Бансырдікі де өзінің орын теуіпті. Вавилонда барынша асқақтық пен бейшаралық көрініс қатар қоныстанып, көзге түрткен байлық пен жанарды жүдеткен жұпынылық ешбір жоспарсыз әрі жүйесіз былығы жайғасқан.

Егер ол айналаға көз салудан жалықпаса, байлардың сыңғырлаған күймелерін, сығылысқан сәнді шапатаалы саудагерлер мен жалаңаяқ кедейлерді көрер еді. Арбалы байлардың өзі патшаның аспалы бағын суару үшін меспен су тасыған құлдарға жол беріп, ығысқан бөлар еді.

Бансырда қаланың ығы-жығы тірлігіне назар аударатын хал жоқ, оның басы бірі кіріп, бірі шыққан ойлардан босар емес. Оны тек қана әлдебір ішекті аспаптың дыңғырлаған дыбысы селт еткізді. Ол жалт қараса, алдында ыржыған қалпы, өзінің күйші досы Қобби екен.

— Жаратқан жарылқасын, досым, — деп бастады Қобби өзінің жарқын сәлемін. — Шамасы шынымен де, солай болған секілді ғой, бос отырған түрне қарағанда. Сенін бұл жетістігіне жол болсын, тіпті оны бөлісуге де әйрмін. Сенін әмияның толы болды ғой, әйтпесе шеберханада ақ тер, көк тер бұлып жатар едің. Сондықтан одан да бейшара екі шекелді маған шығара ғой, төрелердің бүтінгі кешкі салтанатына дейін. Сен ол екі шекелдің өзіңе сол күйінде қалай оралғанын да байқамай қаласың.

— Менде екі шекел болса, — деп мәңгірледі Бансыр, — оны ешкімге, тіпті саған да бермес едім, өйткені менің барым да, нарым да сол бөлар еді. Ал бар байлығын кім береді, досым-ау.

— Не естіп тұрмың, осы мен?! — Қобби қайран қала лауыстады. — Әмияңыңда бірде-бір шекел болмаса не

істеп отырсың. дуалға орнатқан мүсінге ұқсап, ойбай-ау! Анау арбаны неге бітірмейсің?! Сен қалайша менің тәп-тәуір тәбетімді қанағаттандырмақсың, а?! Мына тұрысың саған ұқсамайды, досым. Сенің арындаған қуатың қайда? Сені қай албасты басты екен?

— Бұл мен үшін Жаратқанның сынағы болар, — деп келісе кетті Бансыр. — Бәрі де менің бір түс көргенімнен басталды. Қайдағы бір оңбаған түс кірді. Түсімде мен шылқыған бай болып кетіппін, белдігімде ақша толы әлемі шилан¹. Ондағы ақшаның көптігі сондай — кедейлерге тегін шашсам да бітпеді. Ішінде күміс ақша бар екен, оған не керектің бәрін алдым, тіпті әйеліме түрлі әшекей де сатып алыппын. Әмиянда толған алтын ақша да бар екен, оны болашаққа деп қойып, күмісін жұмсаудан қорықпадым. Мені қуаныш кернесі. Сол кезде мені көрсен — танымас едің, тіпті әйелімді де танудан қалар едің, шіркін! Оның беті тегістеліп, әжім қалмаған, қуаныштан жүзі елеуле пашады. Тура баяғы некетойымыздағы бақытты қалыңдық секілді.

— Айтарым жоқ, керемет түс екен, — келісе кетті Қобби. — Ендеше, неге осындай жайлы түстен соң, дуал түбіндегі құпиялас секілді қатып қалдың?

— Неге дейсің? Ояна келгенде, қабысқан әмияным есіме түсіп, жүрегім айнып кетті. Онан да түсімді бірге жорыық. Екеуміз де бір қайықтағы адамбыз ғой. Есінде ғой, бала кезде абыздарға барып, бірге оқығанымыз. Бірге ойладық. Есейе келе достығымыз жалғасты. Екеуміз де сағаттап тапқанымызды, мезеттеп жұмсайтынбыз. Сол кезде біздің табысымыз жақсы еді ғой. Енді міне, байлықты түсімізде ғана көретін болдық.

Енді айуан болмаған жеріміз қалды ма? Оның үстіне мекеніміз — әлемдегі ең бай қала. Айналамыз толған ырыс, береке, ал бізге содан бұйыратын емес. Жарты

¹ Шилан — белгісіз бекітілетін билары әмиян

ғұмырды бейнетпен өткізіп, босаған әмияныңды маған тосып, екі шекел сұрап тұрғанын мынау. Бұған қандай жауап болуы мүмкін, енді? Мен саған: «Ма, ала ғой, әмиянды. Сенімен қашан да бөлісуге даярмын» дедім бе? Жок, досым, менің әмияным да сенікіндей қабысып жатыр. Екеуімізге не болды? Бізде неге күміс те, алтын да жок, неге ішерге ас, киерге киім жок?

– Оның үстіне ұлдарымызды ойласақ, тіпті бас катады, – жалғастыра түсті Бансыр. – Олар бізді өкшелеп өсіп келеді ғой. Олар да, жанұялары да, олардың түп-тұқияндары да осылайша жұлыны ғұмыр кешпек пе, айналаны алтын басып жатқанда? Олардың да кешкі асы ешкі сүті мен сұлы ботқа болып қалмақ па?

– Бансыр, қанша дос болсақ та, сен мұндай әңгімені бұрын айтпапсың, – Қобби кәдімгідей абыржып қалды.

Мен бұрын бұлайша ойламаппын. Ертеннен кешке дейін осы өлкедегі ең жайлы арбаны істеп жүре беріппін. Жаратқанның мені бір күні байлықпен жарылқайтынына сеніп жүре беріппін. Оның болатын түрі жок. Ойлап тұрсам, олай болмайды екен. Жүрегім содан да еніп тұр.

Менің байығым келеді. Менде де жер мен малдың болуын қалаймын. Мен де үлбіреген жұқа киім киіп, әмиянда ақша сыңғыры болғанын тілеймін. Енді бойымда күш, басымда ми қалғанша, еңбегімнің еш болмауын қалаймын. Бізге не болды сонша, досым, айтшы? Жұрттың алтынга алып жатқан нәрселері бізге неге бұйырмайды?

Білсем, айтар едім, – деді Қобби. – Маған да жеңіл дейсің бе? Лирамен күй тартып тапқан ақшам сол бойда жұмсалып құриды. Ылғи да жанұям ашықпасын деп, сандалып жүргенім осы. Мен де өзімше, ансаған күйлерімнің бәрін тартатындай үлкен лира аспап

болғанын ойлаймын да жүремін. Ондай аспапты тартқанымда, патша да күйімді елтіп тыңдар еді.

– Иә, жақсы болар еді. Вавилонда бірде-бір кісі сен секілді күй тарта алмайды ғой. Сен күйлі құмбірлеткенде, патша түгіл аспандағы періштелер де елтиді емес пе?! Бірақ оған жетер күн қайда, екеуміз де патша құлдарына парапар тақыр келейміз. Қонырауды естідін бе? Әне, аналар да келеді. – Ол қат-қағар тізіліп, өзеннен сүрлеуді бойлап келе жатқан жартылай жалаңаш бойларын тер жуған су тасушы құлдарды нұсқалды. Олар бес қатарға тізіліп, су толы ауыр мекте көтеріп бүкшинген күйі тар көшеле қаптап келеді.

Аналарды айдап келе жатқан кісіге қарашы, – Қобби құлдар легін бастаған қонырауды кісіге қолын нұсқалды. – Тұлғасы да бар екен!

Құлдар легінде талай тұлға бар, – олар да біз секілді адамдар. Анау ақсарылары солтүс жактан. Қонырмай күстiлерi – көрiнiсiлерден. Бірақ бәрi де өзен мен бах арасында күн сайын, жылдан сандалып су тасып ғұмыр өткiзуде. Келешектерiнде жақсылықтың нышаны жоқ. Төсекке – саман бөстек, асқа – жартылай пісі дақыл. Бейшаралардың халi аянышты.

– Иә, аянышты-ақ. Былай қарағанда, бiздiң де осылардан айырмамыз бар ма? Тек қана бостандықтамыз.

– Оның рас. Қобби Басты тұнжыр ой баса түседi. Жылдарымды құлдық тiрлiкпен өткiзiм келмейдi. Илғи да жұмыс, жұмыс, жұмыс! Үзiлiс болсайшы бiр!

Бәлкiм, жұртқа алтынның қалайша бұйыратынын бiлу керек шығар, сосын соларша әрекеттенiп көрсек, а? – деп ұсынды Қобби.

Мүмкiн, бiр кiлтiпаян бар шығар. Сұрастырып көру керек екен, – деп қосталды ойлы жүзбен Бансыр.

Айтпақшы, мен бүгін ескі досымыз Аркатты көрдім. Алтын арбасында келеді екен. Басқалардай ол теріс қараған жоқ. Керісінше, менімен күлімсірей қолын бұлғап сәлемдескенін жұрттың бәрі де байқады. Өзі сондай кішіпейіл.

Жұрт оны Вавилондағы ең бай адам деп жүр ғой, - Бансыр толғана сөйледі.

Оның байығаны сондай тіпті қазынасы ортайғанда патшаның өзі де оған жүгінуіне тура келеді.

Қарай гөр, байлықтың қауқарын. Оны қараңғы жерде кезіктіре қалсам, дереу әмиянын сипап қаламын ба деп қорқам.

- Оның жай сандырақ, деді Қобби. Байлық белге қыстырған шиланда болмайды. Қандай қампиған әмиян да қабысады, егер оны толтырып тұратын алтын жылға болмаса. Аркат қаншама жомарттық көрсетсе де, оның әмиянын қабыстырмайтын табыс көзі бар.

Иә, табыс дегенін дүние ғой, - деп онымен келісті Бансыр.

Дуал түбінде отырғанымда болмаса шетел кезіп кеткенімде, менің әмиянымда ақша құятын табыс көзі болса ғой. Мұның жолын Аркат білуі керек. Балкім, ол менің топас басыма ұқтырар!

Меніңше, ол бұл ілімді өзінің ұлы Номасарға оқытқан болар. Ол Ниневияға барып, сондағы мейманханада тұрып-ақ, әкесінің ақылымен сол қаланың байларының біріне айналыпты.

Қобби, сен маған жақсы ой тастадың. - Бансыр жанарында ұшқын жылт етті. - Ескі дастан ақыл-кеңесті тегін алуға да болады ғой. Ал Аркат - біздің ортақ досымыз. Енді әмиянымыздың сұңқар құстың былтырғы ұясындай қаңырағаны басты қатырмауы керек. Байлықтың ортасында отырып, ақшасың жүруден

әбден жалықтым. Байығым келеді. Қански, Арқатқа барып, табыс табу жолын сұрайық

— Мен бірденені ұққан секілдімін. Бансыр. Біздің баю тәсілін неге білмей келгенімізді енді түсіндім. Біз оны мүлдем іздемеппіз. Сен Вавилондағы ең жақсы арба жасаумен жүріпсің. Сенің бар қабілетің соған жұмсалыпты. Сондықтан сенің байлыққа қолын жетпеді. Ал мен лираны ең озық тартушы болсам да, кедейліктен арылмадым.

— Кеттік, дәл қазір Арқатқа, — деді Бансыр. — Ауыртпалықта жүрген достарымыздың бәрін де шақырайық. Олар да үйренсін.

— Сен ылғи да менің таныстарымның ішіндегі ең ақылдысысың, Бансыр. Сондықтан сенің достарың көп. Айтқаның болсын. Қазір бәрін жинап барайық, ендеше.



Вавилондағы ең бай адам

Ежелгі Вавилонда Аркат деген асқан бай кісі болыпты. Оның байлығы туралы сыбыс барлық жерде аңызға берісіз әңгімеге айналыпты. Оның үстіне ол жомарттығымен атын әйгіледі. Ол садақа беруде де алдына жан салмапты, жанұясына да, өтіне де шығынданудан аянбаған. Соған қарамастан, оның табысы жыл сайын еселеніп отырыпты.

Бір күні оған бала кезгі достары жиналып келіп, былай дейді:

— Аркат, сен бізден гөрі жолың болған жігітсің. Сен Вавилондағы асқан байға айналдың, ал біздің үрерге итіміз, сығарға биігіміз жоқ, кедейміз. Сенің қалаған сәнді киімді киюге де, таңдаған ләззатпен рахаттануға да ықтиярың мол. Ал біздер жанұямызбен бойымызға табылғанын іліп, асқа бұйырғанын пішіп жүрлеп жайымыз бар.

Бірақ бір кезде бәріміз де бірдей едік қой. Бәріміз де бір ұстаздан тәлім алдық. Ойнағанымыз да бір ойын. Сенің оқуда да, ойында да бізден озық болған кезің болмады. Соған қарамастан, сен соңғы жылдары қаладағы аса құрметті тұрғын болуға бізден гөрі бұрын қол жеткіздің.

Сенің бізден артық еңбектеніп жерің жоқ, жұмысың да біздікінен гөрі қиын емес. Ендеше, қанша тілсесек те, тырбынсақ та, бізді емес, баянсыз бақтың барлық ырыс пен ләззатқа бөленетіндей сені ғана таңдағаны қалай?

Алайда Архат оларға мына сөздермен қарсы шығыпты:

Егер де сендер бәріміздің өспірім шағымыздан кейінгі тұмырларыңда тек қана бейшара тірлікке сәйкес табыс тапсандар, онда сендер байлық пен бақты қолдыратын заңды білмегендерің, болмаса оны ұстанбағандарың.

Бак дегенім — аса қатаң да, ешкімге де тұмыр бойы тұрақтамайтын ырыс. Керісінше, ол еңбек сіңірмей алтынмен алталған кез келген адамды күйретеді. Ол қалталылардың талайын керексіз шығынға жолықтырып, көп ұзамай, олардың таусылмайтын сұралысы пен қажетін өтеусіз қалдырады. Ал кейбіреулері жұққан байлығын соншама тықпалап, шығынға барынша сараң болып, жұмсалғанның орнын толтырумен күндерін өткізеді. Мұның үстіне олар өмірлерін тонаушылардан қоркумен өткізіп, қонған бак пен ырыстың рахатын көруден қалады.

Еңбек етпей тапқан алтынды тұмырының соңына дейін еселеп, бакыт пен рахатқа бөгіп өтетіндер де бар. Бірақ ондайлар мейлінше аз, олар тұралы естиегім болмаса, кездестірмедім. Кездейсоқ бай мұраға не болғандарды еске алдыңдар да, менің айтқаным ханшалықты дұрыс екенін ойланып көріңдер.

Архаттың достары мұрадан байыған атақтыларды еске алды да, оның айтқандары бұлжымайтын шындық екеніне көздері жетті. Енді олар Архаттың өзінен осыншама байлықты қалай жиганын айтып беруді сұрады. Архат бөлсе, сөні әрі жалғады.

Жас кезімде бакыт пен ырыска жолықтыратын біршама нәрсе көрдім. Бірақ оларға не болуға тек қана байлық жардемдесетінін ұқтым. Байлық – алапат күш. Оның көмегімен көптеген нәрсені болдыру ықтимал. Үйінді ең әдемі жиһазбен сәндеуге болады. Тенізде жүзіп, талай жерді аралау да соның аркасында мүмкін. Ондайда кияндағы елдің таңсығынан да рахат табасың. Зергерлерден таңдап жүріп ең керемет әшекей де сатып аласың. Заулім тәухана (құлшылық үйі) да тұрғызасың. Жаның қалаған, сезімің іңхәр талай нәрсені істеуге әбден болады.

Осының бәрін ұққан соң, мен өмір игілігінен өз нәсібемді алуды шештім. Өзгелердің рахатын қызықтаудан бас тарттым. Алба-жұлба киімді жаратпасам да, өзіме лайық киінуді мақұл көрдім. Кедейдің тағдырына көндіккім келмеді. Мына өмір тойына қонақ болғым келді.

Өздерің білетіндей, мен кедей сатушының ұлы едім, жанұямыз үлкен болды да, мұрадан үміттену орынсыз еді. Өздерің айтқандай, дарынды қабілетіммен ерекшелене алмағасын, ойлағанымға не болу үшін маған уақыт пен білім керек деп шештім.

Уақытты алсақ, ол менде де басқалардағыдай ағыл-тегіл еді. Баю үшін уақыт сендерде де барынша жеткілікті болғаны рас қой. Бірақ сендердің бір ғана мадақ тұтатындарың жанұя ғана екенін өздерің де айттындар.

Білімге келсек, оның екі түрі болатынын біздің дана ұстазымыз айтты емес пе: біреуін біз мектепте аламыз, ал келесісі біздің өмірлік тәжірибемізден туындайды.

Сондықтан мен байлықты қалай жыюды білім келді және оны өзіме міндет қылдым. Төбемізде күн сәулесі барда өмірдің рахатын көрудің несі ерсі? Көлекке

дүниеге аттануға тура келерде уайым мен қайғының өзі келеді ғой.

Мен жазбалар бөлімінде жазғыш болып жұмысқа тұрдым. Сөйтіп, күн сайын сазпарактын² бетін шимайлаумен сағаттар бойы бел жазбадым. Солай еңбектенумен апта артынан апта, ай соңынан ай өтсе де, табысым такүл-тұқыл болып дінкем құрылды. Ас та, киім де, садака да, басқасы да тапқанымды жұтты да тұрды. Бірақ баюды ешқашан да естен шығармадым.

Бір күні кала әмірінің үйіне өсімгер³ Алғамыс келді де, маған Оныншы заңды сазпараққа жатып беруді тапсырды да, былай деді:

— Маған бұл заң екі күннен кейін керек. егер жұмыс мерімде орындалса, мен саған екі жез бақыр⁴ берем.

Мен болсам, барымды салдым, бірақ заң шұбатылған шұлғаудай ұзақ еді. Сөйтіп, Алғамыс екінші рет келгенде заң дайын болмады. Ол бұлқан-талқан болып, маған сонша ренжіді, егер де оның құлы болғанымда, мені быт-шыт етіп сабап тастар еді. Бірақ менің кала әкімін арқа тұтатыным болғандықтан, одан тайсалмастан былай дедім:

— Алғамыс, сен аса бай адамсың. Баю жолын маған да айтып берші, мен түні бойы бел жазбастан, заңды сазпараққа түсіріп берейін.

Ол күлімсіреді де, былай деді:

— Сен нағыз алаяқ екенсің, бірақ мен бұл ұсынысқа келісем.

Түні бойы мен бүкірейген күйі жұқалтақ саз кірпішшелерге заң жырып жазумен болдым, білтешамның нісінен басым қақырайтындай ауырды.

² Сазпарақ — ежелгі Вавилон жазбалары түсірілген жұқа кірпіш.

³ Өсімгер — ежелгі Вавилондағы қарызға ақша беретін не ақшаны салымға алып еселеуді.

⁴ Бақыр — темір ақша.

көзім бұлдырап, көрместей хал кештім. Дегенмен талсырымшы таң ата келгенде, сазға түсірілген заң әзір болды.

— Ал, енді, — дедім, — берген уәде бойынша, маған айтарыңды жайып сал.

— Сен мәміле бойынша өз шартыңды орындадың, ұлым, — деді ол жұмсақ дауыспен, — мен де өз уәдемде тұрайын. Мен саған керек жайтты баяндайын, онсыз да қартайдым, қарт адам шешенсуді ұнатады. Ал ақылдасуға келген жастар бойларына даналықты сіңіреді. Бірақ көбіне жастар даналық жас баса қонатын касиет деп ұғады да, оған жас кезде мойын бүрмайды. Мынаны еске сақта: сәуле шашып тұрған күн, сенің әкен туганда да солай болып тұрған, сенің шөбереннің соны о дүниеге жөнелгенде де, осындай күн болып қалмақ.

«Жастардың ойы, — деді ол, — аспанды тигізіп аққан құйрықты жұлдыз жарығы секілді, ал қарияның даналығы — мәңгі өшпейтін жұлдыздар жарығындай, теңізде жүзгендер оларға қарап бағдарын түзейді.

Менің сөздерімді есте сақта, әйтпесе өзіңнің түнгі жұмысың бекерге атқарылғандай өкінетін боласың».

Ол маған жүндес қабағының астынан жанаарын тіктеп қарады да, қоңыр дауыспен былай деді:

— Мен байлыққа барар жолға, *тапқан ақшамның бір бөлігі өзіме тиесілі болғанда ғана тұстім*. Ол сенің де қолыңнан келеді. — Ол көкірек тесердей қатқарасын қадай түсті де, оған әрі үндей қоймады.

— Болғаны осы ғана ма?! — дедім мен. Тапқан ақшамның бәрі де, онсыз да менікі емес пе?

— Тіпті де олай емес, айналайын, — деп қарсыласты Алтамыс. — Тігіншіге төлемейсін бе? Ал етікшіге шапата тіккені үшін ше? Ал ішкен асына кім төлейді? Вавилонда шығынсыз тіршілік етпейсің ғой. Соңғы айда

тапқан ақшаның қаншасын осылайша шығындадың? Ал, жыл бойына? Ақымақсың! Сен өзіңнен басқаның бәріне төлейсің, соны білесің бе? Осылай тапқан ақшаң басқаларға кетіп жатыр ғой. Ендеше, солай жалғастыра бер – құлықынның құлы болып, қожайынның ас пен киімге берген пұтымен шектеліп. Егер де сен тапқан ақшаның оннан бір бөлігін өзіңе қалдырып отырсаң, он жыл ішінде қанша жинар едің?

Мені есептен алған сабағым ұялған жоқ, жылдам жауап бердім:

— Бір жылда тапқан табысқа тең болар еді.

Бұл дұрыс жауаптың бір бөлігі ғана, – деп ол қарсылығын тағы білдірді. – Сен жинаған әрбір алтын бақыр, сенің құлың болады да, саған жұмыс істей бастайды. Ол әкелетін әрбір жез бақыр сенің құлыңның ұлы ретінде саған тағы еселей жұмыс істеуге кіріседі. Егер де байып кетіп жатсаң, жинағыңның бәрі саған қосыла жұмыстану арқылы сені құмыр бойы тілеген байлыққа кенелтеді.

Сен мені түнгі жұмысын үшін алладым деп есептейсің бе? Шын мәнінде, мен саған мың есе көп ақы төледім, егер де сен менен ашқан құпиямды ұға алсаң.

Сен тапқан ақшаның бір бөлігі ғана саған тиесілі. Бұл бөлік табыс мөлшеріне қарамастан, кемінде оннан бір бөлігін құрауы керек. Әрине, одан да көп бөлігін өзіңе арнауға болады, егер де сенің жағдайың оны көтерсе. Табыс тапқан күні ең алдымен өзіңмен есептескен жөн. Тігілшіге де, етікшіге де өзіңмен қалғанымен ғана есептесуге дағдылан. Соның ішінен, асқа да, садақаға да, қайырымға да қалдыруды ұмытпа.

Байлық гиттей тұқымнан жайқалатын ағаш секілді. Өзің үшін сақтаған алғашқы жез бақыр, кейін өсіп шығатын байлық ағашының тұқымы болмақ. Несірлім

сол тұқымды тезірек ексең, соғұрлым тезірек байлық ағашы көгеріп шығады.

Ыждағатпен жинақтау арқылы неғұрлым оның топырағын тыңайтып, суарған сайын, оны көлеңкелеп, рахатына соғұрлым тезірек бөленесің.

Осыны айтты да, ол өзінің сазжазбаларын алып кетіп қалды.

Мен оның айтқандары туралы көп ойлана келіп, шынында да әлдебір мәннің барын байқадым. Сөйтіп, не болса да іске кірістім. Әрбір тапқан ақшамның оныншы бөлігін алып, жинай бердім. Бір қызығы, одан менің жағдайым нашарламады. Мен, тіпті бұрынғы халымнан айырмасын аңғармадым.

Алайда жинағым өскен сайын, оны финикейлер жерінен артынып келген саудагерлер ұсынған әлдебір затты алуға құмарттым да тұрдым. Бірақ ақылға жеңдіріп, әлгі алдамшы құмарлықтан өзімді құтқарып отырдым.

Ол екі ай өткен соң Алғамыс бір күні келді де, былай деп сұрады:

Қане, ұлым, айта ғой, соңғы жыл бойы табыстың оннан бір бөлігін өзіңе төледің бе?

Иә, ұстап, — деп маңғаздана жауап бердім.

Бұл жағымды жайт екен, — деді ол маған тесіле қарап. — Ол ақшанды не істедің?

Ол жинақты мен Тир қаласынан бағалы да сирек финикей тастарын сатып әкелуге Азмұр кірпішішіге берген едім. Ол тасты алып келсе, қымбатына сатып, табысты бөлісуге келіскенбі.

— Ақымақ, саған әлі де ақылды бола түсу керек екен, — күбірледі ол. — Сен неге қайдағы бір кірпішішінің асыл тас сәулалай алатынына сендің? Немесе, сен кірпішішіге барып, жұлдыздар жөнінде ақыл сұрар ма едің? Басыңда түйірдей ақыл болса, жұлдызшыға барар едің. Жинағын

жоғалды деп есептей бер, шырағым. Сен өзіннің байлық ағашынды тамырымен қопарып тастадың. Енді саған басқасын отырғызуға тура келеді. Тағы біреуін егіп көр. Келесіде саған асыл тас жөніндегі кеңес керек болса, зергерге бар. Егер де қой жөнінде білгін келсе, шопанға бар. Кеңестің құны түкке тұрғысыз, бірақ сен кеңесшілерге іске жарамды кеңес үшін барғанын жөн. Оның үстіне, түкке тұрғысыз да биліксіз кеңеске құлақ асқандар барлық қаржысын құрбан етуі ықтимал, – деді де ол кетіп қалды.

Шынында да оның айтқаны айдай келді. Финскейліктер алаяқ болып шықты. Азмұрға асыл тасқа ұқсас пайдасыз шыны сынықтарын беріп алдап соққан. Бірақ мен оған мойымастан, Алғамыстың кеңесіне сәйкес табысымның әрбір оныншы бөлігін қайтадан жинауға кірістім. Оның үстіне, мен оған машытып алдым, енді өзім үшін қор жинау оңай болды.

Бір жылдан соң Алғамыс жазғыштар бөлмесіне кіріп келді де, маған бұрылып:

– Кане, баянда, соңғы рет көріскелі бері не бітірдің?

– Мен өзіме ұқыпты түрде төлеп келдім, – дедім, – сосын жинағымды қалқан жасаушы Аккар шеберге қола сатып алуға костым. Ол маған төрт ай сайын үлесімді төлеп келеді.

– Онысы жақсы екен. Ал сен түскен үлестіңді не істеп жатырсың?

– Мен дәстарханға бал мен нәзік шарап қойып, бұрышты тандыр шашып үлкен той жасадым. Өзіме сәнді шалпап сатып алдым. Енді келесі жолы есек алып мінуді жоспарлап жүрмін.

Алғамыс рахаттанғанын күліп алды да:

– Сен өз жинағыңның балаларын қырып салған екенсің. Енді олар саған қалай жұмыс істейді? Және саған қыммет ететін олардың балалары қалай тұмақ?

Ең әуелі өзіне қызмет ететін алтын құлдардан әскер жасақтау қажет, сосын барып, алаңдамастан өзіне той-думан жаса, — деді де, тағы да кетіп қалды.

Содан кейін оны мен екі жыл бойы көрмедім. Бір күні тағы кезіктірдім, жүзін терең әжім басыпты, жанары жасаурай береді, нағыз қарияға айналыпты, жарықтық.

— Арқатжан, армандаған байлыққа қол жеткіздің бе? — деп сұрады ол.

— Жеткенім әлі де жеткіліксіз, — бірақ жинағаным біршама, ол қор маған күн өткен сайын ақшамды еселеуде.

— Ал сен әлі күнге кірпішшінің кеңесіне тәуелдісің бе?

Ол маған кірпіш басу жөнінде ғана жақсы кеңес береді, — дедім.

— Арқат, сен өзің керек сабақты жақсы меңгеріпсің, — деп жалғады сөзін ол. — Сен әуелі жалақыңнан аз ақшаға тірлік еттің, сосын кеңесті тек қана біліхтіден алуды үйрендің. Ақырында, өзіңе тиесілі алтынды өзің жұмыс істетулі меңгеріпсің.

Сен ақша жинауды, оны сақтауды әрі оны жұмсауды игердің. Енді сен үлкен іске әзірсің. Мен болсам, қартайдым. Ұлдарым болса, дайын ақшаны жұмсауға ғана құмар, молайтуды ойлар емес. Өзімнен кейін не боларын ойласам, шошынамын. Сен Ниппурға бармайсың ба, менің жерімді қалағалауға? Мен саған үлесінді табыстай да, мұралай да беремін.

Сөйтіп, мен Ниппур қаласына барып, бай қарттың алып иелігін меңгеруді қолға алдым. Байлықты еселеудің үш заңын біле жүріп, мен ол иеліктің құнын арттыра білдім. Аламыстың жаны бакиға аттанар кезде, ол маған куәлардың көзінше менің үлесіме сай тиесілі мұрасын қалдырып кеткен еді.

Аркат өз әңгімесін бітіргенде, достарының бірі былай деді:

Сенін жолың болғанда, сені алпауыт Алғамыс өзінің мұрагері етті ғой.

– Менің жолымның болғаны сол – менің онымен кездескенге дейін баюға ұмтылғаным еді. Мен оған төрт жыл бойы өзімнің мұратыма жететінімді дәлелдедім емес пе? Төрт жыл бойы балықтың қабу тәсілін зерделеп, жел бағытының құбылуына қарамастан, ауды тиісті жерге құра алатын адамды қалай жолы болғыш жан деп есептейсің? Сәттілік деген – тәкаппар пері. Ол әзірліксіз адамға уақытын кетірмейді.

– Сенін ерік-жігерің мықты екен. Бір істі қайтадан бастауға дәтін шыдады ғой.

– Ерік-жігер дейсін бе? Бос сөз. Түйе де көтере алмас жүкті көтеруге болмаса өгіз тарта алмас арбалы жүкті тартуға ерік адамға қуат бере ме? Ерік күші дегеніміз – бар болғаны айдаушы ғана, менің алдыма қойған міндетті орындауға итермелер камшы. Алдыма түкке тұрғысыз мақсат қойсам да, оған мен қалай да жетем. Әйтпесе, мен мұндай байсалды істерге өзімді салмас едім. Егер мен өзіме «Жүз күн бойы қалаға көпір бойымен кірерде жолдағы тастарды өзенге лақтыру керек» деп уәде етсем де, оған ойланбастан кірісер едім. Егер де жетінші күні тас лақтыруды ұмытып кетсем, өзіме: «Ертең бірден екеуін лақтыруым керек» деудің орнына, кейін бұрылып барып, бәрібір тастар едім. Ал жиырмасыншы күні өзіме өзім: «Аркат, жетер, пайдасыз іс қой. Күн сайын тасты шимирғанда, не бітеді? Одан да бірден жинап алып, лақтыр да тынсайшы» демес те едім, олайша тас та лақтырмас едім. Егер мен алдыма міндет қойсам, оны орындамай қоймаймын. Сол себепті алдыма күрделі де орындалмайтын мақсат қоймаймын.

Екінші досы тұрды да былай деді:

Сенін айтқанын рас болса және ол сондай жеңіл болса, неге айналада кедейлер толып жүр?

- Адамдар еңбегін салса ғана байлық көгере түседі, - деді оған Аркат. - Егер бай өзіне жаңа сарай салса, оған жалатылған алтын жойылып кете ме? Жок. Өз үлесін кірпішші де, қалаушы да, суретші де алар еді. Құрылысқа еңбек қосқан әр адамның өз үлесі бар. Ал сарай дайын болғанда, оның құны салынған қаржыдан кем бола ма? Ал сарай тұрғызылған жер мен оның маңы баға жағынан қымбаттамай ма? Байлық әлдебір сиқырлы жолдармен еселене түседі, ол жолдар ешкімге де мәлім бола бермейді. Финкейліктер өздерінің ірі қалаларын кемелермен тасыған байлықтың арқасында бетпак далаға салып алған жок па?!

Ал енді біздің де баюымызға керек кеңесті сен қалай берер елін? - деп сұрады үшінші дос.

Жылдар болса, жылжып өтуде. Ал біз қартай түспекпіз, күтуге уақыт жок.

Алғамыстың даналығын пайдаланыңдар, әрі өздеріңе былай серт берген жол. «Мен тапқан табыстың бір бөлігі өзіме тиесілі». Сосын табыстарыңның бір бөлігін жинай беріңдер. Ол табыстың кемінде оннан бір бөлігі болғаны мақұл. Бұл үшін барлық шығынды төлеген дұрыс. Бірақ аллымен өз үлестеріңді бөліп алыңдар. Көп ұзамай, оның соншалықты жанға жайлы әрекет екеніне көздерің жетеді - қолдарыңда өз мүдделеріңе ғана жарататын қаржы қорланады. Қаржы молайған сайын сезімдерің семіре түседі. Өмірлеріңнің мәні артады. Сендер барған сайын көбірек қаржы табуда мүдделі боласыздар, сол кезде өздеріңнің үлестерің де молаяды.

Содан соң қорланған қаржының өздеріңе жұмыс істеуіне әрекет керек. Жинақты өздеріңе құл ете білу

қажет. Олар балалайтын болсын, ал ақша-балалар да балалауға кірісуі керек, сөйтіп, олардың барлығы жиылып, қожайын игілігіне қызмет етуі тиіс.

Өз келешектеріңді қамтыңдар. Қарияларға назар аударып, уақыт келгенде сендер де сондай болатындарыңды ескеріңдер. Сондықтан ақшаны іске абайлап салыңдар, ол құнсызданып не жойылып кететіндей болмасын. Ақшаны қарызға беру — теңіз кешкен аңғал сапаршыны жартасқа соқтыратындай алдамшы жайт.

Әрине, о дүниеге де алаңсыз түрде артта қалған әулетіңіз кедейлікке ұшырамауын қамти аттапқан жөн ғой. Ол үшін ыңғи да айдаған соманы жиып отыру керек.

Ыңғи да білікті сарапшылармен кеңескен жөн. Кеңесті күнделікті ақшамен жұмыс істеп жүрген кісілерден алу керек. Олар сендерді бір кезде кірпішші Азмұрға ақшамды сеніп тапсырған менің басымнан кешкен қателікке ұрынудан сақтасын. Ақшаны тәуекелге тастағаннан гөрі, сенімді адамға шамалы пайызбен аманатқа тапсырған дұрыс.

Тірі кезде өмірдің қызығына қуанған ләзім. Ақшаны көпиратып көп жинауға ұмтылмандар. Табыстың ойнап бір бөлігін сақтау жеңіл болса, соған қанағаттанған мақұл. Табысқа сай тірлік кешіп, ақша жұмсаудан тартынбаған абзал. Қызыққа толы кезде өмір сондай жанға жайлы.

Арқаттың достары оған алғыстарын жаудырды да тарасты. Кейбіреулері томаға гұйық қалды, өйткені көп нәрсені түсіне қоймаса керек. Бірқатары сонша бай адамның өз құпиясымен бөлісе қоюына күдік келтіргендіктен сене қоймады. Дегенмен кейбіреулерінің көздері ұшқын шаша бастады. Олар Алғамыстың әрбір келісі адамның түнектен жарыққа жол табу сәтін бақылағаны екенін жақсы ұқты. Егер

ол адам жарыққа жол тапса, онда ол тек қана әзір болғандығынан еді.

Аркатқа, әсіресе соңғы топ қана келгіштеді. Ол болса, достарын қуана қарсы алып, оларға бай тәжірибесін бүкілсіз жеткізді. Алған биліктерін достары өз жинақтарын сәтті салым етуге пайдаларына жарағты, олар қорланған ақшаларын босқа жұмсамай, құнсыздандырмай, сенімді табыс көздеріне ие болысты.

Бұл адамдардың өміріне сәуле шапқан жарқын күн әуелі Алғамыстың Аркатқа, ал Аркаттың соларға берген даналықты бойларына сіңіруден басталған еді.

СЕН ТАПҚАН ҚАРЖЫНЫҢ БІР БӨЛІГІ ҒАНА ӨЗІҢЕ ТИЕСІЛІ



Қабысқан әмиянның жеті дауасы

Вавилонның даңқы мәңгі өшпес. Талай ғасырды аралап, бізге қаптаған ежелгі қалалардың ішінен оның өлшеусіз қазынасы туралы дерек жетіп отыр.

Бірақ ылғи да бұлай бола бермеген. Вавилонның байлығы оның тұрғындарының қаржылық сауатының нәтижесі еді. Оларға әуелі байлыққа жету жолын менгеру керектігі алдарында тұрды.

Вавилонның ұлы патшасы Саргон Эламмен арадағы соғыстан қайтқанда, ол ауыр жағдайға душар болды. Бас уәзір оған мынаны баяндады:

— Ұлы патша, көп жыл бойы су арналары мен тәулім тәуханалар тұрғызған кезде ел гүлдене дамыды. Енді бұл құрылыстардың бәрі біткенде, халық сол ауқатынан ажырап қалды. Жұмыссыздар көбейді. Саулагер үшін сатықшы (сатып алушы) сиреді. Дихандар болса, астығын сата алмай әуре. Тұрғындарда өлдеріне керек азықты сатып алатын алтын жоқ.

— Ау, құрылысқа жұмсаған ағыл-тегіл алтын қайда кетті? — мазасыздана сұрады патша.

— Алтын өз жолын тауып сонымен ағып кетті, — деді уәзір. — Алтын қоры сүзгіден өткен ешкі сүтіндей, халықтың қолынан сусып, ат төбеліндей топтың әмиянына көшті. Одан әрі алтынның ағысы іркілді.

Патша ойланып алды да, былай деді:

– Неге аз ғана топтың қолына алтынның бәрі шоғырланды?

– Өйткені ол топ солай істеуді білгендерден құралған, – деп жауап берді уәзір, – Оларды табысқа жету үшін итергендері үшін жауаптай алмаймыз. Сондай-ақ олардың байлығын қабілетсіздер мен қаржылық сауаты төмен адамдарға бөліп беру де әділетсіз болар еді.

Неге олай дейсің, – деді патша, – неге жұрттың бәрі сол сауатты менгеріп, байи алмайды?

– Ол әбден мүмкін, ұлы мәртебелі. Бірақ кім оларды оқытып шығарады? Абыздар ма? Олар қаржы ісін білмейді ғой!

– Баю жолын қаламызда ең жақсы білетін кім бар? сұрады патша.

– Бұған жауап өзінен өзі туындайды, ұлы мәртебелі. Вавилон қазынасының ең мол қорын иеленген кім?

– Оның дұрыс. Ол – Аркат кой Вавилондағы шылқыған бай – сол. Оны ертең менің алдыма келтіргін.

Ертеңіне патша бұйырғандай, Аркат бай алғи патшаның алдында тұрды. Оның бойы тіп-тік, жетпіс жасына карамастан, рухы асқақ еді.

– Аркат, – деді оған патша, – сенің Вавилондағы ең ірі бай екенің рас па?

– Солай дейді ғой жұрттың бәрі, ұлы мәртебелі.

Ендеше, сен қалай соншалықты байыдың?

– Мен данқты қаламыздың кез келген тұрғыны қол жеткізе алатын мүмкіндіктерің ғана пайдаландым.

Сонда сен, қолыңда ештеңе болмай тұрып бастадың ба?

Баюға деген үлкен ынта болса – болғаны. Басқа ештеңе де керек емес.

– Аркат, – сөзің жалғайды патша, – қаламыз ауыр халды бастан кешуде, өйткені баю жолын аз ғана

топтың білгені болмаса, көпшілік қаржы қорландыруды білмей, күйбек тіршілік кешуде. Мен Вавилонның әлемдегі ең бай қалаға айналуын қалаймын. Ол үшін бізде жұрт ауқатты болу керек екен. Демек, тұрғындарға баю жолын үйрету керек. Айтшы, Аркат, осы байлыққа жетудің қандай құпиясы бар? Оны білудің жолдары бар ма?

— Оны білу әбден мүмкін, ұлы патша. Ол ілімді игерген адам басқаларға да үйрете алады.

Патшаның жанары қуаныштан жарқ етті.

Аркат, сен менің естігім келген сөзді айттың. Осы ұлы істі қолға алсаң хайтеді? Сен бұхараны оқытатын топқа өз білігіңді бересің бе?

Аркат иілді де былай деді:

Сізге қызмет етуге әзірмін. Өз білігімді отандастарыммен бөлісіп, даңқыңыздың артуына үлес қосамын. Сіздің кеңесшіңіз жүз адам сыырлық маған орынжай әзірлесін. Мен әлгі топқа өз әмиянымды толтыруға септік еткен жеті сабағымды берейін де, Вавилондағы әмиян біткенінің толуына үлес қосайын.

Бір апта өткесін, патшаның жарлығымен іріктелген жүз адам барын киіп, Білім сарайының үлкен бөлмесіне алқа қотан отырды. Аркат бөлмеге жұпар иіс тарататын тұтатқылшың жанына жайғасыпты.

— Қарай гөр, мына Вавилонның басты шонжарына, деп қасындағысының бүйірін күртіп жағыр жиналғандардың бірі, — Бізден айырмасы жоқ қой.

— Мен сіздердің алларыңызда біздің ұлы патшамыздың жарлығы бойынша тұрмын, — деп бастады Аркат. — Бір кезде мен де мол байлықты ансаған кедей жігіт едім, сол арманға қол жеткізген ілімді тауып, дегеніме жеттім.

Өз өмірімді жолшылықпен бастадым, сендерден де, Вавилонның басқа кез келген тұрғындарынан да айырмам болған емес.

Менің алғашқы байлығымның қоймасы жұлым-жұлымы шыққан әмияным еді. Оның қабысқан түріне қарап жыным келетін. Мен оны толтыру жөнінде ішкім қабылдап, ішінде алтын теңгелердің сылдыры болуын қаладым. Сол себепті, ол үшін барлық сайманды іздеп бақтым. Ақыры, оның бір емес жетеуін таптым.

Сендерге мен бүтін бос әмиянға арналған жеті дауаның сиқырын ашып, оны алтынмен апталғысы келетіндерге ұсынамын. Бір апта бойы күн сайын сендерді осы дауалардың біреуімен таныстырамын.

Менің айтқандарымды қалт жібермей тыңдаңдар. Айтылғандардың бәрін де бірге талдаймыз. Оны өзара талқылаңдар. Қысқасы, әмияндарыңа байлық тұқымын себетін бұл сабақтарды жақсылап игеріңдер. Сендер ең ауелі игілікті жеке бастарыңа жасауларың керек, содан кейін, өздерің игеріп болған соң ғана бұл ілімге өзгелерді сендіріп, оларға сөңіре аласыңдар.

Мен сендерге әмиянды толтырудың қарапайым тәсілдерін үйретемін. Бұл алғашқы саты болмақ. Байлық шыңының бастапқы сатысын баспай тұрып, оның құтар басына бірде-бір адам шыға алмайды.

Ал енді алғашқы дауа туралы сөйлесейік.

БІРІНШІ ДАҒА



Әмиянды қампита баста

Архат екінші қатардағы тұнжыраған кісіге қарап:

Айтшы, қайырымды дос, сенің кәсібін не? – деді.

Мен жазғышпын. Сатпарактарға жазба түсірумен шұғылданам.

Мен де дәл сол кәсіппен әлі әшкі бақырды тапқан едім. Демек, сенде де игілікке дәл солай жету мүмкіндігі бар.

Енді ол әріректе отырған қызыл шырайлы кісіге қарай сөйледі:

Сен айтшы, қалай нан тауып жүрсің?

– Мен қасапшымын, – деді ол. – Шаруалардан ешкі сатып алып, соямын да сатамын, ал терісін етікшілерге сауда қыламын.

Егер сенің жұмысың тұрақты болып, ақша таба білсең, жетістікке мен секілді жетесің.

Осылайша Архат жиналғандардан олардың кәсіптерін біліп шықты. Сұрап болғасын, ол былай деді:

Көрдiңдер той, шәкірттер, ақша табатындай мамандық та, кәсіп те жетеді. Қаржы табудың әрбір тәсілі – еңбеккердің өз әмиянына бұрып алатындай алтын жылға. Әрқайсықның әмияның арқылы ақша ағыны жүреді. Оның тасқынды болу-болмауы өздеріңе байланысты. Келіссiңдер той бұған?

Бәрі де басын изеді.

- Бірақ та, әрқайсың байлыққа ұмтылсаң, онда өзлерің бастаған сол байлық көнінен бастаған мақұл емес пе?

Олар тағы да бас изесті.

Енді Аркат, өзін жұмыртқа сатушы ретінде таныстырған ұялшақтау кісіге назар аударды:

- Егер де себетке таңертеңгісін он жұмыртқа салып, кешкісін тоғызын ғана алып отырсаң, не болар еді?

- Уақыт өте келе жұмыртқа сыймай кетер еді.

Неге?

- Өйткені, күн сайын мен алғаннан төрі салған жұмыртқа бір санға артық қой.

Аркат жиналғандарға күлімсірей қарады:

Қане, кімнің әмияны бос?

Отырғандар бір-біріне маңасыздана қарады да ду күлді, бәрі де әмияндарын алып, онын бос екенін бұлғай көрсетті.

Жарайды. - сөзін жалғады Аркат. Ал енді сендерге мен бос әмиянды емдейтін нәрсе туралы айтып берейін. Жұмыртқа сатушыға айтқанымды ауызқымай істеңдер. *Әмиянға түсетін әрбір он теңгенің өз қажеттеріңе тоғызын ғана жұмсаңдар. Әмиян барған сайын қампия түседі де, оның толыққаны жаныңды жадыратады.* Мұны істеу жай ғана нәрсе деп ойлайсыңдар ма? Ақиқат әуелден-ақ қарапайым. Мен сендерге қалай байығанымды айтуға уәде еттім. Сендер, менің бақша кірісуім де, дәл осылай басталды. Мен де қабысқан әмиянды ұстаған сайын оны қарғап-сізеп жүрдім. Өйткені онда менің қажетімді өтейтін ештеңе болмайтын еді Бірақ жұмсалуда тиіс он ақшаның орнына тоғызын ғана шығындағанымда,

ол байғұс кампия бастады. Сендердің әмияндарын да соны бастан өткізеді әлі!

Ал енді мен себебі өзіме де беймәлім бір нәрсені баяндайын. Тапқан қаржының оннан тоғызын ғана қажетіме жұмсай бастағанымда, соның өзі де жеткілікті болып шықты. Мен одан бұрынғыдан бетер кедейлене қоймадым. Оның үстіне, маған ақша бұрынғыдан гөрі тезірек келетін болды. Шамасы, кімде-кім табысын қорып, оны рәсуа етпесе, Жаратқанның өзіне мәлім таңы бойынша, оған игілік те оңай келсе керек. Демек, кімнің әмияны қаңырап тұрса, оған алтын жоламайды.

Сендерге бәрінен бұрын не керек? Күнделікті қажетке асыл тастар ма, әлде жылтыраған сылдырмақтар ма, болмаса жұтылған әдемі киім-кешек пен жеңсік аспа? Оның бәрі де өткінші, келесі күні оның болғанын ұмытып-ақ кетесіңдер. Әлде сендерге нағыз құнды нәрсе қажет пе: алтын, жер, мал, сауда, табысты салым? Өз әмияндарыңнан шығаратын ақша сендерге алғашқы топтағы нәрсені әкеледі. Ал әмиянда қалатын теңгелер сендерге екінші топтағыны бұйыртады.

Менің өзім үшін ашқан, қабысқан әмиянға арналған бірінші дауа – осы, шәкірттерім. Әмиянға түскен әрбір он теңгеден мен тек тоғызын ғана шығындаймын. Енді мұны өзара талдап көріңдер. Егер мұның басқаша екенін дәлелдегендерің болса, оны маған ертеңгі отырыста айтарсыңдар.

ЕКІНШІ ДАУА

Шығынды қадағала

– Кейбіреулерін маған мынадай сауал қойдыңдар: «Табыстың оннан бір бөлігін қалай сақтауға болады, егер де тапқан табыстың өзі де солайымен тірлікке жетпесе?» – деп бастады екінші күні Архат өз сөзін. – Кеше кімнің амияны бос болып еді?

– Бәріміздің де, – шу етті шәкірттер.

– Сендер әртүрлі табыс табасындар ғой. Біреуі көп, енді бірі аз дегендей. Біреулерің көпбалалы, енді бірінде жәнұя үлкен. Соған қарамастан, бәрінде де амиян бірдей босаған. Енді мен сендерге қарапайым емес ақиқатты ашайын. Ол мынау: *сендердің бәрің айтатын «күнделікті қажеттілік» те табыстарың өскен сайын артыл атырады, егер оған өздерің қарсы тұра алмасаңдар.*

Күнделікті қажеттілік пен өздеріңнің напсілік құмарларыңды шатастырмандар. Өрқайсыңда тапқан табысқа сәйкес қажеттіліктен гөрі құмарларын басым. Сондықтан жиналған ақша әлгі қаптаған құмарды қандыруға шығындалып жатады. Соған қарамастан, қанағаттандырылмаған құмардың иегі бәрібір де болмайды.

Шамасына қарамастан адамның бәрінде де құмар көп болады. Мен шылқыған бай болсам да, ойлағашымның бәрін қолым жетеді деп ойлайсындар ма? Мүлдем

олай емес. Оның бәріне қол жеткізуге уақытым да жоқ. Күшім де жетпейді. Жүретін жолым да іпектеулі. Жегім келген астың бәрін де жей алмаймын. Жаным құмар өмір ләззатының бәрімен бірдей рахаттанып үлгере алмаймын.

Мынаны ескеріндер: шаруаның қопсытқан алқабында, тамырына жеткілікті жерде қаптайтын арамшөп секілді, адамның ниетінде де арамшөп қаптайды, егер оның бәрін қанағаттандыруға мүмкіндік табылып жатса. Адамның айналасы қаптаған құмарлық, бірақ оның аз ғана бөлігіне қанағаттануға тура келеді.

Өздерінің өмірлеріне қажетті әдетке бас қатырыңдар. Адам үшін шығынның басты бөлігін солар құрайды. Оларды салауатты түрде қысқартуға да, тықпа да болады. Сондықтан өздерін ақша жұмсайтын нәрсенің тізімін алдын-ала жасағандарын мақұл. Олардың ішіндегі ең қажеттісін ғана іріктеп, оған табыстың оннан тоғызын ғана жұмсау керек. Қалғанын сызып тастап, оларды орындалмайтын тілектерге жатқызып, оған өкінбеген абзал.

Содан соң барлық қажетті шығынды ойластырыңдар. Әмиянды толтыруға тиіс оннан бір бөлік табысқа қол тигізбеңдер. Ол сендердің орындалуға тиісті ең басты тілектерін болсын. Ал шығын кестесі әмиян кампайтуға қажетті ең бірінші көмекші болуы керек.

Осы кезде алтынмен әдіптелген қызыл шапанды шәкірт орнына тұрып, былай деді:

- Мен ерікті адаммын. Меніңше, өмірдің бар рахатын татып көрген дұрыс. Сондықтан маған нені шығындап, нені тұтынуды нұсқайтын есеп-қисаптың құлы болғым

келмейді. Ол жағдай мені өмірімді жадыратпайды әрі өзімді жүк артылған есекке айналдырады.

Ендеше, ол шығындардың бәрін кім айқындайды, шырағым-ау? – деп сұрады Аркат.

Өйім, деді шәкірт.

Егер жүк артылған есек қанарға салынған нәрселерді талғайтып болса, оның ішіне аң-ауыр асыл тастар мен кілемді, алтын құймасын салар ма еді? Жоқ. Ол өзіне жем-шөп пен шөлден өтуге қажетті су толы мес артқан болар еді ғой.

Шығын кестесі әмияныңды толтыруға көмекші ғана. Ол сағал барлық қажетті нәрсе мен атқарылуы мүмкін басқа да тілекті орындайды ғой. Оның жардемімен сен өзіңе нағыз керек нәрсені кездейсоқ құмардан ажырата аласың. Ол түнектегі сәуле секілді, қаржының текке жұмсалыу жолына жарық түсіреді де, пайдасыз шығынды доғартады.

Сонымен, қабысқан әмиянға қажетті екінші дауа мынау: *табыстың оннан бір бөлігі шығындамайтындай, қаржыңды күнделікті қажетке де, сайрандауға да және негізгі құмарды қандыруға да жететіндей жұмса.*

ҮШІНШІ ДАҒА



Ақшаңды еселеуге қамдан

Әмияның тола бастады. Ондағы табыстың оннан бір бөлігін қалдыруға өзінді көндірдің. Жинақты қору үшін өз шығындарыңды қадағалай бастадыңдар. Енді ақшаларыңды сендерге жұмыс істететін әрі көбейтетіндей сайман керек. Әмиянда жатқан алтын сендердің жандарыңды жадыратып, көңіл тоғайтқанымен, ешбір табыс әкелмейді. Жиналған қаржы - бар болғаны алғашқы қадам ғана. Жинақ табыс әкеле бастағанда ғана есіктен байлық сығалайды, деп бастады. Арқат үшінші күні, шәкірттері алдындағы дәрісін. – Алтынды яғни жинақ қаржыны қалай жұмыс істеткен жөн? Менің алғашқы ақша салымым сәтсіз болып, мен бәрінен жүрдай болдым. Бұның жайын кейінірек айтармын.

Менің алғашқы пайдалы ақша салымым қалқан жасаушы Аккар шеберге қарыздай қосқан қаржым болды. Ол жыл сайын теңіздің арғы бетінен өз кәсібіне жарату үшін көп мөлшерде қола сатып алатын. Ол үшін, саудаға салатын өзінде қаржы болмағандықтан, ол жинағы бар адамдардан қарызға ақша алатын. Ол сенімді жан еді. Алған қарызын қалқандарын сатып біткесін, мұхият түрде үстеме қосып қайтаратын.

Мен ылғи да одан берген ақшаны еселеп қайтарып отырдым. Осылайша менің жинағым молайып қойған.

жоқ, оның өзі де мол пайда келтіре бастады. Қаржынын бұлайша әмиянымды қампайта қайтып жатқаны мені рахатқа бөледі.

Менің сендерге айтарым, шәкірттерім, адамның байлығы – оның әмиянындағы ақша емес. Ол адамның өзіне қамтамасыз етіп алған тұрақты табыс, әмиянға ылғи да селдей құйылып, оны қампайта түсетін байлық тасқыны. Бұл – әр адамның арманы. Әрқайсысын тиісті, жұмыссыз отырғанда да, саяхатта жүргенде де, әлгі тасқын тоқтамайтындай іске ұмтылу керек.

Мен орсан жетістікке жеттім. Оның молдығы сондай – мені жұрт асқан бай кісі дейді. Менің Аққармен жасаған мәмілем, пайдалы салымның алғашқы байқауы болды. Мен білігім мен тәжірибемді сіңіре отырып, өз салымымды кеңейте түстім. Менің әмияныма басында байлық тасқыны бірнеше бұлақтан, кейінірек көптеген көзден ағылды.

Көріңдер ме? Мен өзімнің шағын ғана табысымнан, әрқайсысы маған еселеп байлық тасқын алтын құлдар әскерін жасақтауды қолға алдым. Олар да, олардың ұрпақтары да, ұрпақтарының ұрпақтары да менің байлығымды ұлғайғанша тыным таппады.

Алтынды жұмсай білсең, тез арада байлыққа айналады. Мынаған қараңдар: өсімгерге тұңғышы туган шаруа он күміс ақша беріп, ұлы жиырмаға толғанша сақталуына онымен шарттасты делік. Оған өсімгер келісіп, әрбір төрт жыл сайын берілген соманың ширегіндей бөлікке молаюына екі жак та мәмілелесті. Бұл соманың барлығы шаруаның ұлына

тнесілі болғандықтан, ол өсім соманың өзін де салымға қосуды ұсынды.

Ұлы жиырмаға толғанда, шаруа өсімгерге келіп, талсыртқан күмісінің жайын сұрады. Өсімгер оған алғашқы он күмістің мәміле негізінде ылғи да өсіп отырып, отыз жарымға жеткенін хабарлады.

Шаруа бұған қуана қайран қалды, және де ұлына бұл соманың әлі де қажеті болмағандықтан, жиналған күмісті өсімгерге оған әрі қалдырды.

Шаруаның ұлы елуге толғанда, оның әкесі одүінсілік болған еді, өсімгер шартқа сәйкес оған жүз алпыс жеті күміс сома төледі.

Осылайша, салым сома елу жылда он жеті есеге дерлік өсті.

Қабысқан әмиянға арналған үшінші дауа, міне осы: *әрбір теңгені өрістегі қаптаған малдай, өіндейлерді өндіретіндей етіп, әмиянға байлық ағынын бағыттаптындай жұмысқа салыңдар.*

ТӨРТІНШІ БАҒА



Жинақты жойылудан сақта

Алтынның жарқылы қайғы тартады. Әмияндағы алтынды жоғалудан сақтаған жөн. Сондықтан данагер адам Жаратқанның бұйрығымен ірі салым қолға түскенше, әуелі аз ғана соманы іске салып, соны сақтауды үйренеді, – деп бастады дәрісін Арқат төртінші күні. **Әрбір** алтыны бар адам, сенімді көрінген іске үлкен қаржысын салғысы келіп, қыпылдайды да тұрады. Ол көбіне достары мен туыстарының жолын қуып, солай істейді де.

Қаржы салудың бірінші әрі басты ұстанымы – негізгі дәулеттің сақталуын қамту. Басты жинағың жойылса, ол істен пайда іздеудің қандай мәні бар? Менің айтатыным жоқ! Ондай тәуекелдің төлемі барыннан айырылу болуы мүмкін. Іске салар қорымен қоштаспай тұрып, оның қайтың оралтарына көз жеткізіл, зерделеген жөн. Тезірек баюды көксеген өзінің желбуаз тілегінді басшылыққа алмайсың.

Жинаған қорыңды біреуге өткізер бұрын, ол кісінің қайтарымы қабілеті мен абыройының дұрыстығын тексерген дұрыс, әйтпесе ебіл-себіл болып жинаған қорыңды оған өз қолыңмен сыйға тартқандай күй кешуің ықтимал.

Ақшанды әлдебір іске салар бұрын, оның ықтимал қаупін ойластырып алған абзал.

Менің де алғашқы акша салымым уайымға душар етті. Бір жыл бойғы жиған-тергенімді Азмұр есімді кірпішіңге бердім де жібердім, ая ол маған Тир қаласындағы финекейліктерден сирек асыл тас сатып әкелуге тиіс болатын. Ол келгесін тастарды сатып, пайданы тең бөлуге келіскенбіз. Оған алаяқ финекейліктер жолығып, тастың орнына түрлі-түсті шөлмек беріп жіберіпті. Сөйтіп, менің жинағым құрдымға кетті. Енді бүгінде мен кірпішіңге асыл тас саудасын тапсыру ақымақтық екенін білем.

Сондықтан сендерге өз тәжірибемді жеткіземін: алтыныңды тәуекел етіп, өз ақылыңа сенбе. Онан да, алтынмен істеуді меңгерген білікті адамнан кеңес алған дұрыс. Ондай кеңесті тегін алуға болар, бірақ құны сен іске салар алтынның құнымен паралар. Ол шынында да солай, егер сол кеңестің арқасында жинағың жойылудан аман қалса.

Қабысқан әмиян үшін төртінші дауа мынау: *өз жинақтарыңды пайдамен қайтарып алатындай, сенімді іске салу арқылы сақтаңдар. Ақылғой, білікті адамнан кеңес алыңдар. Біліктінің кеңесі алтыңға паралар. Әрі оның ақылды кеңесі сендердің әмияндарыңа қойған күтет болып табылады.*

БЕСІНШІ ДАУА



Жинақты тұрғынжайға сал

— Егер де адам өз табысының тоғызыншы бөлігін жинай берсе және бұнын белгілі бір бөлігі зиянсыз пайдалы іске салынып, игілікке айналса, онда соғұрлым байлық тезірек пайда болады, — деп бастады Арқат бесінші күнгі дәрісін шәкірттерге, — Вавилонда көптеген адамдар жайсыз жағдайда тірлік етуде. Олар баспана үшін үлкен ақша төлеуде, бірақ ол орынжайларда әйелінің жанын семіртетіндей гүл егетін де бұрыш жоқ, ал балаларға қоқыстың маңынан басқа ойнайтын орын да табылмайды.

Балалары таза жерде еркін ойнайтын, әйелдері гүлмен бірге жанұяға пайдалы көкөніс егетіндей ауласы болмағанша, ешбір жанұя өмірдің рахатын көре алмас.

Ерхектің көңілі көтеріле қоймас, өз ағашынан інжір мен өз бұтағынан жүзім жемей. Жексе тұрғынжай оның жанын семіртіп, келесі бастамаларға қуат берер еді. Сондықтан өзін де, отбасын да қорғайтын әр кісіге баспана керек.

«Шын жыласа, соқыр көзден жас шығар» демекші, кез келген адам сонша тілесе, өз баспанасы болады да қояды. Патшамыт қала дуалын кеңіткені сонша — енді Вавилонда харапайым кісі сатып алардай бос жер бөлігі көбейген жоқ па?

Тағы айтарым, шәкірттер, өсімгерлер үй мен жер сатып алуға ниетті адамдарға қуана келіседі. Егер өздерінде құрылысшыға беретін ақша жеткіліксіз болса, олар оны қарызға беруге даяр.

Үйлерің салынып біткенде, өсімгерге тиесілі жарнаны бұрынғы үй жалдаушы қожайынға төлегендей, қиналыссыз беріп тұра аласыз. Осындай әрбір төлем сендердің берешектеріңді кемітеді де, бірнеше жылдан соң қарыздан ештеңе де қалмайды.

Сөйтіп, кеуделеріңді қуаныш кернейді, себебі сендер, отағалар, құнды меншікке ие боласыздар да, патшаға төлейтін салықтан басқа ештеңе қалмайды.

Ал отана өзенге барып кір жуады да, қайтарда мес толы суды әкеліп, өсімдіктерін суарады.

Жеке баспанасы бар адамның артықшылығы жетеді. Ең бастысы, ол өмірдегі шығынды азайтып, сайран мен жеке бастын қажетіне молырақ жұмсайтып болады. Қабысқан әмиянның бесінші дауасы дегеніміз осы: *жеке баспанашы бол.*

АЛТЫНШЫ ДАҒА



Келешек табыс көзін қамты

Әр адамның ғұмырын оның балалық шағынан егде шағына дейін кезең қамтиды. Бәріміздің де өмір жолымыз осы, одан ауытқуға ешкімнің де қауқары жоқ, егер Жаратқан өзіне бұрынырақ қайтармаса. Сондықтан қауқары кетпей тұрып, артында қалатын әулеті үшін адам өміне лайық табыс табуға әзірленуі керек деймін. Бұл сабақ сендерге болашақта ештеңе үйрене алмайтын егде кезде толық әмиян ұстап жүруге үйретеді, – деп бастады Аркат алтыншы дәрісін шәкірттерге. Байлықтың өсу заңын біле тұра ақша жинаған адам, ылғи да келешек туралы ойлауы керек. Дер кезінде алдын-ала ойластырылған жылдарға жететіндей кейбір салымды жоспарлаған абзал.

Мыным болашақты қамтудың жолдары көп. Лайықты да жасырын жер тауып, оған өз жинағыңды көміп тастауға болады. Алайда қаншалықты жасырсаныз да, ондай қазына ұрылардың олжасына айналуы қиын емес. Сондықтан бұл жолмен жүруге кеңес бермеймін.

Артығымен үй мен жер бөліктерін сатып алуға болады. Егер олар дұрыс таңдалып, болашақта өз құнын сақтай алса, онда одан түсетін табыс не сату түсімі аталмыш мақсатқа лайық қызмет етуі әбден мүмкін. Шағын соманы өсімгерге тапсырып, оны тұрақты түрде толықтыра беруге де болады. Үстеме пайызын

қосқанда, ол келешекте қомақты өсім бола алады. Мен Аңсап есімді етікшіні білем, ол маған сегіз жыл бойы өсімгерге алта сайын екі күміс теңге тапсырып тұрғанын айтты. Жуырда өсімгер салымды есептесе, айтарлықтай сома болыпты. Әрбір төрт жылдағы ширек сома өсімін қосқанда, оған мың қырық күміс бақыр қорланыпты. Мен оған енді он екі жыл бойы тағы да алта сайын екі күміс салуды ұсындым да, өсімгер оған төрт мың күміс төлейтіндігін айттым. Ол сома қартайып өлгенше жететін қор.

Егер де ұсақ жарнанын өзі осындай пайда келтірсе, ендеше, әр адам өзінің егде күні мен жанұясын қорғауды игілікпен қамтуды, қазіргі ісі қандай пайдалы болса да қолға алғаны абзал.

Бұй айтылғанға тағы бірденесі қосқан жөн. Бір күні әлдебір дана кісінің адамзат үшін өлімге қарсы қамдану жолын ойлап табатынына іштей сенемін. Ол тәсіл бойынша адамдар өмір бойы ұсақ жарна төлей отырып, артындағы жанұясы үшін ол қомақты соманы қалдыратын болар. Мен осыны сонша тілеймін, бірақ ол қазір мүмкін емес, өйткені ондай мәміле өсімгер гүмырынан да ұзақ мерзімді қамтуы керек. Ондай мәміле патшаның тағындай ұзақ та сенімді болуы керек. Меніңше, түбінде ондай жоспар өмірге енеді де, ол да көптестен адамның игілігіне айналады. Өйткені қандай ұсақ жарнанын өзі, жанұядан біреу қайтыс болса, тиісті игілікті барлық жанұяның бөлісуіне құқық береді.

Алайда біз болашақта емес, ет заманымызда гүмыр кешкендіктен, бүгін қолда бар саймандар мен жолдарға иек артуымыз керек. Сондықтан

ЖЕТІНШІ DAYA



Пайда табу қабілетіңді дамыт

— Мен бүгін, шәкірттер, амиян қампайтудың ең басты саймалдарының бірі туралы әңгімелеймін. Бірақ мен алтын туралы емес, алдымда алуан түсті киімге жасырынған сендер туралы айтпақпын. Сендердің саналарыңдағы өз жетістіктеріңе кедергі болар жайттар туралы айтамын. — деп ауларды шәкірттерінің назарын жетінші күні Аркат. — Жуырда маған бір жас жігіт келді де, менен қарыға ақша сұрады. Мен одан қарызды не үшін алатындығын сұрағанымда, ол табысының күнделікті қажетке жетпейтіндігін айтып, шағынды. Оған мұндай жағдайда өсімгер үшін оның нашар клиент екенін, қарызды қайтаруға артық ақшасының жоқтығын айттым.

— Қарағым, — дедім оған, — саған көбірек табыс табу керек. Табысты көбейту үшін не істеудесін?

— Қолдан келгеннің бәрін, — деді ол. — Қожайыныма екі айда алты рет барып маған жалақымды көбейтуді өтіндім, бірақ нәтиже болмады. Оған одан да жиірек бару мүмкін болмады.

Бұл жастың аңғалдығына күлуге болар, бірақ оның бойында табысты үстемелеуге деген бір маңызды шарт бар: оның тілегі — барынша молырақ табыс табу. Бұл бағалы да, мақтауға тұрар тілек.

Алғышарт ретінде табыс табуға деген адамда аса күшті де ийқым тілек болуы қажет. Айқындалмаған

тілек ол бар болғаны арман ғана. Баюға ұмтылатын адам үшін оның пайдасы жоқ. Егер адам бес алтын акша тапқысы келсе, ондай тілек орындалады. Егер оған ол қол жеткізсе, онда ол дәл солайша он да, жиырма да, мың да акша таба алады да, ақырында байып кетеді. Ұсақ тілекті орындау арқылы ол өзін ұлы тілектерге әзірлейді. Байлық осындай жолдармен ғана құралады. Әуелі ол ұсақ-түйектен жиналады да, артынан адамның билік пен тәжірибе жинақтауына орай, бұл сома ұлғая береді, ұлғая береді.

Тілек қарапайым да анық болуы керек. Ол аса көп және күрделі болса, егер де ол бұлдыр әрі адамның өз мүмкіндігінен тыс болса, күшін жояды.

Адамның өз кәсібі бойынша кемелденуіне орай, оның табыс табу қабілеті де шыңдала түседі. Мен қарапайым жазыш кезімде күнге тиесілі қос бакыр тиын үшін саз кірпішшеге бүкірекөмен болсам да, өзге жазғыштардың көбірек жазып, сәйкестінше көп акша тапқанын байқадым. Сондықтан мен алдыма жан салмай жазуды үйрендім. Маған әлгілердің жетістіктерін ұтуға көп уақыт кеткен жоқ. Жұмысқа деген молырақ мүдде мен ынта, көбірек қайсарлық — міне, өзгелерді менен де көп сазжазба өндіруге жеткізген себептер осылар еді. Менің бұл тырысуым ақыры марапатталды, сөйтіп, маған қожайынға алты рет жалақы көбейту жөнінде барудың қажеті болмады.

Неғұрлым көбірек білсек, соғұрлым көп табысқа кенелеміз. Өз ісі жөнінде көп білуге ұмтылатын адам міндетті түрде марапатталады. Егер ол суретші болса, дарынды өт әртістестерінен әдістер мен тәсілдерді үйренуі керек. Егер ол заңмен шұғылданса немесе дәрігер болса, сол кәсіппен айналысатын біліктілерден

кеңес алып, білім бөліскені жөн. Егер ол саудагер болса, онда ылғи да сапалы арзан тауарды іздеп табуы қажет.

Табыс үшін кімге тәуелді болсаңыз, соған жақсы қызмет ету жолында тұрақты түрде кемелденіп, білігінді қолдану керек. Сондықтан сендерді ылғи да ізденіп, өлгенін артында шан қауып қалмауды қарастыруға шақырамын.

Көптеген нәрсе адам өмірін құнды тәжірибемен байыта түседі. Егер адам өзін өзі құрметтесе, мынаған ұмтылғаны жөн:

— ол қарызын мертімінде өтеп, шамасы жетпейтін қарыз алмағаны дұрыс;

— отбасындағылар жақсы ойлап, мақтаулы сөз айтуы үшін, ол өз жанұясына қамқор болуы тиіс;

— одүниеге абыроймен кетуі үшін, мүлкі әділетпен бөлінуі үшін ол бәрін өсиетпен қалдырғаны абзал;

— ол сәтсіздікке душар болғанға жаны ашып, қолынан келер жәрдемін тигізгені жөн;

— ол өзіне қымбатты жандарға қол ұшын беруі қажет;

Сонымен, қабысқан әмиянға керек жетінші дауа мынау: *даналық пен билікке қол жеткізу үшін ізден, ақыл және өшпінді өңі құрметтейтіндей қылықты таңда*. Сонда ғана өзің деген сенім торайып, өзін аңсаған тілектерге жете аласың.

Өзіңнің ұзақ та жемісті ғұмырымда ашқан қабысқан әмиянға арналған жеті дауа осы еді, бұларды байлықты аңсағандардың бәрине пайдалануға кеңес берем.

Вавилондағы алтын сендер ойлағаннан да көп, шәкірттерім. Өсіп-өркендеу құқығы да бәрімізге бірдей тиісілі.

Барыңдар да, осы айтылған ақиқатты өздеріңнің баюларына қолданыңдар.

Барыңдар да, осы білімді ұлы патшамыздың қарауындағы әр адамға беріңдер, олар да бата дарыған қаламыздың игілігінен өз үлестерін алсын.

Сонымен қабысқан әмиянның жеті дауасымен таныстыңдар, бұларды мен ұзақ та баянды ғұмыр тәжірибесінде байлыққа ұмтылатын барлық адамға қолдануға кеңес беремін. Вавилонда байлық көп, шәкірттерім.





Сәттілік пірімен таныс бол

Жолы болғыштың қашан да жолы – сәтті.
Евфратқа лақтыршы, ол су түбінен
маржан уыстап шығады

Вавилондық мақал

Кай адам болмасын өзіне сәттілік тілейді. Мұндай тілек қазіргі адамдардың бойындағыдай төрт мың жыл бұрын ежелгі Вавилон тұрғындарына да тән болатын. Сол сәттілік пірінің бәрімізді де назардан қалдырмауына үміттіміз. Оны өзімізге қаратып қана қоймай, өзінің ағыл-тегіл қайырын тигізуіне қол жеткізе аламыз ба?

Сәттілікке қалай қол жеткізеді?

Бұл сауалды Вавилон тұрғындары да өздеріне серік етіп, оған талайы өжеттене жауап іздеген. Олар нағыз іс пен терең ойдың адамдары еді. Вавилонның ежелгі дүниедегі ең бай әрі қуатты қала болғандығы соның арқасы болатын.

Ол кезде мектеп те, колледж де болған емес. Дегенмен оларда барынша машықтыратын білім ошағы болатын. Вавилонның көкке ұмтылған патша сарайлары, аспалы бақтары мен тауханаларынан кем түспейтін зәулім ғимараты болды. Бұл жайында тарихи шежірелерде

ештеңе де айтылмайды, бірақ ол сол кездегі адамдардың санасына орасан ықпал еткен-ді.

Ол – хайырпаз ұстаздар шәкірттерге ежелгі дәуір білімдерін тегін дарытқан және жұртты алаң еткен тақырыптар талқыға салынатын Ілім сарайы болатын. Бұл сарайдағы пікірталаста құлдың өзі патша тұқымдарына жататын төрмен де айтыса алатын құқығы бар еді.

Ілім сарайының тұрақты өкілі Аркат деген данагөй әрі бай кісі болатын. Оны Вавилонның ең ауқатты шонжары дейтін жұрт. Оның өзінде кеші сайын тыңдармандары жиналатын жеке бөлмесі болды, оған карт та, бала да келетін, бірақ тыңдаушының көпшілігі орта жастағылар еді. Олар өздері қызықтырған тақырыпты талдап, пікір таластырып жататын. Сол жиындардың біріне біз де бас сұғып, сәттілікті өздеріне қарату тәсілін меңгерді ме екен, соны білсек.

Аркат күнделікті мінберіне шыққанда, сәулесі құмды шаң қабатын Күннің алып алтын табағы батуға беттеген еді. Оны жерге төселген кілемге жайғасқан сексенге жуық адам шыдамсыздана күтіп отырған. Адамдар үсті-үстіке келіп жатыр.

– Бүгінгі кеште нені талдаймыз? – сұрады Аркат.

Біршама үнсіздіктен соң орнына ұзын бойлы тоқушы тұрды да:

– Мені көптен мазалаған бір мәселе бар, бірақ оны ортаға салмай келгенім, ол Аркат, саған да, жиналғандарға да күлкілі жайт болуы мүмкін. Бүгін мен сәттілік жағалап, алтын ақшалы әмнәян тауып алдым. Сәттіліктің менен ешқашан кетпегенін қалаймын, мына кісілер де соған мүдделі болар деп ойлаймын. Сол себепті, өзіңе сәттілікті қалай тарту керек, оны қандай жолдармен қаратуға болады, міне, осыны талдасак.

– Өте қызық тақырып екен. – деді де Аркат үнсіз қалды. Ол талқыға тұратын нәрсе. Біреулер үшін сәттілік – ешбір мақсатсыз, себепсіз кезігіп жататын жолының болуы. Кейбіреулер үшін, ол – барын сала құлдық еткені үшін Иштар піранә таралынан менгерілетін жағдай. Сонымен, достар, бұл турасында кім не ойлайды? Әрқайсымызға жол апатындай нәрсе бар ма?

– Жиірек жол ашса, деңіз! – кейбіреулер арқасы көзе дауыстады.

– Талқыны бастау үшін, – деп сөзін жалғады Аркат, – әуелі тоқушыға кезіккендей сәттілікті бастан кешкендер сөзін тыңдайық. Арамызда қиналмастан, ақша не құнды зат тауып алған тағы кім бар екен?

Тыныштық орнады. Жиналғандар бір-біріне қарап, кім түрегелер екен деп күткенімен, ешкім шыға қоймады.

– Немене, ондай адам жоқ па? – сұрады Аркат. Демек, ондай сәттілік барыныша сирек болады екен. Біреуің тәденісімізді қалай жалғастыратынымызды айтсандар.

Мен корейин, – орнынан жақсы киген жас жігіт түрегелді – Сәттілік турасында айтсақ, ойымызды ойын үстеліне бағыттағанымыз дұрыс емес пе? Байлықты бір мезетте ұту үшін көптеген адамдар сол жерде сәттілікке иек артпай ма?

Ол орнына жайғасқанда, жұрт шулап кетті.

– Жалғастыр сөзіңді! Ойын үстелінде жолың болған жайтты өзің ортаға сат. Сәттілік ойынхана қожайыны есебінен амияныңды қалпайту үшін жеребе тасының қызыл жағын саған бұрды ма? Әлде, керісінше, оның көк жағын түсіріп, жинап-тергеніңді бір сәтте қожайынның қанжығасына байлады ма?

Жас жігіт жұртпен бірге ішек-сілесі қата күлді де, өз жауабын берді:

– Меніңше, пірана, тіпті менің онда барғанымды да білмесе керек. Ал басқалары туралы жауап бере алмаспын. Сіздер оны сондай жерлерден кіндіңдер ме? Ойын тасын сіздердің пайдаларыңа қарай бұрғы ма? Ондай болса, айтыңыздар, біз тыңдап, үйренейік.

– Әңгіменің басы жаман емес, – арласты Арқат. – Біз мұнда әрбір туындаған жайтты талдауға келдік. Егер біз ойын үстелін қарастырмасақ, онда көпшілікке тап, ойынға күміс тиян сатып, алтын құйма ұтуға аңсары ауатындардың жайын айналып өтеміз.

– Бұл әңгіме маған кешегі бәйгені есіме салып отыр, – деп сөзге тағы бір тыңдаушы арласты. – Егер сәттілік пірі ойынханаға бас сұғатын болса, онда арбасына алтын жалатылған, шапқан аттары көбіктенген атжарысқа да бармауы мүмкін емес қой. Арқат, шыны айтшы, кеше сен Ниневиядан келген сұр аттарға ақша салғанда, ол пір саған не деп сыбырлады? Мен сенің артыңда тұрып, сұр аттарға салғаныңды естіп, өз құлағымға өзім сенбедім. Ассирияның бірде-бір шабандозы біздің атқораның жылқыларын шап қартыруы мүмкін емесін бәріміз секілді сен де білесің ғой. Мойында, сәттілік пірі саған не айтқанын, өйткені соңғы бұрылыста қос қара ат біздің шабандозға кедергі жасап, ақырында сұр аттар жеңіске оңай қол жеткізді.

Арқат қуаңыланған жымыспен үәж иесіне қарады.

– Біреудің қандай атқа ақша салғанында сәттілік пірінің қандай жұмысы бар екен? Меніңше, ол бар болғаны – махаббат пен ұлылық киесі, кимдік. Оған мұқтаж болса және еңбегі сіңсе, ол саны марапаттайды. Мен оны алтындырын ұтқызатын

ойын үстелі мен атжарыстан емес, барынша пайдалы адам қылығы мен мадаққа лайық прындардан іздеймін

Жер өңдеп, әділ сауда жасап, көлөнермен айналыса жүріп, пайдаға әруақта кенелуге болады. Бәлкім, мадақ сендерді қалам сайын аңдып жүрмесе, өйткені адам баласы кейде кателесіп, кейде оның еңбегін жаманат зая кетіруі мүмкін ғой. Алайда ол барынша қайсарлық танытса, онда ақыр сонында ол мадаққа лайық болады, себебі сәттілікке деген мүрсат сондайларға ғана тиесілі.

Ал адам құмар ойындар ойнаса, жағдай мүлдем керісінше болады, өйткені барша мүрсат оған қарсы болып, ойын үстелінің қожайыны жағына шығады. Ойынхана – соның кәсібі, ол ақшасын ойынға сала отырып, қомақты пайда табуды көздеген жан. Аздаған ойыншылар ғана өздерінің мүрсатынын мейлінше аз екенін сетіп, ойын кәсіпкерінің пайдаға кеңселетінін біледі.

Ойын тасын алайық. Оны лақтырған сайын біз ақша салып, оның үстінгі бетін болжауға тырысамыз. Егер ол қызыл жағымен түссе, ойынхана қожайыны бізге салған ақшадан төрт есе көп қаржы береді. Ал қалған бес бетінің бірі түссе, біз салымнан айырыламыз. Бұл дегеніміз – әрбір тастамда біздің бес мәрте ұтылу мүрсатымыз бар деген сөз, бірақ қызыл жағы төрт есе ұта алатындықтан, бізде төрт ұтыс мүрсаты ғана бар. Бір кеште қожайын барлық салынған соманын бестен бірін алуға мүдделі. Егер қожайын міндетті түрде бар ақшаның бестен бірін ұтуды алдын-ала ойластырған болса, одан кімнің үміті болмақ?

– Бірақ біреулер үлкен ақша ұтып жүр ғой, – деп қалды тыңдаушының бірі.

– Иә, ондайлар болып тұрады, – деп жауап берді Аркат. Бірақ ол сәттілік қаншалықты мығым? Вавилондағы менің таныстарым арасында зуқаттылар

жеткілікті, бірақ олардың бірде-бірін жетістік жолын құмар ойыннан тапқан ақшамен бастады дей алмаймын.

Бүгін жиналған бәрің де қаламыздың байларын жақсы білесіңдер. Мен олардың ішіндегі қайсысы өздерін байлыққа жеткізген ойын үстелін атар екен.

Біршама үнсіздіктен соң, отырғандардың бірі қолапайсыздау түрде:

– Ойын үстелінің қожайындары болмаса, – деп қалды.

Егер ойларына басқа сәкім түспесе, – деді Аркат, – онда сендер туралы сөйлесейік. Араларыңда ойынхананы табыс көзі еткендерін бар ма?

Жауап ретінде арт жақтан біреудің күңкілі шықты да, оған жұрт ду күлді.

Шамасы біз піріміз болар сәттілікті басқа маннан іздеп отырған секілдіміз, – деп жалғады ол. Ендеше, басқа жерден іздестірейік. Оны біз жоғалған әмияннан таппадық. Сондай-ақ, ол ойын үстелі мақынла да бола қоймады. Атжарысты алсақ, ондағы ойыннан өз басым ұтқан ақшадан ұтылғаным көп.

Онан да өз кәсібімізге оралайық. Қайдағы бір сәттіліктен гөрі, өз еңбегіміздің адал қайтарымына иек артатын нағыз табиғи табыс көзі сол ғой. Менін пайымымша, пірананың сыйлығына сиынып отырудың жөні жоқ. Балкім, ол бізге өзінен ешбір қайыр күтпеген тосын сәтте жол ашар. Бұған алып-қосар кімдер бар? Ақшыл киімді егде саулагер орнынан тұрды:

– Құрметті Аркат мырза, сенін рұқсатыңмен мынаны айтқым келеді: егер сен айтқандай біз тек өз күшімізбен қабілетімізге ғана сенсек, қолымызда болып тұрып, сусып кеткен мүмкіндіктер жөнінде талдасақ. Нағыз сәттілік өте сирек құбылыс. Ал қолдан сусыған сәттілік жайын көбіміз де айта аламыз ғой.

— Акылды пікір, — деді Аркат, — Араларыңда кім бар, қолға түскен бағы сусыған?

Көптеген қолдар көтерілді, ішінде әлгі саудагер де бар.

— Өнің бастадың, енді өзін бастап баянда болған жайды, — деп сөз берді оған Аркат.

— Бір жайтты айтып берейін, ендеше, — деді саудагер. — Ол жайт адамның бағы қалай таяп келетінін және адамның қаншалықты көңізі қылыққа барып, сәттіліктің шорт бұрылып, өкіндіретінін көрсетеді.

Көп жыл бұрын, жас кезімде болатын. Үйленген бойым, тым жаксы табыс таба бастадым. Әкем келді де, бір іске ақша салуды ұсынды. Оның жақын тақыстарының бірінің ұлы қала қамалының сыртындағы бос жатқан жер бөлігіне көзі түсіпті. Ол жер арнасынан жоғарыда болғандықтан су бармайды екен.

Әкемнің досының ұлы мынадай жоспарын айтты: сол жерді сатып алып, оған өгіз айналдыратын үлкен үш шығыр орнатып суаратындай мүмкіндік жасап, жерді алқаптарға бөліп, көкөніс өсірушілерге сату керек.

Әкемнің досының ұлында аталан жоспарды атқаруға алтыны жеткіліксіз екен. Ол да мен секілді жас әрі табысы көп емес еді. Оның әкесі де менің әкемдей көпжанды жанұясы бар болғандықтан, оған бөлетін артық қаржысы болмады. Сондықтан ол үлестерін қосатын адам іздепті. Он екі адамнан тұратын топтың әрқайсысы жер сатуға даяр болғанша, табыстарының оннан бір бөлігін салу керек болған. Түсімнен әркім өз салымына сәйкес әділетті түрде үлесін алатын болған.

— Ұлым, — деді әкем, — Сен әлі жассың. Мен өмір бойы сенің ауқақты да құрметті азамат болуыңды аңсадым. Мен сенің әкеңнің қатесін қайталамауыңды тілеймін.

— Мен де соны тілеймін, әке, — дедім.

— Ендеше, менің кеңесімді тыңда. Табысыңның оннан бір бөлігін ал да, пайдалы іске сал. Сол салымның арқасында менің жасыма жетпей-ақ сен гұмырына жетерлік жағдай жасап аласың.

— Сөздеріңнің жөні бар, әке. Менің сонша байығым келеді. Бірақ менің қазіргі табысым шығыннан ауыспай жатыр. Сондықтан күте тұрам, мен әлі жаспын ғой, үлгерем.

— Сенің жасыңда болғанда мен де солай ойлағам. Енді карашы: қанша жылдар өтті, ал мен әлі бастаған да жоқпын.

Әке, уақытымыз ар заманға жатады ғой. Мен сенің катенді қайталамауға тырысам.

Сенің алдында мүмкіндіктің өзі есік ашып тұр. Ол саған баюға мұрсат беруде. Бұл істі кейінге қалдырмағаның дұрыс. Ертең досымның ұлына бар да, табысыңның оннан бір бөлігін салуға мәміле жасас. Ол істі күттіруге болмайды. Бүгін сенің мүмкіндігің бар, уыстан шығарып алма, ұлым.

Мен әке кеңесін тыңдай қоймадым. Дәл осы кезде шығыстан келген саудатерлер көздің жауын алар киім-кешек әкелген екен, әйеліміз скеуміз не де болса, алуды ұйғардық. Егер де мен табыстың оннан бір бөлігін салуға келіскенімде, бізге әлгі рахаттан құр қалуға тура келетін еді. Сөйтіп, мен әлгі істің шешімін әбден кеш болғанша кейінге қалдыра бердім. Енді осы күнге дейін опынамын. Ал әлгі іс ойлағаннан да пайдалы болып шықты. Менің қолдан сусыған бакытым туралы шежіре осы еді.

Бұл әңгіме сәттілік берілген мүмкіндікке жармасуға дайын аламды аңдатынын білдірді. — деп қорықты бидай өні шөлдаладап екенін байқатқан кісі. — Өңіңе байлық жинау үшін аруакта алғашқы қадам жасалуы керек. Ол қадам табыстан жиналған бірнеше

алтын немесе күміс бақырдан тұруы мүмкін. Менің қазір бірнеше табын малым бар. Бірақ оның басы бала кезімде жалғыз ғана күміс бақырға сатып алған құнажын сиырдан басталды. Менің байлығым осылай туындады.

Алғашқы қадамды аттау — әркім үшін үлкен сәттілік. Осы қадамды тәуекел еткен әркім, өз жалақысымен күн көретін қарапайым жұмыскерден, өз алғышының есебінен өмір сүретін адамға айналады. Ондай әрекетті әлгі саудагердің әкесі секілділерді айтпағанда, оған кеші баратындардан гөрі байлыққа алғы қадам жасағандар сәйкесінше ерте баюға қол жеткізеді.

Егер біздің саудагер досымыз бұл қадамға сәттілік өзі келіп тұрған жас кезінде барғанда, ол бүтінде бұл дүние игілігін әлдеқайда молынан иеленер еді.

— Мен де айтайыншы, — шетелдікке тән дауыс шықты. — Мен сириялықпын. Сендердің тілдерінде жақсы сөйлей алмаймын. Саудагер дос секілділерді сіздердің қалай атайтындарыңызды білгім келеді. Сендер онымды әдепсіздік санауларын мүмкін, сонда да сол сөзді білгім келеді. Егер мен оны өз тілімде айтсам, түсінбейсіңдер. Сондықтан өзіне пайдалы іс болса да, тындырғысы келмейтін адамды атасаңдар.

— Жайбасар, — деді біреу.

— Дұрыс, — қостай кетті сириялық, шапалақтарын соғып жіберді. — Ол келіп тұрған мүмкіндікті көрмейді. Ол күтумен жүреді. Ол жұмысының көптігін сылтауратады. Ал мүмкіндік ондай жайбасарларды күтпейді. Мүмкіндікке кімнің байынғысы келсе, соның асығатыны жағады. Мүмкіндік сәті түскенде асықпаған адам, біздің саудагер дос сияқты, өзіне өзі жамандық жасайды.

Саудагер орнынан тұрды да, күлімсіреген күйі сириялыққа иліп ишара етті.

– Сенің шындықты именбей айтқаның үшін, шетелдік дос, саған шексіз ризамын.

– Ал енді мүмкіндіктен айырылған тағы бір хикаяны тыңдайық. Кімнің айтқысы келеді? – деп сұрады Аркат.

– Мен айтайын, – деді қызыл шапанды орта жастағы кісі. – Мен мал сатам, негізінен, түйе мен жылқы. Кейде қой мен ешкіні де сауда қыламын. Мен сендерге бір күні маған келген керемет мүмкіндікке әзір болмағанымды айтайын. Сол себепті мен оны бскер жіберіп алған болармын. Талдап көріңдерші.

Бір күні кешқұрым, он күн бойы түйе іздеп, қалаға қайтып келе жатқанымда, өкінішке орай, қаланың қақпалары жабылғанын бір-ақ білдім. Менің құлдарым түнеуге шатырларын тіккенше, маған егделеу бір малшы келді, ол да қалаға кірші үлгермеді.

– Аса құрметті мырза, – деді ол маған, – түріне карағанда, сен мал саудагері секілдісің. Солай болса, мен саған жана ғана айдап әкелген керемет бір отар қой сатайын деп едім. Өкінішке қарай, әйелімің денесі қызып, жатып қалыпты, соған тезірек жетуім керек. Менің отарымды солайымен сатып ал, мен құлдарыммен түйелерді жолға қамдап жеделдете аттанайын. Түн болғасын мен қойларды қарай алмадым, дегенмен қарамына карағанда аса көп екені байқалады. Он күн бойы алуға лайық түйе болмағасын, мен қуана келістім. Ол болса, асығыс болғасын менің ойымдағы бағаны айтты. Мен ертеңгісін құлдарыммен қалаға отарды айдап кірген бойда қымбат бағаға сататынымды білдім.

Онымен алақан айкастырып, мәміле бекіттік те, мен құлдарыма от алдырып, соның жарығымен қойды санап шықтым. Малшының айтуынша, қой саны тоғыз жүз болуы керек. Қаралғы түні әрі-бәрі қашқан отарды санаудың қияметтілігін айтпай-ақ қояйын, достарым.

Ол – мүмкін емес іс екен. Сондықтан малшыға таң ата санал, есептесетінімді айттым.

– Аса құрметті мырзам, – деп жалынды шаруа. – Бүгін үштен екісін төлеші, мен жолға шыға берейін. Мен осында ең ақылды да сауатты құлымды қалдырайын, ол саған санауға жәрдемдеседі. Оған сенем, қалған ақшаны соған берсең болады.

Бірақ мен түнде төлемейтінімді айтып, қасарыстым. Таң ата мен ұйқыдан оянып үлгерместен, қақпа ашылған бойдан төрт бірдей саудагер малшыға лап берді де, отардын бәрін сатып әкетті. Олар қойды қымбатқа сатып алды, себебі қаланы сол кезде дұшпан тарапынан қоршауға алу қаупі төнген еді де, шаруа болса, әр қойға менен сатылатын үш есе құнын алып, аттанып кетті. Сөйтіп, мен өзі келген сәттіліктен құр қалдым.

– Ерекше хикая екен, – аңғарғанын білдірді Аркат. – Ал бұдан қандай қорытынды шығарамыз?

– Егер мәміленің тиімді екеніне көз жетсе, ақысын бірден төлеу керек болар, – деп қорытты қарт. – Егер де мәміле шынында да пайдалы болса, онда саған ешкім де, тіпті өзіңнің кемшілігің де зиян келтіре алмайды. Бәріміз де пендеміз, құбылмалымыз. Кейде дұрыс пікірлі бұрысқа балауға бейілміз. Менін алғашқы әсерім ең дұрыс шешім болып шығатыны бар. Өзімді өзімнің осал мінезімнен қорғау үшін, артынан опынбас үшін, мен енді кепілақы қалдыратын боламын.

– Мен тағы да сөйлегім келіп тұр, – сириялық тағы да атып тұрды. – Мына оқиғалар ұхсас екен. Екеуінде де мүмкіндік бірдей себептен кетіпті. Екеуі де кешіңғар екен. Екеуі де: «қазір нағыз сәтті кет, тезірек шешейін» деудің орнына, ылғи жай ұғып, шешімді кешіктіреді. Сосын олардан не шықсын?

– Сен дәл үстінен түстің, досым, – деді мал саудагер. – Екі жағдайда да, сәттілік жайбасарлардан теріс

айналды. Оған таңданудың қажеті жоқ. Жайбасарлық әр адамға тән. Бәріміз де байлыққа ұмтылғанмен, соған керек мүмкіндік туып, шешім шығаруға келгенде баяулық еңсені басып, кейінге қалдырамыз. Соған еркімізді жеңдіріп, өзімізге өзіміз дұшпандық жасаймыз.

Сириялық досқа ұнаған сөзді өрбітсек, жас кезімде менің жайбасарлық қылған жерім болмады. Басында мен көп нәрсенің байыбына бармай, сәтті мәміледен айырылатын болармын деп ойлағам. Кейін оны өзімнің қырсықтығымнан көрдім. Ақырында, оның неден екенін ұқтым. Жағдай тез арада шешім қабылдауды қажеттінсе де, кейінге қалдыра түсетін әдетімнен болып шықты. Мен өзімнің сол мінезімді итін етінен жек көрем! Мен арбаға жегілген тарпан жылқыдай жынданатынымын, ақыры, өзімнің сол әдетімді жеңіп, жетістікке жеттім.

— Рахмет. Енді мен саудаскер мырзадай мынаны сұрайын, — сириялық жігіт әлгімеге тағы араласты, — Сен келсе секілді емессің, байларша киінген екенсің. Сөзін де бай адамға тән. Енді бұдан былай, құлағыңда «асықпа» деген сыбыр тұрса, не істейсің?

— Апау мал саудасымен айналысатын досым сияқты, маған да өз осалдығымды мойындап, жайбасарлықпен күресуге тура келді, — деді саудаскер. — Мен үшін бұл мінезім, ылғи да ниетімді быт-шыт етуге даяр дұшпаным болып шықты. Сендерге айтқан хикая көптеген оқиғаның бірі ғана. Егер дер кезінде байқап қалсаң, ол дұшпанмен күресу қиын емес. Бірле-бір адам қоймасы мен қорасын ұрыға шарлатып қоймайды. Сол секілді, ешбір іскер өз клиенттерін біреуге қудырып, қарап отырмайды. Мен де өз дағдым өзіме зиянкес екенін білген сәттен бастап, одан құтылудың жолын қарастырдым. Сол сияқты кез келген адам Вавилон байлығындағы өз үлесін алғысы келсе, ішінде бұғын

отырған, өзінің жайбасарлығы мен кешіұтарлығынан ажыратаны абзал.

Ал, Аркат, сен бұған не дейсің? Вавилондағы ең бай адам ретінде, сені жұрт жолы болғыш жан деп те есептейді. Адам жетістікке өзінің жайбасарлығынан толық құтылу арқылы ғана жетеді десем, менімен келісер ме едің?

— Сөзіңнің жаны бар, — деді Аркат. Ұзақ тұмырымда мен өмірлік жетістік жолында бір ұрпақ келесіге ауыстырғанына куәмін. Олардың барлығына да мүмкіндіктер жолығып жатты. Кейбіреулер ғана сол мүмкіндіктерге жармасып алып, ансаған тілектерін орындауға қалам басса, көпшілігі қадамды жай басып, батылсыз әрекетпен соңында қалып жатты.

Аркат енді тоқымашыға бұрылды:

— Сен біздің сәттілік туралы пікірлесуімізді ұсындың. Енді бұл жайында өзің не дейсің?

— Енді мен сәттілікке басқаша қарайтын болдым. Мен оны өзі келетін нәрсе деуші едім. аламға одан артық не керек? Енді білуімше, сәттіліктің бетін бұру жай шаруа емес екен. Әңгімеден түйгенім — сәттілік бар болғаны мүмкіндікті дер кезінде пайдалану екен. Сондықтан бұдан былай мен кез келген мүмкіндікті қалт жібермеуге тырысам.

Пікірталастағы әңгіменің мәйегін сен жақсы ұғылсың, — деді Аркат. — Біз қызығатын сәттілік негізінен мүмкіндікпен еріп келеді, ал басқа жолмен аса сирек жолығады. Егер сәттілік пірі жолықтырған мүмкіндікті қолға алғанда, біздің саудагер досымыздың қуанышында шек болмас еді. Егер бір отар қойлы арзанға алып, пайдалы саудаға кенелгенде мал сағушы досымыздың да сәттілікке деген қуанышы қойнына сыймас еді.

Біз бұл әңгімені сәттілікті өз жағымызға тартуға жардемі тиер сайман іздегіру үшін бастағанбыз. Меніңше, біз дұрыс жол тапқандаймыз. Екі хикая да бізге сәттіліктің мүмкіндікке еретінін көрсетті. Ақиқат та мынада секілді: егер сен мүмкіндікті пайдалансан, сәттілік саған күлімсіреп, қолын береді.

Кімде-кім мүмкіндікті пайдаланса, сол адам сәттілік пірінің назарын өзіне аударады. Ол кім өзіне қызмет етсе, соған жардемге даяр. Ал оған бәрінен бұрын іскер адамдар қызмет етеді. Әрекет түбі – берекет.

СӘТТІЛІК ПІРІ ІСТІҢ АДАМЫН ЖАҒАЛАЙДЫ.



Байлықтың бес заңы

Егер алдарынан алтын толы қан пен даналық жазылған сазбітік¹ шыкса, қайсысын таңдар едіңдер?

Аспа шамның сәулесіне құлпыра түскен тыңдаушылардың жүзінен барынша ықылас сезіледі.

— Алтынды, әрине, алтынды таңдар едік! — жиырма жеті адамның даусы жамырай шықты.

Қарт Қалабаб түсінген кейіппен күлімсіреді. Ежелгі Вавилонда алтын мен байлық сөздері өзара мандас еді.

— Қане, мені тыңданыздар, деді ол. Түн ортасында қасқырдың ұлығанын естігендерін бар ма? Олар аш болғасын ұлиды. Оларға қорек беріндерші, одан әрі не істер екен. Ертекті күнді ойламастан бір-бірімен не алысады, не жата қалып ұйықтайды.

Адам баласы да сол секілді. Оларға алтынды, не болмаса қалауына орай, білімді беріндіздер не істер екен? Білімнен теріс айналып, алтынға жармасады. Келесі күні ұлып шыға келеді, өйткені алтыннан ештеңе қалмайды ғой. Алтын болса, кімде-кім оның таңын болсе, соған ғана жағады.

Қалабаб түнгі салқыннан қорғанып, желбегейіне қымтана түсті.

¹ Сазбітік — кірпішке ойылып, хуфдирілген жазба.

– Сендер маған ұзақ жолда сенімді серіктерім болдыңдар, түйелеріме жақсы қарадыңдар, ыстық құмды кешіп, киналыс білдірмедіңдер, тонағысы келген қарақшылармен де батыл шайкастыңдар, енді мен сонын өтеуіне сендерге бүгін алтынның бес заңы туралы хикая айтып берейін. Ондай әлгімені бұрынды-соңды естіген емессіңдер.

Қалт жібермей тыңдаңдар, айтқанымды ұқсаңдар, онда келешекте сендер мол алтынга жолығасыңдар.

Ол үнсіз қалды. Қаракөк аспанлы жұлдыздар жайлаған Жиналғандардың артынан найзаға мықтап керілген шатырлардың қарасы көрінеді. Шатырлар артында мұхият текшеленіп таңылған терілер дөнкііп жатыр. Одан әрі құмға шөккен түйелер айда-санда лыскырынып қойып, тоқтаусыз күйіс қайыруда.

– Бізге талай хикаяны айтып бердің. Қалабаб, – деді керуен жетекші. – Ертеңгі күні сендегі қызметіміз біткенде, жол көрсетердей сенің даналығың бізге зор пайдасын тигізеді.

Бұған дейін сендерге шалғай да бейтаныс елдерде бастан кешкенімді айтып келдім, енді бұл жолы Аркат байдың ілімін жеткізбекпін.

– Ол туралы көп естігенбіз, – деді керуен жетекші. – Ол Вавилондағы өмір сүрген байлардың ішіндегі ең айтулысы болыпты.

– Иә, ол байлардың байы болатын, өйткені сол ғана алтынның жолын жақсы білетін. Бүгін түнде оның ұлы Номасардың бұдан бірнеше жыл бұрын Ниневияда маған айтқан даналығын айтып берем.

Ол кезде мен бала едім. Қожайын екеуміз сол күнгі кеште Номасар сарайында ұзақ болдық. Мен қожайынға буыланан керемет кілемдерді Номасар өзіне қажеттісін таңдағашша, тасумен болдым. Ол саудаға разы болып,

акша салса да даяр болатын. Алайда менін бір досым алтının аты өзінні сайгүліктеріне карағанда аксак есек екенін айтып, байгеде өз аттарының алдына жан салмайтынын жеткізді.

Ол маған достық құрметіне өз аттарын жақтап, бас тегімді өтінді. Бұл ұсыныс менін бойымды мықтап биледі. Бірақ біздің аттарымыз озбады да, мен біраз акшамнан айырылдым.

Әкесі мәз бола күлді.

— Кейінірек білдім, басымнан өткен жайт китұрқы істің салдары екен. Әлгі маған дос болғандар керуенмен бірге ілесіп, мен секілді ашықауыздарды аңдитын болып шықты. Ал Ниневиядағы атбег де алгілермен ауыз жаласқан адам екен, бәсіпуды қылдай бөлісіп алыпты. Осындай салқынқанды алаяқтық маған алғашқы ащы сабағын осылай берді. Көп ұзамай, мен тағы бір өзек өртер жайғғы бастан кештім. Керуенде мен достасқан тағы бір жігіт болған. Ол да мен секілді бір бай баласы екен, Ниневияға өмірлік орын тебуге шығыпты. Сапар кезінде ол маған Ниневияда бір саудагердің қайтқанын, оның дүкенін тауарымен қоса түкке тұрғысыз ақыға сатып алуға болатынын айтқан. Ол екеуміз бұл істе серіктес болатынымызға уағдаластық, бірақ ол Вавилонға барып алтынын алып қайтуы керек болды. Сондықтан ол дүкенді мендегі бар акшаға ала тұруды ұсынды.

Бірақ ол Вавилонға сапарын кейінге қалдыра берді, оның үстіне сауда ісінде білетіні аз болып шықты, қолда барын оңды-солды жұмсай береді екен. Ақырында, мен одан бас тартым, бірақ ол кезде шаруам кері кеткен еді. Дүкенде жарамсыз тауар қалды да, сату мүмкін болмады, ал жинасын алуға менде алтын түгесілді. Әйтеуір, әуліріммен израилдік бір кісіге дүкенді өте арзан бағаға сатып кеттім.

Басыма ауыр күндер туды. Жұмыс іздегенмен, ештеңе таппадым, өйткені қолымнан ештеңе келмейтін. Аттарымды саттым. Құлды да саттым. Тамақ пен түнск орынға басы артық киімдерімді өткіздім, бірақ күн артынан күн өтсе де, сәтсіздіктен құтыла қоймадым.

Сол ауыр күндерде, әке, сенін маған сенетінің есіме түсті. Сен мені сапарға аттандырғанда, азамат болуымды қаладың ғой, мен соны атқаруым керек болды.

Анасы болса, бетін орамалмен көлгеyleп кемсендеді.

Сол кезде маған берген алтын заңы жатулы сазпарақтар есіме түсті. Оқып шықтым да, әуел баста білімді қолға алғанымда алтыннан ажырамайтынымды ұқтым. Мен заңның бәрін бүкіл әріпке дейін жаттап алдым да, егер де мені сәттілік пірі қолдай қалса, ісімді бала тәжірибесіздікке емес, қарт даналыққа басқартам деп шештім.

Енді осында жиналғандарға мен әкемнің сазпарағында жазылған оның маған он жыл бұрын берген даналығын оқып шығайын. Ол мынау еді.

БАЙЛЫҚТЫҢ БЕС ЗАҢЫ

1. Табысының кемінде оннан бір бөлігін өзі мен жанұясының болашағына жинайтын адамның қалына ғана байлық қонады әрі молаяды.
2. Өзіне табысты іс тапқан адамның ақшасы ғана тұрақты да қалтқысыз жұмыс істеп, өрістегі малдай көбейеді.
3. Білікті адамдардың кеңесіне құлақ асып, ақылмен іске жаратқан адамның байлығы еселенеді.
4. Өзіне бейтаныс іске салған адамның ақшасы қолдан сусиды.
5. Қолдан келмейтін іске ұрынған, болмаса алаяқтар мен қулардың қармағына түскен немесе тәжірибесіздігі мен қиялшылығы кесірінен тез баяуға ұмтылған адам байлығынан береке қашады.

Маған жазып берген әкемнің байлыққа арналған бес заңы осы болатын. Мен бұның құны алтыннан да қымбат екеніне көз жеткіздім. оны келесі хикаяларымда баяндайын

Ол тағы да әкесіне қарады:

— Мен саған өімнің тәжірибесіздігімнен ұрынған шарасыздығым мен уайымым жөнінде айттым. Бірақ кез келген жаманат тізбегінің соңы болады екен. Менің кайғым қала дуалын тұртышып жатқан құлдарға караушы қызметін тапқанымда сеніле басталы.

Жинақтың бірінші заңына сүйеніп, табыстан түскен бақырларды айнашқы күміс ақша тапқанша жинай бердім. жинай бердім. Бірақ жинағым өте баяу

жүрді, өйткені табысымның көбі күнделікті тірліктен ауыспады. Соған карамастан, талмай ақша жинай бердім, өйткені әке, он жыл бұрын сен берген алтынды қайтаруды қатаң түрде мақсат еттім. Құлдардың қожайынымен достасып үлгергем, оя бір күні маған:

– Сен тыңғылықты түрде ақша жинап жүрсің. Сенде алтын бар ма? – деді

– Иә, – дедім, – маған бір кезде әкем берген алтынды жойып алдым, соны қайтару үшін көп жинауым керек.

– Мына ықыласын мақтауға тұрарлық. Ал сен қолда бар алтынның саған жұмыс істейтінін және оның үстеме пайда әкелетінін білуші ме едің?

– Өкінішке орай, менің ауызым күйген тәжірибе бар, соның кесірінен әкем берген алтыннан айырылдым. Енді тағы сондайға ұшыраудан қорқам.

– Маған сенсең, мен саған қандай жолмен ақшаны пайдалы салым етуді үйретем, – деді ол. – Бір жыл ішінде қаланың дуалы біту керек. Патшаның жауларынан қорғану үшін оған бірнеше қола қақпа орнатылмақ. Ниневияны шарласаң да, қақпа жасайтын темір таба алмайсың. Ал патша оны тапсырулы ойластырмапты. Менде жоспар бар: бірнеше адам үлестерімізді қосып, алысқа мыс пен қорғасын құймаларын әкелуге керуен жөнелтеміз. Патша қақпа жасауды тапсырғанда, біз әлгі құймаларды сатып, лайдаға келелеміз. Тіпті патша бізден алмаған күннің өзінде келген тауар өз құнын жоймайды, одан бәрібір жақсы пайда табамыз.

Бұл ұсыныстан мен дана адамдар кеңесі бойынша жинақты салу жазылған үшінші заңының орындалуын аңғардым. Қателеспеймін. Біздің ортақ ісіміз жемісті болды, нәтижесінде менің шағын жинағым айтарлықтай өсіп шықты.

Сосын сол адамдармен келесі іске қатыстым. Олар алтынның кәдірін жақсы білетін және лайда табудың

қыр-сырын менгерген жан-жақты еді. Олар ақша салудан бұрын кез келген жоспарды жан-жақты талдайтын. Олар негізгі жинақтарын тәуекелге салмайтын әрі пайдасыз мәмілеге аяқ басқан емес. Әлгі атжарыс ойыны болмаса түсімсіз дүкен сатып алу сықылды менің тәжірибесіздігімнен барған істерге, ешқашан бастарын сұқпастан, осы жерін олар бірден аңғаратын.

Соларға байланысу арқылы мен алтынды пайдалы кәсіпке салуды менгердім. Жылдар өткен сайын менің байлығым еселене түсті. Мен жоғалтқанымды қайтарып қана қоймадым, оған да бетер көп табысқа жеттім.

Түрлі сәтсіздіктер мен сынақтарға ұрынсам да, жетістікке жетсем де, ешуақта байлықтың бес заңына күдігім болған емес. Кімде-кім бұл бес заңды білмесе, алтын оған сирек ұшырасып, тез арада ғайып болады. Бұл заңдарға сүйенген адамнан байлық қашпайды, ол еңбеккер құл секілді иеленушіге қызмет етуден танбайды.

Номасар үнсіз қалды да, кең бөлменің алыс жағында тұрған құлына бет бұрды. Ол бөлмеге үш үлкен былғары қапшықты кіргізді. Оның біреуін Номасар әкесіне ұсынды.

— Сен маған он жыл бұрын бір қап алтын берген едің. Ол Вавилондық алтын болатын. Мен дәл сол мөлшердегі ниневиялық алтынды қайтарамын. Оның әділ қайтарым екенімен бәріңіз де келісетін боларсыздар. Сонымен бірге маған даналық жазылған сазпақақтар бергенсің. Оның орнына мен екі қапшық алтын беремін. — Осы сөздерін айтып, ол құлдың қолынан екі қапшықты алып, әкесінің алдына аларын өз қолымен қойды. — Бұныммен, әке, сенің даналығыңды алтыңнан да ардақтайтынымды көрсеткім келді. Бірақ алтынмен даналықты өлшеуге бола ма? Ақылсыз алтынның қолда тұрақтауы мүмкін емес. Алайда адам әуелі даналыққа

бет бұрса, оны алтын айналып өтпейтінін мына үш қал көрсетіп тұр ғой. Әке, мен бүгін алдында осылай тұрғанымға қуаныштымын, және де айтарым, сенін даналығын арқасында мен бай-қуатты әрі құрметті кісі болдым.

Әкесі Номасардың басын елжірей сипады.

— Сен сабақты жақсы игеріпсің. Енді мен өз байлығымды сеніп қалдыратын сендей ұлым болғанымна бақыттымын.

Қалабаб әлгімесін тамамдады да, тыңдармандарды жағалай шолып өтті.

— Номасардың бұл тарихы сендерге нені білдірді? — деп сұралы ол. Әкесіне болмаса қайын атасына осылайша өз әрекеттерің мен табыстарың жайлы есеп беретінің бар ма, араларыңда? Егер де келсе, қарттарға: «Мен біршама жерді аралап саяхат жасадым, бірақ нәрсені үйрендім. Көп жұмыс істедім, көп табыс таптым, бірақ менің алтыным аз. Оның бір бөлігін ақымақтықпен шығындадым, ал қалған бөлігін ақылсыз әрекетпен жоғалттым» десеңдер, олар не ойлар еді?

Біреуде көп алтын болып, келесі біреуінде ештеңе болмаса, оны тастырдың талкегі санамай-ақ қойыңдар. Байлыққа не болғандар — байлықтың бес заңын біліп, соны ұстанғандар.

Бұл заңдарды мен жастайымнан меңгергендіктен, оларды ылғи да бұзбай келгендіктен — байыдым. Мендегі байлық еңкірдің күшінен жиналған жоқ.

Жылдам келген байлық, дәл солай жылдам кетеді. Егер де байлық білім мен тынғылықты еңбектің арқасында келсе, онда ол несіне бақыт сыйлап, ұзақ уақытқа сіңеді. Ақылды адам үшін байлық жинау қиын емес. Ол міндетті ұзақ жылдар бойы ұстану — күрделірек. Бірақ байлықтың бес заңын ұстану кез келген адамды несібеге кенелтеді.

Бұл бес заңның әрқайсысы терең мәнге толы, оны ұғынбасандар, хикаяны айтып бітіргенше, мен тағы да қайталаймын. Мен оларды жас кезімнен жатқа білемін, әрі оларды талай істе тексергенім бар.

БАЙЛЫҚТЫҢ БІРІНШІ ЗАҢЫ

Табысының кемінде оннан бір бөлігін өзі мен жанұясының болашағына жинайтын адамға ғана байлық дариды әрі қазынасы молаяды.

Табысының оннан бір бөлігін тұрақты түрде жинап, оны іске ақылмен салған адам, өз болашағына жететіндей әрі артында қалған жанұясына жеткілікті тірлік көзін қалдырып, лайықты байлыққа қол жеткізеді. Бұл заң осындай адамның қолына әруақта алтын құймасын бұйыртады. Бұған куә ретінде мен өз өмірімді мысалға келтіре аламын. Маған неғұрлым алтын қол жиналған сайын, соғұрлым ол маған мол көлемде келді. Жиналған алтын, мен ойлағаннан артық табыс әкелді. Ал жиналған қор еселене түседі екен. Бірінші заңның осындай күші бар.

БАЙЛЫҚТЫҢ ЕКІНШІ ЗАҢЫ

Өзіне табыскер іс тапқан адамның байлығы ғана тұрақты да қалтқысыз жұмыс істеп, өрістегі малдай көбейеді.

Жинақ - шынында да қалтқысыз еңбеккер. Ол мүмкіндік туғанда құлшыныспен молаяды. Байлық жиган әр кісі осындай табысты мүмкіндікке ие. Жыл өткен сайын ол табыс еселеніп, қайран қалдырар мөлшерге жетеді.

БАЙЛЫҚТЫҢ ҮШІНШІ ЗАҢЫ

Билікті адамдардың кеңесіне құлақ асып, ақылмен іске жаратқан кісінің байлығы еселенеді.

Жинақ шынында да, есуастан қашқан жандай, қамқор қожайынға сытылып кетеді. Байлықпен ісі болған адамның кеңесіне құлақ асатын жан, өз жинағын таускелге салмайды, оған қауіпті жолатпай, молаюына қуана қол жеткізеді.

БАЙЛЫҚТЫҢ ТӨРТІНШІ ЗАҢЫ

*Өзіне бейтаныс іске ұрынған адамның байлығы
қолдан сусиды.*

Жинақ көрмеген адамның қолындағы байлық кез келген мүмкіндікті пайдалы етіп көрсетеді. Алайда ол мүмкіндіктердің көпшілігі жинаққа катер төндіреді. Егер де ол мүмкіндіктерді тәжірибелі кісілер сараптайтын болса, олар пайдаға жарайтын мұрсаттың аз екеніне көз жеткізер еді. Сондықтан өздігімен өзіне бейтаныс іске қол артатын жинақ несі көбіне тәжірибесіздігі салдарынан қолда барын шапшып тынады. Істің мәнісін білетіндер кеңесіне жүгініп жинағын жаратқан жан ғана даналыққа жол салады.

БАЙЛЫҚТЫҢ БЕСІНШІ ЗАҢЫ

*Қолдан келмейтін іске ұрынған, болмаса
алаяқтар мен қулардың қармағына түскен немесе
тәжірибесіздігі мен қияли қылығы кесірінен тез
баюға ұмтылған адамның байлығынан береке
қашады.*

Жинағы бар адамға ылғи да сиқырға толы ертегідей алдамшы ұсыныстар түседі. Оларға карап, шексіз байлықты сиқырлы күш қана қолға түсіретіндей көрінеді. Бірақ за ондай жоспарға қалай мұқият үнілсең, тез байытатын ол істердің соншалықты тәускелге толы екеніне көз жеткізуге болар еді.

Бұл жағынан ниневиялық байдың еш уақытта қол жетпейтін табысқа басты байлығын тәускел етпейтінін ұмытпаңдар.

Байлықтың бес заңы осы. Хикаяны айта отырып, сендерге өт байлығымның құпиясын да аштым.

Шын мәнінде, ол байлықтың құпиясы емес, күн сайын аштық қысқан қасқырдай болғаннан, күйбен тірліктен суырылып алға шыққысы келетін кез келген адамға тән ақиқат еді.

Ертен біз Вавилонға жетеміз. Көрдiңдер ме, анау Ваала тәуханасының үстiнен самаладай самсаған оттарды. Алтын кала қол бұлғап тұр. Ертен сендердi лайық қызметтерiң үшiн алатын тиiстi жинақтарын күтiп тұр.


Он жыл өткен соң бұл байлықтарын туралы не айта аласыңдар?

Араларыңда Номасар секiлдi, Аркаттын даналығына сай алғашқы қаламды байлыққа барар жолға салатын бiреулерiң болса, онда он жылдан соң олар Аркаттын ұлы сияқты аukatты да абыройлы адам болмақ.

Бiздiң дана қылықтарымыз текке кетпей, әруақта бiздi өмiр бойы қуанытып, ләззатқа бөлейдi. Дәл сол сияқты ақымақ қылықтарымыз бiзге өмiр бойы мазамызды алып, қауiп төндiрумен болады. Өкiнiшке қарай, оны киiм секiлдi шешiл тастап, ұмытып кете алмайсың. Бiрақ iстей алатыныңды кезiнде тындырмай кеткенiң, қыр соныңнан қалмай, өмiр бойы өкшелеп жүредi.

Вавилонның хазынасы асыл-тегiл. Оны ешкiм де өлшеi алмас. Жыл өткен сайын шаһардың байлығы еселенiп, гүлдене түсуле. Бұл байлықтың бәрi де iскер адамдар үшiн марапат болып табылады. Әр адамның тiлегi мен ойында дүлей әрi сиқырлы күш

жасырулы. Байлықтың бес заңын білсеңдер, ол күшті өз пайдаларына жарата отырып, Вавилонның байлығынан өз үлестерінді аласыңдар.





Вавилондық өсімгер

Колында тура елу алтын бакыр! Вавилондық бакыр басушы Родан шеберлік әмиянында ешқашан да мұнша ақша болған емес. Көңіл көпестен ол дүниедегі ең жомарт патшаның сарайынан келе жатты. Ол жүрген сайын бөліне бекітілген шиланның ішіндегі алтын теңге хәңілді қыдықтап, сыңғырлаумен келеді. Бұл оның өмірінде тыңдаған ең жағымды әуені болар.

Барлығы – елу алтын бакыр! Ол өзіне өзі сенер емес. Сыңғырлаған бұл дөңгелекшелерде не сықыр бар еді! Бұған бәрін де – зәулім үй, жер, мал, келе-келе түйе, үйір-үйір жылқы, пілті жайлы арба да сатып алуға болады.

Оны қайда жұмсаса екен. Ол өзінің қарындасынын үйіне баратын көшеге түскенде, оның кеудесін осы ой мысықша тырналады.

Бірнеше күн өткен соң, бойын мазасыздық билеген Родан өсімгер әрі бағалы заттар мен сирек нәрселер сатушы Матонның дүкеніне кірді.

Жағалай алуан түсті тауарларға көзін де салмастан, ол үйдің түп жағындағы тұрғынжайға қарай өтті. Мұнда ол кілемге жайғасып, қара өңді құлдың берген асын ішіп отырған Матонға жолықты.

– Мен сенімен ақылдасқым келеді, өйткені не істерімді білмей жүрмін. – Родан былғары кеудеге киген жүнді төсін керіп, нық тұрды.

Қушиған сары жүзді Матон күлімсіреген күйде сәлемдесті.

– Өсімгер керек болғандай, сен не бүлдіріп қойдың? Неліктен сәттілік сағып кетіп, ойын үстелінде ұтылып қалдың? Әлде мамықтай жұмсақ бір сұлу өз торына түсірді ме? Мен сені көп жылдан бері білем де, менен көмек сұраған жерін болған емес.

– Жок, оның бірі де болған жоқ. Маған алтын керек емес. Мен сенен кеңес алуға келдім.

– Мәссаған, мынау не деп тұр, ей! Өсімгерге ақылдасуға кім келетін еді. Мен не естіп отырмын?

– Сенің құлағың дұрыс естілді.

– Мүмкін емес! Матонға алтын үшін емес, кеңес үшін келетіндей Родан басқадан неліктен ақылдырақ болды екен? Көптеген адам келіп маған өздерінің ақымақтығы үшін төлейтін алтын іздеп келеді, бірақ олар ешқашан ақыл сұраған емес. Ал әркімнің шарасыздығын сенілетін өсімгер кеңес бермегенде, кім береді? Қане, Родан, хел асқа! Сен бүгін менің құрметті қонағымсың! Алду! – ол құлды шақырды. Маған кеңесу үшін келген Родан досыма көрпе жай. Ол бүгін маған қадірлі мейман. Оған астың таңдаулысын молырақ әкел, құмыраны шарапқа толтыр. Ал енді мазанды алған жайтты ортаға сал, мейманым.

– Ол патшаның марапаты ғой.

– Патшаның марапаты?! Патша берген марапат мазанды алып жүр ме? Ол не марапат?

Патшаның торғауытына (гвардия) найза ұштарын жасаған едім, ол риза болып, маған елу алтын бақыр берді. Енді мен кинаялып жүрмін. Біреу-біреу бөлісуге киная ма деп басым қатып жүр.

Оның рас. Жұрт өзінде болмаса да, өзгенің алтынын бөлісуге аркашан да құмар келеді. Бірақ сен олардан бас тарта алмайсың ба? Әлде жұдырығыңнан гөрі жігерің осал ма?

– Мен көбінен бас тартармын-ау, бірақ кейде келісе салған ыңғайлы ғой. Мысалы, туған қарындасымнан қалай бас тартамын?

– Әрине, қарындасын болса, сенің марапатыңды бөлісуден бас тартпас.

Бірақ қарыз күйсеубалам Араманға қажет болуда. Ол мұндай мүмкіндіктің өзінде болмай келгенін айтып, қарызға алғысы келеді. Байығасын қайтаруды мойнына алмақ.

– Досым, Матон әңгімеге шындап кірісті, – Абзалы, байлық адамға үлкен жауапкершілік жүктейді және жұрттың өзіне деген қатынасын өзгертеді. Алтынға не болған кісі оны біреу ұрлай ма әлде жоғалтам ба деп қорқады. Онымен бірге адамды ол қызықты нәрсе істеуге құлшындырады, алайда қайырымды қай іс те бір нәрсеге ұрындыруы ықтимал.

Сен айуандар тілін білетін ниневиялық шаруа жайындағы хикаяны естіп пе едің? Естімеген боларсың, ондай әңгімелер ұстанын көрігі жанында айтылмас болар. Мен саған ұғу үшін мынаны айтам. қарызға ақша беру – алтынды қолдан қолға бере салу емес.

Әлгі айуандардың өзара тілдесетінін ұғатын шаруа, кешкісін ауласында отырып алып, түрлі жан-жануардың әңгімесін тыңдайды екен. Бір күні өгіздің өз тағдырын айтып, есекке шағынғанын естіпті:

Мен тәннан ымыртқа дейін соқаны тартумен жұмыс істеймін. Күннің ыссы екенімен де, менің аяғымның ауырғанымен де, иықша мойнымды қажағанымен де ешкім санаспайды. Ал сенің өмірің рахат қой. Үстіне алуан түсті жабу жабулы, қожайынды

баратын жеріне аларып тастағаннан басқа шаруаң да жоқ. Ол ешқайда бармаса, сен күні бойы көк шөпті күйсеп тұра бересің.

Есек өзінің кикарлығына қарамастан, қайырымды болатын, ол өгіз байғұсты сонша аяп кетті.

— Шынында да, досым, — деді ол, — сенің тірлігің мүшкіл екен, мен халыңды жеңілдетсем қайтеді. Күні бойы демалудың ретін мен саған айтайын. Ертеңгісін құл сені соқаға жегуге келгенде, сен ыңкылдап, сырқаттың күйін көшесің, ол сені наукас екен деп ойласын.

Өгіз есектің айтқанын қылды да, оның жайын көрген құл хожайынға өгіздің соқа тарта алмайтынын жеткізді.

— Ендеше, — деді шаруа құлға, — соқаны есекке жек.

Досына қайыр тілеген есек күні бойы өгіздің жұмысын істеп дінкесі құрыды. Ымырт түскесін ғана оны соқадан босатты, ал оның жаны күйінгені өз алдына, аяқтары талып, иықша қажағал мойнынан сау-тамтық жоқ екен. Шаруа екі жануардың әңгімесін тыңдауға ауласына шықты. Әңгімені егіп бастады:

— Сен шынында да нағыз дос екенсің. Сенің құнды ақылың арқасында бүгін күні бойы рахаттанып тынықтым.

— Ал мен, — деді есек, — досына қайыр тілеп, оның азабын өз мойнына алған ашық ауыл болдым. Енді сен соқанды өзін тәртіпке жөн. Себебі мен хожайынның құлға сен сауықпасаң, сойып тастауын тапсырғанын естідім.

Осымен әңгіме де, достық та тамамдалды. Бұл жайттың мәнісін ұқтын ба, Родан?

— Қызық жайт екен, — деді Родан, — бірақ мәнісін сонша ұқпалдым.

— Солай боларын мен де білгем. Бірақ оның мәнісі бар және ол қарапайым ғана. Егер сен досына жанық ашыса, оның азабын өзін тартпайтындай қайыр тигіз.

– Бұл жайында мен ойламаппын. Нағыз даналық екен. Мен күйсубаланың азабын тартуға құлшынбаймын. Бірақ айтшы, сен жұртқа ақшаны қарызға таратасын ғой. Оның бәрі де қайтара ма?

Маған жымиды, оның бұл жымиысы талайды көріп, көп нәрсені бастан кешкенін білдіргендей сыңай еді.

– Берешек адамның төлеуге жағдайы болмаса, оған қарыз беруге бола ма, айтшы? Қарызды қаншама бере білсең де, ылғи да ол қарыздың саған қаншалықты пайдасы болатынын және ақшаң қайта ма, жоқ па, соны ойлау керек. Әйтпесе, дымсыз қалуға болады. Мен саған қобдидағы кепілзаттарды көрсетейін, олардың өзі-ақ саған талай хикаяны айтар еді.

Ол бөлмеге құшаққа торға сыятын қобди алып келді, оның сырты шошқа терісімен қапталып, жаншылған қуламен әшекейленіпті. Ол қобдиды еденге қойды да, жанына малдас құра отырып, қос қолын қобди үстіне қойды.

Қарыз ақша берген әр адамнан мен кепілзат аламын да, оны қарызды қайтарғанша қобдиымда сақтаймын. Қарызды қайтарған адамға оның кепілзатын беремін, болмаса ол менде қалады. Ең дұрысы, қобдиымның ойыма салғаны бойынша, адамдар менен қарызды қанша алғысы келсе, сонша алады. Ол үшін оларда жер, асыл тастар, мал немесе басқа да құнды заттар болуы керек. Олардың кейбіреуі маған қарыз ақшадан да құнды нәрселерін кепілдікке беріп кетеді. Енді біреулері, егер де қарызды қайтара алмаған жағдайда, маған әлдебір мүлкін сату құқығын беруге уағдаласады. Осындай қарыздар барынша қайтымды болады. Мен өзімнің қарызға берген алтынымның үстемеленіп қайтатынына сенемін, өйткені қарыз мүлікке негізделген.

Табыс таба алатын адамдар, енді басқа санатқа жатады. Олар сен секілді жұмыс істейді немесе қызмет

етеді де, оған тиісті ақысын алады. Ондайлардың табыс көзі бар, егер де сәтсіздікке ұшыраса, онда олар да қарызды пайызымен қоса хайыра алатынына сенем. Мұндай қарыз еңбекке негізделген.

Мүлкі де, табыс көзі де жоқ адамдар бар. Өмір – қатал, оған бейімделе алмағандар да табылады. Мұндайларға қайырымды достары кепіл қолын ұсынбаса, ондайларға қарызға бергенмен, бақыр тиынды да қайтарамын деп ойламаймын.

Матон қобди тиегін ағытып, қақпағын көтерді. Родан шыдай алай алға ұмтылды.

Кепілзаттар бетінде қызыл матаға оралған қола алқа жағты. Матон оны қолына алып, сүйсіне салмақтады.

– Бұл енді менің қолымда қалады, өйткені иесі одүниеге өткелі қашан. Мен бұл әшекейді иесіне деген естелік үшін сақтаймын, өйткені ол менің жақсы досым еді. Ол шығыс жақтан өзіне қалыңдық әкелгенше, екеуіміз сауданы табысты жүргіздік. Ол келіншек сұлу болатын бірақ басқа әйелдердей емес, шөлжан болды. Жұбайы оның еркелігін көтеріп, қолдағы барын шашты. Алтыны біткенде, ол маған ұнжырғасы түсіп келіп еді. Онымен ұзақ сөйлестім. Мен оған өз ісінің аяққа тұруына көмегімді ұсындым. Ол Зенгі баба бейнесінің алдында солай етеріне уәде етін еді, бірақ оған тағдыр жазбапты. Үйдегі кезекті жанжал кетінде оған әйелі жүрегіне пышақ сұғып тынды.

– Әйелге не болды?! – деп құмарты сұрады Родан.

– Міне, мынау – сонкі, – Матон санді киімді көтеріп көрсетті. – Өмірден түңілген күні Еуфрат суына кетіп өлді. Бұл екеуі қарыздың орнына қалған кепілзат. Родан, бұдан сен сезімге тұтқын болғандардың өсімгерге сенімді серіктес емес екенін ұға бер.

Мында басқа бірдеңе бар екен. – Ол қобдидан өгіз сүйегінен ойылған жүздікті алып шықты. – Бұл бір

шаруанікі болатын. Онын әйелінен мен кілем сатып аламын. Бірде шегіртке қаптап, олар астықсыз қалды. Мен оған жардемдестім де, ол маған қарызын жаңа астықтан қайырды. Спсын ол шалғайдағы шетелде бар ұзын да, жұмсақ кылды ешкі турасында білгенін айтты. Одан Вавилонда жоқ керемет кілем тоқуға құмартты. Ол бір отар ешкі сатып алғысы келді, бірақ ақшасы болмады. Мен оған қарыз бердім. Ол отар ешкіні алып келді, енді келесі жылы вавилондық алпауыттардың қалаған кілемін алдарына жайып салғалы отырмын. Жуырда бұл жүзiкті қайтаруға тура келеді. Шаруа мерзімінде төлеуге уәдесін берді.

– Сонда қарызы көпшілігі қайтара ма? – деп қызына сұрады Родан.

Егер олар ақшаны табысты іске алса, қайтарады. Егер де олар өз қатесін төлеуге мәжбүр болса, онда алтыныңды көру мүмкіндігі үлкен емес.

Мына кепілзат жайлы айтып берші, – деп өтінді Родан, қолына айнала асыл тастары бар салмақты алтын білезікті алып.

Менің досыма әйелдер жағатын сияқты, – деп мырс етті Матон.

– Қанша дегенмен, мен саған қарағанда жаспын ғой, – деп Родан ессесін жібермеуде.

– Онын дұрыс, бірақ бұл жолы сен ғашықтық мәселесін жоқ жерде іздеп отырсын. Бұл білезіктің иесі – сөзінде мән жоқ, көп сөйлейтін, былинған, келбетін әжім басқан бір ханым. Кезінде ол айтарлықтай бай болатын. Онын ұлы бар, соны саудагер еткісі келеді. Сондықтан ол маған келіп, қаладан қалаға барып, айырбас саудасымен айналысатын керуенге ұлына ақша беріп ертіп жіберуді ойлап, келген. Бірақ керуен басы алаяқ екен, бозбаланы ұйықтаған күні ақшасын, жалғыз өзін бір қалаға қалдырып кетіпті. Бәлкім, ол

сергелден саналы тәжірибеге айналғанда, менін ақшам қаптар Әзірге еститінім – тек қана уәде. Алайда мына асыл тастар берген қарыздың құнына тұрады.

Анау әйел қарыз аларлан бұрын сенен кеңес алды ма?

Түк те. Ол керісінше, ұлы туралы Вавилондағы бай да ықпалды адам ретінде сөйледі. Карсылық білдірсем, ол жынданар еді. Мен оның ұлының шикі бала екенін білдім, бірақ ол кепілзат ұсынғасын, мен одан бас тарта алмадым.

Ал мынау, жалғастырды Матон, түйіншектің жіңішке жібін шепп жатып, – Түйе саудагері Небатырға тиесілі. Ол бір хеле¹ түйе сатып алуға ақшасы жетпегенде, осылайша түйін түйеді, ал мен оған қанша керек болса, сонша берем. Ол нағыз саудагер. Мен оның сергек ақылына сенем, сондықтан оған ойланбастан қарыз берем. Вавилонданы көптеген саудагерлер менің сеніміме толық кіріп алған, өйткені олар істі әділдікпен атқарады. Олардың кепілзаты менің қобдиымда көп жаппайды. Жаксы саудагер – қаламыздың олжасы гой. Менін оларға көмегім өзіме пайдалы, ал оларға менің ақшамды қолдану тиімді.

Матон қобдидан лағыл тастан ойылған қобыз бейнесін жиіркенішпен еденге лақтырып жіберді.

Мына қоңыз Египеттегі. Қарызды қайтару несінің ойына да кіріп шықпайды. Мен есіне салсам, ол маған: «Мені кесір жайлап жатса да қайтарамын. Ал сенде онсыз да ақша көп қой». Енді не істейсің? Кепілзат оның абыройлы әкесіне тиесілі, ол баласының ісін қолдау үшін жерін де, малын да салды. Әуелі баласының істе жолы болды, сосын оның сараңдығы мен тәжірибесіздігі түбіне жетті. Ісінің бәрі кері кетті.

¹ хеле – түйе тобыры

Жастық шақта адам тәуекелшіл келеді. Байлыққа да, алдамшы игілікке де жеңіл жол іздейді. Тезірек баю үшін жастар ойланбастан қарызға батып жатады. Өмірді бастамай жатып, олар сенімсіз қарыздың бір түссен шыға алмайтын терең құт екенін сезбейді. Ол түнек тұңғық қой.

Бірақ, егер де жұрт жарқын мақсатқа ұмтылып жатса, қарыз алмауға азғырмаймын. Өз басым ылғи да қарыз алумен саудатер болдым.

Дегенмен әлгі балаға молайтушы не істеуі керек? Жас болғасын жігері мұқалады, ісі өнбейді. Тіпті қарызды өтеуге талпынбайды да. Ал мен оның әкесінің жері мен малын тартып алғым келмейді.

– Сен маған біраз жайтты мәлім еттің. – Родан ризалығын жасырмады. – Бірақ өз сауалыма жауапты естімедім ғой. Күйеубаләма елу алтынбақырды бергенім жөн бе? Ол ақша маған сондай қадірлі.

Қарындасың келісті адам, мен оны сыйлаймын. Оның күйеуі маған келсе, одан қарызды қалай пайдаланарын сұрар едім.

Егер де ол мен секілді асыл тастар мен қымбат жиһат саудагері болуды ойластырса, тағы сұрар едім. «Сауда жөнінде не білесің? Тауарды ең арзанға алатын жерді білесің бе? Оны қымбатына қалай сатпақсың?» Қалай ойлайсың, ол осы сұрақтарға жауап бере ала ма?

– Жауап бере алмас, – деп келісті Родан. Ол бар болғаны маған найта жасауға көмектесті ғой.

– Онда оған, ниетті толық ойластырмағанын айтар едім. Саудагер өз ісін толық зерттеуі керек, ал оның ниеті әзірге ештеңеге негізделмеген. Мен оған алтынды бермес едім.

Ол мысалға: «Иә, мен саудагерлерге жардемдестім. Смирнуға барып арзан хілем сатып әкелуді білем», десе, оның ниетіне ден қойып, ісін қолдауға болар еді.

Егер де қарызды қайтаруға кепілдік берсе, елу алтын ақшаны бере салар едім. Бірақ ол: «Менде кепілдік жоқ, алайда қарызды қайыруға таза абыройыммен ант етейін» десе, мен: «Әрбір бақырды қадір тұтатын адаммын. Смирнуға барар жолда қарақшылар ақшаны тартып алса, болмаса қайтар жолда қилемді тонап алса, қарызға алған менің алтыным бірге құриды ғой».

– Көрдің бе, Родан, ақшаны өсіру де – саудагерліктің бір жолы, тек қана ақшамен сауда қылу. Ақшаны қарызға беру қиын емес, бірақ ойсыз бере салған ақшаны кері қайтару – қиынның қиыны. Білікті өсімгер ақшасын босқа таусқелге тікпейді, оған қайтарым кепіл керек.

Иә, кедейге қол ұшыя берген жөн, тағдырдың соққысына ұшырағанға көмектесу қажет. Бірақ бөгдеңнің міндетін өзіне артқан есектің ахуалын көшіпес үшін, көмекті ақылмен берген мақұл.

– Сенің көздеріңнен тағы бір сұрақты оқып тұрмын, Родан, менің жауабым мынау: анау алтыныңды өзіңе қалдыр. Өзіңбегіңге бұйырған алтын – сенікі, өз қалауың болмаса, оны ешкіммен де бөліспеуге қакын бар. Егер оны молайтуға бағытталған қарызға айналдырғын келсе, оны ақылмен істе. Сен қанша жыл бойы найза жасап келесің?

Толық үш жыл болды.

Патша марапатын қоспағанда, осы жылдар ішінде қанша ақша жинадың?

Алтын үш бакыр.

– Сен өзіңді көп нәрседен тыю арқылы жылына бір бакырдан ғана жинадың ба?

– Дәл солай.

– Демек, сен елу жыл ішінде елу алтын бакыр жинар едің.

Сонда, өмір бойы сонша ақшаға ғана қол жеткізер екем ғой.

– Нәліктен, сенің қарындасың өз күйеуің саудагер болып байқауға ғана сенің елу жылғы ақынды алып тәуекелге салмақ?

Жок, сен секілді түсіндірсем, ол бас тартар.

– Ендеше барып айт: «Үш жыл боны танның кешке дейін еңбек еттім. Өзіме де кимастан жылына бір алтын бақыр жинадым. Сен – менің сүйікті қарындасымысың, күйеубаланың да өзінің сүйікті ісінде жемісті болуың қалаймын. Егер де ол менің Матон досым қолдайтындай нақты жоспарың айтсын, мен бір жылғы жинағымды берейін, ал ол қолыңнан іс келетінін көрсетсең». Дәл осылай істегі. Егер онда кепілзат болса, соған сәйкес қарыз бергің, ал егер жоқ болса, онда қайтара алатын сомасың ғана ұсын.

Мен өз саудамнан артылған алтыным болғасын ғана өсімгер болдым. Алтынымның өлгенге жұмыс істегенін қалаймын, бірақ ол маған пайда келтіруі қажет. Оның үстіне ол таза еңбегімнің ақысы болғасын, бостан босқа жоғалтқым келмейді. Сондықтан істің мығым екенін және алтынымның кері қайтатынына көзім жетпесе, кім көрінгенге қарыз бере салмаймын.

Мен саған қобдиымдағы кейбір құпияларды ғана айттым, Родан. Солардың ішінде, ақшаны қайтаратындай берік мүмкіндігі болмаса да, қарызға алуға құмар пенделердің көп екеніне көз жеткіздің. Сонымен бірге, егер де адамда жеткілікті қабілет пен тәжірибе болмаса, тезірек әрі ірі табысқа жетерлік үміттің түкке тұрғысыз екенін байқадың.

Сенде алтын бар, енді сен оның қолыңнан сусып кетпей, өзіне жұмыс істеп, табыс әкелуін ойлануың керек. Мен секілді молайтуға жұмсауыңа болады. Өз жинағыңды көздің қарашығындай қорғасаң, ол саған алдын-ала бірнеше жылға жетерлік мол табыс сыйлайды. Ал оны қолдан шығарып алсаң, өмір бойына

жетерлік ашы өкініштен арылмайсың. Ал енді өзіңде қандай жоспар бар?

- Алтынды жоғалтудан сақтауым керек.

- Дұрыс әңгіме, - Матон мақұл сынай тақытты. Алғашқы тілегін алтынды сақтау. Ал күйеубалаңда ол сақталар ма еді?

- Олай болмас деп қорқам. Ол сақтай алмас еді.

Ендеше, жасанды туыстық сезімге беріліп керек емес. Егер де туысына жанашырлық жасағын келсе, оны басқа жолмен, қолда бар жинағыңды тәуекелге тікпейтіндей, істе. Алтынның оны сақтай алмайтын адамның қолынан алды-артына қарамай кететінін ұмытпа. Оған да, өзгенің ақшаңды қалай жоғалтып жатқанын бақылап отырғанда, оны өзің жұмсағанын жөн ғой. Ақшаңды қатерден сақтаудан басқа тағы не ойлайсың?

Оның маған ақша еселегенін қалаймын.

- Бұл айтқанын да жөн сөз. Алтынның өсіп, көбейгені дұрыс. Егер де оны ақылмен іске салсаң, қартайғанша, ол еселене алар еді. Егер де оны жоғалтсаң, онда болашаққа табыс әкелетін ақшаны да бірге құртасың.

Сондықтан өңдері істің ретін білмейтін және сенің ақшаңды тәуекелге тігіп байығысы келіп, бас қатыратындарға басық айналасың. Олардың құрғақ уәдесі сенің жиған-тергеніңді бір сәтте-ақ, жоюы мүмкін. Оған да ісің оңға басқандармен бірге болғанын абзал. Білігі мен тәжірибесінің арқасында олар саған ақшаңды да сақтайды, мол табысқа да кенелтеді. Осы жолмен ғана күтпеген олжаға кенелген көп адамдардың жіберетін қатесіне жоламайсың.

Патшаның мына сыйы саған әлі талай сабақ береді. Өзіне өзін сәк бол, өйткені алдан әлі де талай алдамшы жайттар күтпін тұр. Саған жұрт ірі табысқа жеткізетін

талай кеңес те, мүмкіндік те береді. Қобдинымды ақтарып саған айтқан хикаялар сені ойланбай әрекет етуден сақтар әрі басқаға қарызға берген әрбір бақыр саған амап-есен табыспен оралар. Болашақта кекесім керек болып жатса, мен саған құлшыныспен беремін.

Кетпес бұрын, қобдидың төменгі жағына ойып жазған жазбаны оқып шық. Ол жазба қарызды берушіге де, алушыға да қатысты

ҮЛКЕН ӨКІНІШТЕН, БОЛМАШЫ САҚТЫҚ АРТЫҚ



Вавилондық бекініс

Вавилонның ежелгі дуалына апаратын жолды катал да карт Банзар батыр күзетіп тұр. Дуалдың үстінде қаланың қайсар әскері жанталаса қорғануда. Мыңдаған тұрғыны бар осы бір ұлы шаһардың одан әрі аман қалуы соларға ғана байланысты болып тұр.

Заулім дуалдың арғы жағында шабуылдаған қолдың мыңдаған сарбаздары ұлап-шулап, ат тұғынын дыбысы толассыз естіледі, ал қола қақпаңы атқылаған тас атқыш тарандар да ауық-ауық дүңкілдеуде.

Қала көшелерінен жиналған қақпа маңына найзагерлер шоғырланды, олардың тарап соққысына шыдамай, ашылған қақпадан лал қоятын жауға төтеп беруге әзірленген беттері болатын. Олар көп емес еді. Вавилонның негізгі қолы патшамен бірге шығысқа. Элам еліне шабуылға аттанған еді. Олар жоқта қалаға жау шабарын ешкім күтпеген, сондықтан қалада әскер қолы аз болатын. Сол тұстан бай қалаға Ассирияның тегеурінді қолы дүрсе қоя берді. Енді Вавилонның берік бекінісі ғана орасан шабуылға тойтарыс беруіне тұра келуде.

Банзардың маңына өңдері қашып, үрейі ұшқан қала тұрғындары шоғырланып қалыпты. Олар шайқас орнынан жаңалықтар күтуде. Ұрыс орнынан әкелінген

жаралылар мен өлгендерді тым-тырыс қана бағумен тұр.

Шайқастың басты бағыты осы қақпаларға бағытталған. Қала бекінісін үш күн бойы айнала жүріп, дұшпан қолы күтпеген жерден негізгі күштерін қақпаларға қарай жөнелткен еді.

Қала қорғаушылар бекініс үстінен жаудың көтергілері мен баспалдақтарына жебені жаудырып, қайнаған май шашуда, біреулері дуал үстіне шыға қалса, іске найза қосылуда. Қарап жатқан дұшпан жоқ, бекініс қорғаушыларына да жебені қарша боратуда.

Бантар тұрған маннан шайқас алаңы алақандағыдай екен. Ол шайқас алаңына да жақын жайғасыпты, оған шабуыл жөніндегі ақпар да дер кезінде жетуде.

Оған қарт саудагер қолы дірілдей жанаса кетті.

– Айтшы! Айта төрші! – жалынды ол – Аналар бекініске өте алмайды ғой? Менің ұлдарым патшаға еріп кеткен. Кемпірім скеумізді қорғайтын ешкім қалмады. Олар менің мүлкімді, барымды тонайды-ау. Ештеңе қалмайтын болды! Қорғануға да, құл болуға да жарамаймын – кәріміз ғой. Өлетін болдық. Айтшы, аналар өте алмайды ғой, солай ма?

– Сабыр ет, досым, деді сардар. Вавилонның бекінісі берік. Батарға бар да, кемпіріңе айт, қала бекінісі патшаның қазынасын қорығандай, өздеріңді де, мүліктеріңді де қорғайтынын жеткіз. Қабырғаға сүйенсе жүр, жебе тияп кетпесін.

Саудагер орнына емізулі бала көтерген әйел тұрды.

Сардар, айтыңызшы, бекіністе не болып жатыр? Менен жасырмаңызшы, мен бейшара күйеуімді тыныштандырайын. Жараның кесірінен оның ыстығы көтеріліп жатыр, бірақ ауық-ауық қалқан мен найзасын сұрауда. Баласы мен скеумізді қорғауға аттанғысы

келеді. Онын ішірінше, бекіністі бұзған жаудың айбыны жаман болады.

– Жүрегіңді бас, айналайын. Вавилон бекінісі мына балаңды да, өзінді де, болашақ балаларыңды да қорғайды. Дуал аса биік әрі мығым. Шабуылға шыққан жауға ыссы май құйған біздің жауынгерлердің дауысын естіп тұрған жоқпысың?

– Иә, естіп тұрмын. Бірақ қақпаны соққылаған таран дыбысын да естіп тұрмын ғой.

– Жұбайыңа бар. Оған бекініс қақпаларының гаранға төтеп беретінін айт. Дуал үстіне шыққандарды зымыраған найзалар қағып түсіретінін жеткіз. Абайлап жүр, үйлердің арасымен қайт.

Банзар ауыр қаруланған қосалқы күшті өткізу үшін қапталға ығысты. Қола қалқандары қаңғырлап, олар өткен кезде, оған қаршадай қыз жабыса кетті.

– Айтушы, сардар, біз аман қаламыз ба? Айналадағы дыбыстан қорқып тұрмын. Қаптаған адамдар қансырауда, маған сонша қорқынышты. Менің апам, кішкентай ініме не болар екен?

Қарт сарбаз көзін сығырайтты да, оның негін қысып қойды.

– Қорықпа, балақан, – басынан сипады, – Вавилон бекінісі сені де, анаңды да, ініңді де қорғайды. Сол үшін жүз жылдан аса уақыт бұрын ұлы Семирамида тұрғызған мұны. Бұған әлі күнге ешкім басып кірген емес. Кері қайт та, апам мен ініме айт, бекініс берік, қорқатын түгі де жоқ.

Тын қосалқы күш дуал үстіне шығып шайқасады да, олардың жаралылары мен өлгендерін кейін алып кететінін бірнеше күн бойы қарт Банзар бақылаумен болды. Оны айнала үрей ұшқан жұрт толастар болмады. бәрінің де қоятыны бір сұрақ: «Бекініс төтеп бере

ме?» Оның бәріне де онын ардагерге тән мақтанмен айтатыны: «Вавилонның бекінісі сендерді қорғайды».

Үш апта және бес күн бойы қаланы соққылау бірде-бір толастамады. Қан сасыған өткілмен қосалқы күш қатары жотары қарай бірінен соң бірі қанша өтсе, соншама олардың жаралы тобы мен өліктерін шығарғанын бақылаған Бантар ернін барған сайын аямастан тістелеп тұрды. Күн өткен сайын, бекініс түбінде өлген жаудың өліктері де таудай болып үйіле берді. Оларды түнде ғана жолдастары алып кетіп, жерлеп жатты.

Төртінші аптаның бесінші күні ғана айқай-шу сап тыйылды. Жаңа туған айдың сәулесі жазыққа түсіп, шетінген қолдың шаңын көрсетті.

Бекініс қорғаушылардың әлемет айқайы айналаны тітіркентті. Оның мәніне қателесу мүмкін емес еді. Ол айқайды дуал түбіндегі сарбаздар іліп әкетті де, одан әрі жаңғырық іспетті дауыс көшелерді жаңғыртты.

Жұрт үйлерінен шығып жатыр. Көшелер халыққа лық толды. Өткен апта бойы ұйлыққан үрей қуанышқа толы айқайна ұласты. Ваала тауханасының мұнара басынан жеңіс оты аспанға шалшыды. Көкке көтерілген көгілдір түтін, шаттыққа толы жаңалықты түкпір-түкпірге жеткізуде.

Вавилон бекінісі қала қатынасы мен байлығына қол сұғуды аңсап, тұрғындарын құл етуді көксіген қуатты дүшпәнға осылайша тойтарыс берді.

Вавилон ғасыр сайын гүлдене берді, өйткені ол толық қорғаныста еді. Басқа жайтты ол өзіне керексізбенген қала еді.

Вавилон бекінісі қорғанысқа деген адамдық қажеттіліктің көрінісі болатын. Ол ниет әркімге де тән. Бүгінде ол, өткен замандардан гөрі, тіпті күштірек,

бірақ бізде енді сол мақсатқа жарайтын одан да жақсы әрі қуатты саймандар бар.

Бүгінде ондай саймандарға сақтандыру компаниялары, жинақ шоттары, нысаналық инвестициялар жатады. Олар бізге кез келген есіктен кіріп келетіндей, тосын апаттан қорғануға жарайды.

ЛАЙЫҚТЫ ҚОРҒАНСЫЗ, АЛҒА БАСУҒА БОЛМАЙДЫ





Вавилондық түйе сатушы

Адам аш болған сайын, оның ойы айқын болып, астың нісі анығырақ шығады. Азмұрдың ұлы Таркат та солай ойлайды. Біреудің бағында жұлып жеген екі түпір жаңғақты айтпағанда, нәр татпағалы екі күн болды. Әлгі бактан басқа ештеңе жұлып үлгермеді, қожайының қабаған иті үйінен жүгіріп шығып, мұны қуа жөнелді, тіпті көшеге түсіп алып, соңынан біразға дейін қалмады. Оның аңы дауысы бұл базар алаңына кіргенде де құлағынан кетпей қойды. Шырыны тамшылаған жемісті себеттен уыстап ала қашар еді, әттең, құлағындағы әлгі иттің шәңкілі болмағанда.

Ол бұрын Вавилон базарының сөресінде нісі аңқыған мұншама алуан дәмді астың боларын ойламапты. Базар алаңынан ітті де, керуен сарайға келіп, есік алдында біраз сенделіп жүрді. Ол әлдебір танысты кездестіріп, одан ең болмаса жез бақыр сұрап алуды ойлады. Томсырайған азғынды сол ғана күлімсіретіп, дәмханадан бір шығуға итермелер еді. Ақпасыз ол мұнда шақырылмаған қолақтай екенін жақсы білді.

Ойға кеткен Таркат, кездейсоқ түрде кездеспеуге тиісті түйе сатушы Табасармен бетпе-бет келіккенін қарашы! Ол Табасарға қарызын беруге әлдеқашан уәде берген.

— Ау, Таркатпысын?! — анау қуанып кетті. Мен де сені ойлап, бір ай бұрын алған қос жез бақыр мен одан да ертерек қарыға берген күміс бақырды қашан қайтарар екен деп келе жатыр едім. Кездескеніміз жақсы болды. Маған да ақша керетін гүр еді. Ал не дейсің?

Таркаттың өңі түнеріп сала берді. Оның аш қарыға сөзуар Табасармен дауласуға күш де жоқ еді.

— Кешіре гөр, — деп ол күмілжіді, — бүгін менде сенімен есептесуге жез де, күміс те ақша жоқ.

— Ендеше, қайдан болса да тап, — Табасар да тән берді. — Саған екі жез бен бір ғана күміс бақыр табу не тұрады, қиын кезде көл ұшып берген әкеңнің досына.

Таба алмаспай. Менің қыр соңымнан әлдебір сәтсіз тағдыр қалмай қойды.

— Сәтсіз тағдыр! Өз қатен үшін Жаратқанды кінәлама. Сәтсіз тағдыр қалай қарызды қайтарам дегенді емес, қалай қарыз алуды ғана ойлайтын адамды қуалайды. Қане, жүр менімен, ас пікенше күш отырасын. Қарным ашты әрі саған бір хикаяны айтып беруге керек.

Табасардың дөрекі турашылдығы теңселтіп кетті. Таркатты, дегенмен бұл дәмхана табалдырығын аттауға мүмкіндік беретін шақыру еді. Табасар оны түпкі бұрышқа қарай итеріп жіберді де, екеуі кілемше үстіне жайғасты. Оларға жымиыспен жақындаған Қауысқор қожайынға, Табасар өзіне тән мәнерде:

— Қане, шөлдаланың семіз кесірткісі, маған жақсы қуырылған қойдың саны және көбірек нан мен көкөніс әкел, аштық қысып барады. Айтпақшы, менің досымды да ұмытпа. Оған бір құмыра салқын су әкел. Бүгін аспан жерге түскендей ысып кетті.

Таркаттың жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Неліктен Табасар асаған қой санына қарап, су ішумен отырмқ? Бірақ ол ештеңе демеді. Оның басына айтар сөз де

келмеген еді. Табасар үнсіздік дегенді, тіпті білмейтін болар. Дамханаға кірген таныстарына сәлем ретінде күлімсірей қол бұлғады да, сөзін жалғалы:

– Орфадан кайтқан саяхатшылардан бір бай туралы естідім, ол өзіне тастап айнек тілдіруге бұйрық беріпті. Ол үйін жанбырдан қорғау үшін алғаш терезесіне салдырыпты. Тас айнек сарғылт түсті екен, одан далаға қарап көрген олар, басқа түске боялған дүниенің ерекше екенін айтып даурығысады. Бұған не дейсін, Таркат? Дүниенің басқа түсті болуы мүмкін бе?

– Бары да мүмкін, – бозбаланы Табасар алдына қойылған қуырылған қой саны көп алаңдатты.

Мен оған сенемін, өйткені өзім де өзге түсті дүниені көрдім. Менің саған айтқалы отырған хикаям да сол менің дүниенің кәдімгі түсін көргенім жайлы болмақ.

Табасар бір қызық хикая айтқалы отыр, – деп көршілер сыбырласып, төсеніштерін жылжыта бастады. Басқалары да шайнандаған ауыздарына тыныштық беріп, доға тәрізді жайғаса қалды. Бәрінің қолдарында да, жартылай мүжілген жілік. Жалғыз Таркат қана әссыз отырды. Табасар қой санын бөлісер емес, тіпті ыдыстан еденге түскен бір тілім нанды да ұсына қоймалы.

– Мен айтқалы отырған хикая, – деп бастады Табасар, бір кесек етті шайнандап, – менің жас кезіме қатысты. Ол менің қалай түйе сатушы болғаным жайлы. Араларыңда менің Сирияда құл болғанымды білетіндерін бар ма?

Бөлме іші араның ұясындай гулдеп кетті де, ол Табасарға жағымды әсерін бере түсті.

– Мен жас кезімде, ол қой санынан үлкен бір кесекті қыршып түсті, – әкемнен ер-тұрман жасауды үйрендім. Әкемнің шеберханасында жұмыс істей жүріп, әйелім екеумізді асырадым. Әрі жас, әрі тәжірибесіз

болғандықтан, табысым сонша көп болмаса да, қарапайым тіршілікке жететін. Жас болғасын көп нәрсе алғың келіп алаңдайсың, бірақ мен оған бармадым. Алайда дүкеншілердің менде ақша жоқта маған қарызға киналмай беретінін байқадым.

Жастығым мен тәжірибесіздігімнен, өз табысынан көп ақша жұмсаған адам, қайдағы бір апат пен сордың боранын тұрғызатын жел шақыратынын білмеймін. Мен өз құмарыма еріп, табыспен санаспастан, қымбат киіндім, әйеліме әшекей алуға әуестендім.

Әуірімдеп жүріп, қарыздан құтылатынымын. Бірақ табысымның бір уақытта тірлік етуге әрі қарызды қайтаруға жетпейтінін байқадым. Қарызгерлер мен алған қымбат сатық (покупка) үшін соңымнан қуыл жүріп ақысын алатын болды. Өмір сүру күрделене түсті. Мен достарымнан қарыз ала бастадым. Бірақ оны төлеуге әлім келе бермеді. Жағдайым барған сайын ауырлай түсті. Әйелім төркініне кетті де, мен Вавилоннан кетіп, өмірге қолайлы басқа қала іздеуді шештім.

Екі жыл бойы мен керуен жетекшінің ауыр қалын бастан кештім. Онда мен шөлдаланы кетіп, қарусыз керуен тонаған қарақшылар тобырымен байланыстым. Мұндай қылықтың абыройлы әкemenің ұлына лайық еместігі белгілі, бірақ мен ол кезде дүниені тобықтан келетін теңіз суындай сезінетінімнен, өзімнің қаншалықты құлдырағанымды ұқнадым.

Біздің алғашқы керуен тонауымыз сәтті болды. Алтынды қазына мен тай-тай жібекті, басқа да тауарларды қолға түсірдік. Олжаны Гинир қаласына апарып сонда оңды-солды қыдырысқа жұмсадық.

Келесі тонау жұмысы соншалықты олжалы болмады. Керуенге енді ұмтылғанымызда, саудагерлер күзетке келіскен жергілікті тайпа бізге бас салып,

шайқаса кетті. Біздің екі басшымыздың бірін өлтіріп, қалғанымызды Шам (Дамаск) қаласына айдап әкелді де, онда барымызды сыпырып алып, өзімізді құлдыққа сатты.

Мені екі күміс бақырға шөлдалалық тайпа көсемі сатып алды. Шашымды сыпырып тастады да, бұтыма лыпа болар мата байлады. Сөйтіп, мен кәдімгі құл болдым да шықтым. Қамсыз жас болғасын, мұның бәрі өткінші ғана күлкілі жайттардың бірі болар деп ойладым, бірақ бір күні кожайым мені төрт әйелінің алдына шығарды да, олардың мені әтек¹ ретінде алуларына болатынын жеткізді.

Өзімнің жағдайымның мүшкілдігін сонда ғана ұқтым. Шөлдаланың бұл тайпасы әрі жабайы, әрі аса жауынгер болатын. Не қаруым жоқ, не қашатын титтей де мұрсатым жоқ мен, енді толығымен солардың билігінде екенмін.

Үрекім ұшқан мені төрт әйел, тіпті байқамағансыды. Ал мен олар таралынан маған кішкентай да аяушылық боларына үміттенерімді де білмедім. Сира бәйбіше басқасынан жасы үлкен еді. Ол маған қарады да, келбетінен ештеңе сездірмеді. Одан әлдебір аяушылық күтудің пайдасы жоқтай көрінді. Келесі әйел такаппар келген сұлу екен. Ол маған жиіркенішті құртқа көзі түскендей жиырыла қарады да қойды. Ал екі жас бике тоқтамастан сықылықтаумен болды.

Өзіме деген үкімді күткенше, мен шексіз уақыт өткендей сездім. Шамасы, әйелдердің әрқайсысы шешімді өзгере қабылдатуға бейім танытқандай. Ақырында Сира салқын дауыспен сөйлеп кетті:

- Бізде қортықтар жеткілікті ғой, ал түйе айдаушылар аз, барының өзі пайдаға жарамайды. Мысалы, мен бүгін ауру шешеме баруым керек, ал менде түйені сеніп

¹ Әтек - ерскетік ұрыққабы аластатылған құл

тапсыратын бірде-бір құл жоқ. Мына құлдан түйеге ыңғай бар ма екен, сұрапшы.

Түйе жөнінде не білесің? – деп сұрады кожайын менен.

– Мен түйені шөгере аламын, қомдаймын, шаршатпай ұзақ жолға айдаймын. Ауыра калса, түйені емдей аламын.

Мына құлдың әңгімесі түту екен, деп бағалады мені кожайын. – Егер, Сира, кажет десен, осыны айдаушы етіп ал.

Мен осылайша Сираның карауына өтіп, сол күні оның шалп айдағы ауру шешесіне түйесін айдап бардым. Сәті түскен жағдайды пайдаланып, оған тағдырыма араша түскені үшін ризалығымды білдірдім де, өзімнің тумысымнан құл емес, Вавилондағы беделді шебердің, яғни, ерікті адамның ұлы екенімді айттым. Мен өзімнің басымнан кешкен жайтты баяндап едім, оның жауабы мені тұйыққа тіреді:

– Егер сенің осалдығың осындай жағдайға әкеп сокса, несіне сен ерікті адам болмаксың? Егер адамда құлдың жаны болса, ол солай болып қала бермек, қалай және кім болып туылғанына катыссыз, ойпаң жерді қуалап ағатын су секілді. Егер сенің жаның ерікті адамдікі болса, сен өз қалаңда жүріп-ақ, тағдырдың қандай тәлкегіне қарамастан, құрмет пен абыройға келелер едің.

Бір жылдан аса мен құл бола жүріп, құлдармен бірге тұрғанмен, олардың біріне айнала алмадым. Бір күні Сира менен сұрады:

Сен неге жападан жалғыз отырсың, басқа құлдар топ-тобымен жүргенде?

Мен сенің айтқан сөзіңді әлі ойланып жүрмін, – дедім мен. – Менің жаным құлдікі емес екен. Олармен

бірге отыра алмаймын, сондықтан жалғызсырап отырмын.

– Маған да жалғызсырауға тура келеді, – деді ол.
– Менің жасауым орасан мол болды, қожайын сол себепті маған үйленген. Бірақ ол маған ғашық болған емес. Алайда әрбір әйел де өзін сүйеді қалайды ғой. Сол себепті мен бедеу болдым, ұрпақсызбын, ұлым да, қызым да жоқ. Үйде жалғыз отыруға содан да мәжбүрмін. Егер мен еркек болсам, құлдықтан гөрі өзіме олымды лайық санар едім, бірақ тайпамыздың дәстүрі әйелдерді амалсыз күн болуға итермелейді.

Бұл жолы мен туралы не ойлайсың? – деп сұрадым. – Мендегі рух кімге лайық – ерікті адамға ма, әлде құлға ма?

– Сен Вавилондағы қарызыңды өтегің келе ме? – деп сұрады әуелі ол.

– Иә, мені сол ой мазалап жүр, бірақ оған мүмкіндік жоқ қой.

– Егер бірнеше жыл өтіп, ал сен оған талпынбасаң, онда сенің жаның құлға тән болғаны. Ер адам өзінің абыройын ойлауы керек, ал қарызды өтемейтін адамда абырой қала ма?

– Менің қолымнан не келеді? Сирияда құлдықта жүрген жокпын ба?

– Еңденше Сирияда құл болып қала бер, осал неме. Мен осал емеспін, қызбалана ақталдым.

– Онда дәлелде.

– Қалайша?

– Сенің патшан кет келген жаумен қандай тәсіл болса да, күреспей ме? Ал сенің дұшпаның – ол сенің қарызың. Сені Вавилоннан сол қуды емес пе? Демек, оның сенен мықты болғаны. Егер сен ерлерге тән қайсарлықпен онымен күрескенінде, оны тізе бүктіріп, жерлестерің алдындағы абыройын артқан болар еді.

Содан кейін мен бұл кінәлауды ойымнан шығарып алмай басым қатты, ойша оған қарсы дауласып, жанымның құлға тән еместігін айтып өзімді ақтаумен болдым. Бірақ оның бәрін Сираның көзіне тура айтуға дәрменім болмады. Үш күннен соң, оның күтуші қызы мені бәйбішеге шақырып келді.

— Анам тағы сырқаттанып қалды. Келенің ішнен ең жақсы екі түйені тез қолда. Меске толтыра су мен ұзақ жолға азық ал. Қызметші қыз саған бәрін тауып береді.

Мен жалмажан түйелерді қолдадым да, бірақ қызметші қыздың жолазықты сонша мол бергеніне қайран қалдым, өйткені бәйбішенің анасы бар болғаны бір күндік жерде тұратын. Қызметші артқы түйеге отырды да, мен бәйбіше жайғасқан алдыңғы түйені жетекке алып, жаяу жүрдім. Біз бәйбіше шешесінің үйіне келгенімізде, қас қарайған еді. Сира қызметшінің үйге жіберді де, менен мынаны сұрады:

— Табасар, сендегі жан ерікті адамдікі ме, күлдікі ме?

Еріктінікі, — дедім.

— Ендеше, соны дәлелдейтін сенде мүмкіндік бар. Сенің қожайынның шарапка масайды, ал оның қызметшілері жалқау. Мына түйелерді мін де, жолға түс. Мына қоржында қожайынның киімі бар, соны киерсің. Мен сені «түйелерді мініп қашып кетті» дермін.

— Сенде патшайымның рухы бар екен, — дедім мен оған. — Мен сенің бақытты болуыңды тілеймін.

— Айдаладағы жат елдегі бөгде біреуге қашып барған әйелде қандай бақыт болушы еді? — деді ол. — Өз жолына түс, шөлдаланың пірлері саған жар болсын, өйткені жол ұзақ, бұл далада қорек те, су да жоқ екенін білесің.

Мені сонша азғырудың керегі шамалы еді. Мен бәйбішеге шын жүректен алғысымды айтып, түн

койнауына сүнгіп кеттім. Ол ел маған сонша жат еді, сондықтан Вавилонның қай бағытта екенінен де хабарым болмады. Соған карамастан, шөлдаланын сайын құмын батыл кешіп, алға жүре бердім. Түйенің бірін жетектеп, біріне мініп алдым. Қожайынның мүлкін ұрлап қашқан құлдың алда күткен тағдыры қандай боларын ойлаумен, түні бойы және келесі күні тоқтамастан жүре бердім.

Келесі күні кешке қарай, беймәлім қыратты елсіз жерге тап болдым. Түйелердің табандарын қырлы да қиыршық тас жаралап болды. Менің алға басуым мұн бола бастады. Адамды да, аңды да кеткізуге мүмкін болмады. Мынадай ат байласа тұрғысыз жарамсыз жерде кім болсын.

Мұндай қатерлі қашқын сапарға шығып, ілу де біреу ғана шыдауы мүмкін. Күннен күнге алға ілоумен жүрдім. Азық та, су да таусылды. Күн тас төбеден күйдірумен болды. Тоғызыншы күні мен түйеден сыпырылып түстім де, оған қайта мінуге күшім жоғын білдім, енді шөлдалада ажал күгуден басқа амал жоқ еді.

Жерде жатқан күні ұйықтап кетіппін. Мені таң ата шыққан күн сәулесі оятты. Сүйретіле тұрдым да, жан-жағыма көз салдым. Таңғы ауа қоныр салқын әрі аздап сыз сезіледі. Түйелерім менен ұзамастан шөккен күйі жайбаракат күйіс қайырып жатыр. Айналаны тас аралас құм басыпты, кей жерлерде тікенді шөп өсіп тұр. Суың иісі де сезілмейді, адамға да, түйеге де жарайтын қорек болмайшы!

Осындай бетпак шөлдалада құмырымның біткені ме? Менің есім мұндай айқын ойлы болмаған шығар, ал денем мен үшін маңызсыз секілденді. Жырылған әрі қанаған ерінде, құрған, ісінген тілде, аш қарында – ешқандай мән қалмады.

Алысқа көз салып, өзімнен өзім тағы сұрадым: «Мендегі жан кімге тән – құлға ма, ерікті адамға ма?» Дереу басыма айқын ой келді: «Егер менде құлға тән жан болса, мен осы мүшкілдікке беріліп, мына шөлдалада арам қатуым керек. Ол қашқын құлға лайық ажал болар еді. Ал егер мен тумысымнан ерікті болсам, Вавилонды қалай да тауып, маған қарызын сеніп тапсырған адамға берешегімді қайтарып, сүйікті жарым мен туыстарыма аман-есен қайта оралуым керек».

«Сенің дұшпаның – ол сенің қарызың. Сені Вавилоннан сол қуды емес пе?» – деп еді-ау Сира. Сонысы рас екен. Мен неге ер адамға лайық қорғанбадым? Мен неге әйелімнің төркініне кетуіне жол бердім?

Осы кезде тан қаларлық жайт болды. Дүниенің түсі өзгеріп кеткендей, мен бұған денім оған әлдебір түрлі-түсті әйнек арқылы қарап келіп, соны көзімнен алып тастағандай, көз алдым айқындалып кетті. Өмірдің нағыз мәніне көзім енді жеткендей.

Шөлдалада ажалды қарсы алсам ба? Жоға! Не істеу керегім есіме сап етті. Әуелі Вавилонға жетуім керек, қарыздар әр адамға жолығып, оларға ұзақ жылғы қанғу мен қорлықтан кейін қарызын қайтаратынымды жеткізуім қажет. Сосын бала-шағама үй салуым керек те, ата-анама мақтан болардай қаланың абыройлы тұрғыны болуға ұмтылу керек.

Менің қарыздарым маған нағыз дұшпан екен, бірақ маған қарып берген жандар менің достарым еді. Өйткені олар маған сенді ғой.

Мен өлермендікпен түрегелдім. Аштыққа да, шөлге де назар аудармадым. Олар менің Вавилонға жету жолымда аяғымнан кері тарта алмады. Менің бойымдағы жанымның ерік-жігері өзіме тән дұшпандарыммен

қарсыласа отырып, достарымды қайтаруға шайкасып бақты.

Қырылдаған даусымнан ерікті адамға тән қауқарлы дауысты естіген түйелерімнің тұманданған көздерінде жаркыл пайда болды. Шөккен түйелерім бірнеше рет ұмтылыстан соң түрегеліп, бойларын тіктеді де, менің ішкі түйсігімнің бағыттауымен, Вавилонның сол тұста екендігіне сенімді түрде қарыштап қадам басты.

Біз суға тап болдық. Келген жеріміз барынша құнарлы да, өсімдік пен жеміске толы манай екен. Вавилонға барар жолды да осы арадан таптық, өйткені ерікті жан өмірді проблемалардың кезігуі деп ұғып, оны шешумен шұғылданады да, құл рухты жан бар болғаны «Құл болғасын қолымнан не келсін?» деп зарлаумен жүріп, қауқарсыздығын әйгілейді екен.

Ал, сен Таркат, қалай ойлайсың? Аш қарыңға ойлану адамға оңай ма? Өзіңді өзін құрметтеуге түсірер жол іздегің келмей ме? Дүниенің нағыз түсін айыра аласың ба? Қарыздарыңмен әділетті тұрае есеп айырысуға және Вавилондағы абыройлы адамға айналуға құлқын бар ма?

Бозбаланың жанарына жас үйірлді.

Сен маған жана өмір үлгісін көз алдыма әкелдің. Енді мен өзімді ерікті жанға лайық сезіне бастадым.

— Сонымен, Табасар, Вавилонға келгесін не істедің? деп сұрады тыңдаушылардың бірі.

— Мақсат болса, оған жетер жол да болады екен, — жауап берді ол. — Біріншіден, мен қарыз берушілерімді аралап, қарыз қайтаруға мүрсат боларлық белгілі бір мерзім сұрадым. Көпшілігі мені жайдары қарсы алды. Әрине, мені балағаттағандары да болды, бірақ көбі маған қол ұшын беруге әзір еді. Олардың бірі мен зәру болған басты нәрсеге көмектесті. Ол — өсімгер Матон еді. Менің Багдатта түйе айдағанымды естіген ол, сол

кездегі шыққан патшаның жарлығына сәйкес әскери жорыққа қажет мықты да сау түйелер әкелуге саудагер қарт Небатырға аттандырды. Менің түйе жөніндегі білігім дер кезінде пайдаға жарады. Көп ұзамай, мен соңғы жез бақырға дейін қалдырмастан, қарызымды өтедім. Осыдан соң ғана мен еңсемді көтеріп, беделді адамдар санатына абыроймен оралдым.

Табасар асқа тағы да бас қойды.

– Қауысқор, онбаған жылан екенсін, – айқайлап аспазды шақырды, – етін суып қалды. Тура қазаннан тағы да ыстығын алып кел. Менің досымның ұлы Тарқатқа да ет әкел. Ол да аш, менімен тамақтас болсын.

Ежелгі Вавилонның түйе саудагері Табасардың хикаясы осылай тамамдалды. Ол өзіне деінігі данышпандар білген әрі іске жаратқан бір ғана ақиқатты осылай ұғып, өз жанын жаңғыртқан болатын.

Бұл ақиқат талай замандарда қиындық жолағынан құтқарып, сәттілікке ұшыратты. Адамдар ол ақиқаттын сиқырлы күшін ұққанша, солай бола бермек:

МАҚСАТ БОЛСА, ОҒАН ЖЕТЕР ЖОЛ ДА БАР.



Вавилондық сазбітіктер

Ноттингемдік университет
Ньюарк-на-Тренте Ноттингем

21 қазан 1934 ж

Британдық ғылыми зерттеу
экспедиция жетекшісіне,
профессор Франклин Колдвеллге
Хилла Месопотамия

Құрметті профессорым

Сіздің Вавилон қирандысын соңғы қазу кезінде табылған бес сазбітік хатыңызбен бірге бір кемемен келіп жетті. Бұл жазбаларды бірнеше сағаттар бойы тәржімелей отырып, шексіз қуаныш ләззатын таттым. Хатыңызды алған бойда жауап жазуым керек еді, бірақ аударманы бітіріп, оны жауапқа қоса жіберуді шештім.

Сазбітіктер Сіз жасаған шараның арқасында керемет қаптамамен бүлінбестен жетінді. Онда жазылған хикаялары біздің зертхана қызметкерлері секілді Сізді де қайран қалдырары сәтсіз. Көпшілік жұрт сазға түскен тұманды өткен шағымызды «арай түндері» секілді аңғал сезім мен қым-қуыт хикаядан тұрар деп күткені рас. Алайда оның орнына, Табасар

есімді кісінің қарыты тұрағындағы мәселесін алға жайып салғанда, біз күткеніміздей емес, бұ дүниеде саңғы бес мың жыл бойғы жағдай соншалықты өзгеріске ұшырамағанына көзіміз жетті.

Таң қатарлығы сол, тәлімгерлер айтатындай, бұл ежелгі жазбалар мені мықтап «баурап кетті». Университет профессоры бола жүріп, мен озымді көптеген салалар бойынша ілімді игерген, ойшыл дарағөй (индивид) ретінде көрсетуім керек еді. Алайда Вавилон үйіндісінің шаңы басқан әлдеқым, мен бұрын естіп көрмеген, қарызды қайтаруды амиянда сыңғырлаған бақыр толтырумен қатар атқару тәсілін ұсынады.

Ежелгі Вавилон кезіндегідей, бүгіндері бұл тәсіл дәл солайша тиімді болар ма екен? Келіншегім екеуміз, барынша мүдделі өз жағдайымызды біршама түзел алуға тәсіл етуді жоспарлап отырмыз.

Сіздің бағалы бастамаңызға тілектесім әрі көмектесуге де әзірмін.

Шын жүректен,
Альфред Шрузберн
Археология бөлімшесі.

№1 САЗБИТІК

Кәзір, толған ай кезі, мен, жуырда ғана Бағдаттағы құлдықтан оралған, Табасар, аса көп қарызымды өтеу үшін әрі ауқатты адам болу үшін, Вавилон атты туған қаламда абыройлы тұмыр кешу жолында, менің іс-әрекетіме және мәнді мақсаттарымының орындалуына онды әсері болу үшін, осы санпараққа өз ісімнің жайың жазып отырмын.

Қайырымды досым, өсімгер Матонның ланалық кеңесі бойынша, өзімді өрәсан көп қарыздан ауқатты тірлік деңгейіне шығаратын әрі абыройлы адамдардың құрметіне бөленуге жол ашатын нақты жоспарға сүйенуге бет бұрдым. Бұл жоспар өзім ұстанатын әрі нәтижесіне үміттенетін үш мақсаттан тұрады.

Біріншіден, жоспар менің болашақ игілігіме негіз қалайды. Ол үшін әр табысымның оннан бір бөлігін жинаймын әрі оны сақтаймын. Кемеңгер Матон маған былай деген: «Жұмсамастан, әмиянына алтын мен күмісті сақтайтын адам, әулетіне игілік жасақтайды және патшаға адал қызмет етеді.


Әмиянында санаулы ғана жез бакыры бар адам, өз әулетіне де, патшаға да енжар қарайды.

Әмияны бос адам, зұлым жүрегімен өз әулетіне зиян келтіреді, ал патшаны сатып кетеді.

Сондықтан бірдеңеге қол жеткізуге ниеті бар адам, әмиянында – сыңырлаған бакыры, ал жүрегінде – әулетіне деген інкәрлік пен патшаға деген адалдығы болуы керек»

Екіншіден, жоспар маған тәркінінен оралған адал жарымды колдауға да лайықты киіндіруге нұсқау етеді. Өйтпесе, Матонның айтқаны бар: адал әйелге лайық қамқорлық еркектің жүрегінде өзіне деген құрметін тудызып, оған қуат беріп, оның әрекетіне мақсат айқындатады.

Сондықтан өз табысымның оннан жеті бөлігін жанұямның қажетіне, киім-кешек пен азыққа, сондай-ақ, аз бөлігін өміріміздің ләззаты мен қуанышына жұмсаймын. Бірақ бұл пайдалы шығындарды табыстың оннан жетіден артпайтынын мұқият қадағалаймын. Жоспардың сәттілігі де сонда болмақ. Мен бөлінген қаржыға ғана тірлік етіп, қаржы жетпейтін ешбір нәрсені сатып алмауым керек.



№ 2 САЗБИТІК

Үшіншіден, жоспар бойынша, табысымнан қарызды қайтарып отыруым қажет.

Сол себепті, ай толысқанда, табысымның оннан екі бөлігін маған сеніп қарыз бергендерге әділ түрде бөліп отыруым керек. Осылайша, белгілі бір уақыттан соң қарызымның бәрі қайтарылады.

Сол үшін, осы сазпараққа қарыз адамдарым мен оларға берешек сомаларымды жазып отырмын.

Фар тоқымашыға – 2 күміс пен 6 жез бақыр.

Санжар ағаш жонушыға – 1 күміс,

Ақпар досыма – 3 күміс пен 1 жез бақыр,

Занкар досыма – 4 күміс пен 7 жез бақыр,

Асқамыр досыма – 1 күміс пен 3 жез бақыр,

Қарынсар зергерге – 6 күміс пен 2 жез бақыр,

әкемнің досы Диярбекерге – 4 күміс пен 1 жез бақыр,

үй жалдаушы Алқахатқа – 14 күміс,

Матон өсімгерге – 9 күміс,

Біретішк шаруаға – 1 күміс пен 7 жез бақыр

(Одан әрі сазбитік бүлініп, айыра оқу мүмкіндігі қалмаған.)

№ 3 САЗБИТІК

Бұл кісілерге, бәрін қосқанда, жүз он тоғыз күміс, жүз қырық бір жез бақыр қарызбын. Бұларды қайтару мүмкіндігім болмағандықтан, өзімнің аңғырттығымның кесірінен, әйелімді төркініне жіберіп, ал өзім туған қаламнан безіп, өгей өлкеге жеңіл байлық іздеуге аттандым. Бірақ ол сапардан маскараға ұшырап, абыройымды айрандай төккен құлдыққа сатылдым.

Матон маған табыстан бөлінген ұсақ үлестермен қарызымды өтеу жолын көрсеткесін ғана, мен өз ақымақтығымнан қашып құтылуға тыраштанған ақылсыздығыма көз жеткіздім.

Сондықтан мен өзімнің қарызгерлерімді аралап шығып, оларға өзімнің қорымның жоқтығын және қарызды бірден өтей алмайтынымды айтып, өз табысымның оннан екі бөлігін әділ түрде бөліп отыратынымды жеткіздім. Осы ғана қолымнан келді. Сондықтан олар да, мен өзімнің міндеттемеңді толық орындағанша, шыдамдылықпен күтулеріне тура келеді.

Досым санайтын Ақпар мені ауызына келген былапыт сөздермен балағаттап, дымымды қалдырмады, ал мен кірерге тесік таппастан, ұнжырғам түсіп кеттім. Біретпшік шаруа өзінің аса мүдделі жағдайын айтып, бірінші есептесуімді сұрады. Үй жалдаушы Аққажат менің жоспарыммен келіспейтінін айтып, тез арада қарызды өтемесем, маған қорлық көрсететінін білдіріп, хокан-лоққы жасады.

Қалғандары жоспарыммен қуана келісті. Сондықтан мен бұрынғыдан бетер қарызымды қайтаруға мүдделімін, одан бұрынғыдай қашқаннан гөрі. Тіпті қарызгерлерімнің барлық талабын атқармағанның өзінде, оларға мен әділ түрде берешекті төлеп отырамын.

№4 САЗБИТІК

Бүгін түнгі аспанда тағы да толған ай. Мен барымды салып еңбек еттім. Әйелім қарызымнан құтылу жоспарымды барынша қолдады. Сөйтіп, ниет біріккен шешіміміз арқасында, Небатыр үшін дені сау, мықты түйелер сатып әкеліп, соңғы айда он тоғыз күміс бақыр таптым.

Оларды жоспар бойынша жіктедім. Оннан бір бөлігін өзіме деп алып қойдым, оннан жеті бөлігін әйелім екеуміз ақылдаса келе тірлік қамына жұмсайтын болдық. Оннан екі бөлікті жез бақырдың жеткенінше қарызгерлеріме әділ бөлдім.

Ақмарды кездестіре алмадым, бірақ ақшаны әйеліне қалдырып кеттім. Біретшік шаруаның риза болғаны сондай - қолымды сүйеге барды. Тек қана қарт Алқажат томсырайған күйі қалған қарызды тезірек қайтаруымды қадап айтты. Оған мен аш болмасам әрі шығын жұмсайтын басқа жайт кезікпесе, тезірек қарыздан құтылатынымды жеткіздім. Қалғандары алғыс білдіріп, ісімен береке табуымды тілек етті.

Жана ай туганша, менің қарызымнан қалғаны төрт күміс бақырға жуықтады, бұған қоса ешікім де сұрауға қажысы жоқ менде екі күміс бақыр бар еді. Менің кеудем көп уақыт бойы басқан салмақтан арылып, еңсем көтеріле бастады.

Міне, тағы да ай толды. Мен барымды салып еңбектендім, бірақ табысым соншалықты емес. Мен аз ғана түйе сатып, бар болғаны он бір күміс бақыр таптым. Сонда да әйелім екеуміз өт уәдемізде тұрып, жана киім алудан бас тартып, көкөністі де атайттық. Табыстың оннан бір бөлігін бәрібір алып қойып, оннан

жетіні күнделікті шығынға жеткіздік. Қарыздың аз бөлігін қайтарсам да, Ақпардың маған риза болған кейін көріп, қайран қалдым. Бірестік те мәз болды. Алқахат болса, маған дүрсе қоя берді, бірақ мен оған алғысы келмесе, ақшаны кері қайтаруды ұсынғанда, ол тына қойды. Ал қалғандары — әр кездегідей риза.

Бүгін де аспанда толған ай қалқып жүр. Ал мен қуаныштан ұшып жүргендеймін. Маған керемет түйелер келесін сатып алудың сәті түсіп, менің табысым қырық екі күміс бақыр болды. Бұл айда әйелім екеуміз тәру болған шапата мен киімге қол жеткіздік. Сонымен бірге бұл ай қорғанымызға мал мен құс етін бұйырты.

Сегізден аса күміс бақыр қарыз төлеуге кетті. Бұл жолы, тіпті Алқахат та қабағын шығпады.

Жоспарымыз сондай берекелі болды, өйткені ол біздің жанұяны қарыз тынданынан тартып шығаруда әрі қолымызға ақша қорландыруда.

Бұл сазпараққа соңғы рет жазғалы үш рет толы ай мерзімі өтті. Әрбір ай сайын мен өзіме табыстың оннан бірін қалдырып отырдым. Әр жолы әйеліміз екеумізге қандай қиын болса да, табыстың оннан жеті бөлігі ғана жұмсалды. Және әрбір жолы мен оннан екі табысты қарындасымдарға тапсырып отырдым.

Қазір әмиянымда жиырма бір күміс бақыр сығырлайды және мұның бәрі менің меншігімде. Енді мен еңсемді тіктеп жүріп, жолдастарыммен жарқын жүзбен, мақтан сезіммен кездесетін болдым.

Әйелім болса, үй тұрмысына пысық болып алды әрі сәнді киіне бастады. Онымен өзімді бақытты сезініп жүрмін.

Жоспарымыз сөз жетпестей құнды екен. Өйткені бұрынғы құлды абыройлы жігітке айналдырған сол емес пе?

№ 5 САЗБИТІК

Тағы да түнгі аспанның сәнін толған ай келтірді. Соңғы жазбаны түсіргелі көп уақыт өткенін есіме алдым. Содан бері он екі ай өтіпті. Бірақ бұл жолы мен сазнапаракқа ештеңе жазбаймын, себебі бүгін мен барлық қарыздан құтылдым. Бұл күні зайыбым екеуміз үлкен той жасадық, өйткені көптен күткенімізге жеттік қой.

Қарызгерлерді соңғы рет аралап шыққалы талай жайттар болды той, бәрі жадында қалмайды. Ақтұр досым өзінің дөрекі қылығы үшін менен кешірім сұрап, мені ең жақын әрі нағыз досы екенімді мойындады.

Алқахат карт болса, сонша жаман кісі емес болып шықты, ол да маған: «Сен бір кезде әркім езгілеп, ойына келген бейне илейтін бір уыс саз болатынсың, енді сен найзаның ұшы да сызат қалдыра алмайтын кесек қолаға айналыпсың. Егер саған күміс не алтын бақыр керек болып қалса, менен кез келген уақытта келіп ала аласың» деді.

Мені құрметтейтін ол ғана емес екен. Менімен көптеген адамдар сыйласа әңгімелесетін болды. Әйелім маған қарағанда, жанары оттай жанып кетеді де, ал менін өзіме деген сенімім онан сайын арта түседі.

Бірақ мәселе менде емес, маған сәттилік әперген жоспарда ғой. Ол маған барлық қарыздан құтылуға жол ашты, ал әмияныма сылғырлаған алтын мен күміс толтырды. Бұл жоспарды өмірден өзінің мол сыбағасын алғысы келетін әркімге де ұсынар едім. Ол бұрынғы құлға өз қарызын төлеуге мүмкіндік берсе және байлыққа қол жеткізсе, онда ол кез келгенге де басыбайлы болуға жәрдемдеседі. Алайда мен бұл жоспарды бітірген жоқпын, өйткені оның мені бай адамдар санатына қосарына сенем.

Ноттингемдік университет
Ньюарк-на-Тренте Ноттингем
7 қараша 1936 ж.
Британдық ғылыми зерттеу
экспедиция жетекшісіне,
профессор Франклин Колдвеллге
Хилла, Месопотамия

Құрметті профессорым.

Вавилон үшіндісін одан әрі қазу кезінде Сіз осы қатаның Табасар атты түйе саудагерінің рухымен кездессеңіз, маған бір жайға көмек етіңізші. Бірнеше мың жыл бұрын оның сазпарақтарға қалдырған хаты үшін оған біздің Англиядағы университеттің бірнеше қызметкері атынан мәңгілік алғысымызды жеткізерсіз.

Менің Сізге бір жыл бұрын жазған хатым есіңізде болар. Әйелім екеуміз оның сол жоспарын қолға алып, біршама қарыздан құтылып, еңсемізді түзеуді ойластырудамыз. Мен мұны достарымыздан жасырып кетсем де, Сізден жасыра алмаймын әрі өзіңіз біздің қаржылық жағдайымызды білесіз ғой.

Жылдар бойы жиналған қарызымыз берекемізді кетіріп, еңсемізді көтертпей келеді. Тіпті өзіме деген сенімім азайды, сатушылардың бірі дау шығарып, университеттен қуыламын ба деген үрей банды билей бастады. Біз үнемдеген әр шиллинкті төлесек те, жағдай жақсарар емес. Оған қоса күнделікті тірлікке де қаржы жеткізе алмай, қарызға белшемізден батудамыз.

Жағдайымызды құлдыратқан қайдағы бір қарғыс шеңберінен шыға алмай отырмыз. Онымен күрестің мәні болмауда. Арзан үй жалдауға да шамамыз жоқ, өйткені қазіргі қажайыпқа берешегімізден шыға

алмаудымыз. Жағдайымызды жақсартатындай үміт отын көре алмай отырғанымыз қынжылтады.

Осы арада Сіздің танысыңыз – Вавилондағы ежелгі түйе саудагерінің өз жоспарымен жолыға кеткені. Ол біздің жанымызды қозғап, тыныш таптыратын емес, оның жүйесін қолданып көргелі тәуекел еттік. Қарызымыздың тізімін жасап, барлық қарызгерлерді аралап шықтымыз.

Бұрынғыдай қарыз төлеудің мүмкін еместігін жеткіздім, олар барлық есеп-қисабымды қарап, амалсыз келісті. Оларға қарыз төлеудің барынша тиімді жолы табысымының жиырма пайызын ғана сәйкес түрде бөліп беру екенін айттым. Бұл жоспар бәрімен де екі жылдан сәл аса уақытта есептесіп болатынымды қамтиды. Бұған қоса, олардан қай сатықты да несиеге емес, тек қана қолма-қол ақшаға ғана сатып алатын болдық.

Сатушылардың бәрі де қайырымды жандар екен. Біздің азық сатушы қартымыз ақылды кісі екен, өз ойын былай білдіргенде, өзгесі бірден ұқты: «Егер сендер бар сатықты ақшаға алатын болсаңдар әрі қарызды қоса төлеп отырсаңдар, бұл бұрынғы жағдайдан әлдеқайда артық қой. Өйткені қарыздарың соңғы үш жылда мүлдем кеммеген».

Ақырында, барлық қарызгерлермен табысымының жиырма пайызын бөліп тұрақты төлеу кезінде, олардың мені мазаламауларына жазбаша келісудің сәті түсті.

Сосын табыстың жетпіс пайызына қатаи күн көруді ойластырдық. Оның үстіне, он пайызды өзімізге жинауды да қолға алдық.

Бұл шынныңда да, тартымды әрекет екен. Бізге есеп-қисаппен айналысу да ұнады, тіпті жетпіс пайызбен де күн көруге болады екен.

Біз тұрғынжай жалақысын төлеуден бастап едік, қажайыт бізге біршама жеңілдік жасады. Сосын жоғарғы шай сұрпынан бас тарттық та, арзан ақшаға да керемет азық алуға болатынына көз жеткіздік.

Хатқа жазуға бұл хикая сонша ұзақ, дегенмен атамыш жоспарды жүзеге асыру соншалықты күрделі іс емес екен. Біз оны қолға алып, өзімізге өзіміз риза болушымыз. Ісіміздің оңға басып, бізді бұрынғы қарызымыздың қыр соңымыздан қалмай, өкшелеуі де сап басылғандықтан, қандай жеңілдік тапқанымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Жинаққа айналдырған табысымыздың он пайызы турасында ерекше тақталған жөн. Иә, жинағымыз біршама уақыт бойы молайды. Бірақ ақшадан-ақ күлмей тұрып тұрыңыз. Ақшаны жұмсағанның гөрі оны жинау ләззаты керемет екен. Оны қайта-қайта санаудың өзі жан семіртер қылық!

Сыңғырлаған ақша дыбысымен жанымызды рахатқа бөлеген соң, біз оған барынша тиімді қолданым таптық. Ізден-ізден, бізге ай сайын сол он пайызды тауып беретін сатым түріне кезіктік. Бұл жайт біздің жайма шуақ өмірге оралуымыздың сәтті мезеті болып шықты.

Сатымымыз тұрақты түрде өсетінін білгендіктен, қазір біз айтып жеткізбес қорғаныс сезімін бастан кешіреміз. Дәріс беру маусымын аяқтағанымызда, біздің қолымызда ғұмырға жетерлік дөңгелеген сама құралмақ.

Мұның бәрі бұрынғы табыс мөлшерінен құралып отырған қаржы. Бұған сенуге болмас, бірақ шындығымыз — осы. Біздің қарызымыз тұрақты түрде төленуде, ал жинағымыз сонымен бірге жарыға молаяды. Оның үстіне біздің қаржылық ахуалымыз айтарлықтай өзгереді. Ақыры, біз тірліктің ағынымен

малтығаннан, қаражат жоспарымен өмір сүрудің арасында орасан айырма барын ұқтық.

Келесі жылы, бар қарызымыздан құтылған кезде, біздің салымымыз еселене түсіп, тіпті сапхатқа да артылады. Біз енді бұдан былай күнделікті шығынымызды табыстың жетпіс пайызынан арттырмауды шегелеп тұрып шештік.

Бізді «жербетілік тозақтан» жоспары құтқарған ежелгі вавилондық кісіге ерекше алғысымызды білдіру ниетімізді енді түсінген боларсыз.

Ол мұның бәрін біліпті. Ол осы жайтты өзі де кешкен болды. Және де өзінің осы бір иісі тәжірибесін өзгелердің де тұтынуын қатаған екен. Сол себепті де ол ұзақ уақытын итенген сазды жатбалы параққа айналдыру машақатына жұмсапты.

Оның тағдырлас бауырларына айтары шынында да бар болып шықты, және де ол қалдырған мәліметтің маңызы сол, тіпті бес мың жыл өткесін де, сазпараққа жазба түскен күндегідей өзекті болып қалуда.

Шын жүрактен
Сіздің – Альфред Шрузбернің
Археология бөлімшесі.



Вавилондағы ең бақытты жан

Керуеннің басында вавилондық саудагерлер қазаны Шарру Нада желіп келеді. Ол жарасымды киішпенді ұнатады, сондықтан үстіндегісі — көздің жауын алар әдемі де ыңғайлы киім. Ол әсем жылқыны жанындай жақсы көретіндіктен де астындағысы — сүліктей жылтыраған арабы сәйгүлік. Отан қараған адам, оның соншалықты егде тартқан киіс екеніне сенбес еді. Сондай-ақ, оны мазалаған ойды да байқамас.

Шамнан (Дамаск) бастау тартқан саяхат шөлдала арқылы сондай ұзақ әрі азапты болар ма. Бірақ оны мазалаған жол емес еді. Арабтың жабайы тайпалары керуенге бас салып, тегін байлықты талауы да, оны үрейлендіріп келе жатқан жоқ, оның атты күзеті сондай мығым болатын.

Оны мазалаған нәрсе — Шамнан ертіп келе жатқан жанындағы бозбаланың жайы еді. Ол — өтіне төленбестей қарыздар бұрынғы серіктесі Арат Құланың немересі Қадан Құла Шарру Нада серіктесінің немересіне қамқор болуды өтіне міндет санайды. бірақ неғұрлым көп ойлаған сайын, ол міндеті күрделі бола түсеті. Ойткені мәселе бозбаланың өзіне болып тұр.

Жас жігіттің жүзін мен сырғасына қарап ол ішінен былай ойлады: «Ол әшекей жігіттің сәні деп

ойлағанымен, келбеті атасының ерікті жүзінен аумайды екен. Бірақ атасы мынадай жарқын киімге әуес емес еді. Иә, мұрадан қалған байлықты пышыратқан әкесінің киранды өмірінен құтқарып, дербес тұмырын бастауға бағыттау үшін мұны ертіп алған өзім едім, не болар екен?»

Қалаң Құла үнсіздікті бұзып, сөз бастады:

— Сен неге ылғи өзіңді азапка салып, шөлдаламен керуен тартасын? Неліктен өмірдің рахатын көруге құлқын жоқ?

— Өмірдің рахаты дейсің бе? — Шарру Нада күлімсіреп, қайыра сұрады. — Ал сен менің орнымда болсан, өмірден қалай рахаттанар едің?

— Егер мен сен секілді алпауыт болсам, ханзада сияқты тұмыр кешер едім. Ми қайнатқан шөлдаланы кезуші ойламас едім. Шекел біткен әмнәныма қалай тез келсе, солай тез жұмсар едім. Үстіме ең қымбат киім киіп, ең сирек әшекей тағынар едім. Осындай өмірлі мен қуана сүрер едім.

Екеуі де мәз болысты.

— Сенің атаң әшекей татынған жан емес, — деп Шарру Нада тұрасын айтты да, әзіл ыңғайға көшті. — Ал сен жұмысқа уақытты қайдан іздемексің?

Жұмыс деген күлдікі ғой, — деді Хадан Құла Шарру Нада ернін тістелелі де, ештеңе дей қоймады.

Ол үндеместен төбенің басына шыққанша жүре берді. Төбе басында ол айғырының тізгінін тартып, созылып жатқан ойпатты нұсқады.

— Ана ойпатты қара. Анау, әрігеректе көрінген Вавилонның бекінісі. Ең биік ғимарат — Наалатауханасы. Көңің өткір болса, сен, тіпті оның шатырындағы мәңгі алауды да көре аласың.

— Вавилон... Әлемдегі ең бай... сол қаланы көруді аңсаған едім, — Қалаң Құла. — Менің атама байлық

қонған Вавилон ғой. Ол тірі болғанда, біздің әулетімізде осыныша сор болмас еді.

Өлімдер рухына шектеулі уақыттан тыс тірілерді аралауға болмайды. Әкен екеуің онсыз да өз істерінді жөнге салуға болар еді.

— Өкінішке орай, ояда да, менде де ол іске қажет қабілет болмай тұр ғой. Әкем екеуміз қолымызға алтын шекел тартатындай құпияны білмейміз.

Шарру Нада жауап берместен, айғырын тебініп қалды да, төмен қарай желіп кетті. Оның соңынан түйдектеген шаңды көтеріп, керуен ілесті. Біраздан соң керуен суармалы алқап арқылы барып, оң тұсқа бұрылатын патша жолына түсті.

Шарру Наданың назарын жер жыртқан екі қарт аударды. Олардың жүзі бұған таныс болып көрінді. Тан каларлық жайт! Қырық жыл өткесін де соларды көру қызық екен. Бұған олардың сол кісілер екенік айнытпай танытатындай әлдебір түйсігі жәрдемдесті. Олардың бірі соканың тұтқасын жай ғана ұстап тұр. Екіншісі өгіздерді күйбеңдеп таяқтап жүр.

Қырық жыл бұрын ол осы адамдарды осылайша көріп еді. Сол кезде олардың орнын басуға әзір болатын. Содан бері қалайша бәрі өзгеріп кетті десеңші! Ол Шам каласынан алынған қымбат тауар артылған таңдаулы түселер мен есектерден құралған керуенге мақтанышпен көз салды. Өйткені мұның бәрі оның байлығының аз ғана бөлшегі болатын.

Ол шаруаларға нұсқады да былай деді:

— Қырық жыл бұрынғы жерді әлі дәл солай жыртып жүр.

Неге оларды қырық жыл бұрынғы шаруалар деп ойлайсың?

— Мен оларды бұрын да осы жерде көргем.

Оның басына сол кездегі көріністер біртіндеп келе бастады. Бұл неге яткен шақты жерлеп, осы шақпен ғұмыр кеше алмайды? Көз алдына Арат Құланың жымыған түрі келді. Өзіне ілесіп келе жатқан бозбалаға ойы қайта ойысты. Мына бір жеңіл байлыққа ұмтылған бозбала мен оның бағалы әшекейге қор болған сәусактарына бұл қалай қол ұшын берер екен? Ол еңбекке дайын адамға кез келген жұмыс тауып берер еді, ал еңбектің басқаға ғана арналғанын пайымдайтын пендені қайтпек? Қалай болғанда да, Арат Құланың құрметіне бірдене істеуі керек қой. Ол екеуі кез келген істі соңына жеткізуге дағдыланған еді-ау.

Кенет оның басына әлдебір жоспар сұлбасы келе қалды. Әрине, оны тиянақты жоспар деуге келмес. Бұл жоспар оның жанұясы мен өзінің абыройын соққыға тігетіндей, әрі қатал, әрі ауыр. Бірақ Шарру Нада әрдайым да шешімді тез қабылдайтын, бұл жолы да солай шешуді ұйғарды.

– Атаңмен екеуміздің пайдалы ісімізді қалай бастағанымыз жайлы тыңдағын келмей ме?

– Алтын шекелді қалай табу жайлы болса, әңгімені содан бастамайсың ба? – деді бозбала.

Бозбаланың ескертпесіне құлақ аспаған күні Шарру Нада сөзін жалғады:

– Анау шаруалардан бастайын. Ол кезде мен сенен үлкен емес едім. Құлдар тобыры осы манға жеткенде, маған шынжырланған Мегиддо шаруа, осы жер жыртушыларды кекетіп, былай деді: «Ана жалқауларға қараңдар. Жерді теренірек жыртудың орнына мыналар тырналап қана жүр. Ал анауысы, тіпті өгіздерді атызағ айдай алмауда. Жер жырта алмаса, бұларда қандай егін болар екен?»

– Сен немене, Мегиддо өзіне шынжырланған десің бе?! қайран қала сұрады Қадан Құла.

– Иә, мойнымызда шынжырға байласқан қола қарғы болатын. Оның қатарында көй ұрлаумен айналысатын Забадо келеді. Онымен Харрунда таныскам. Құлдар пізбегінің соңында Қарақшы байланған, ол өз есімін айтпағасын солай атап кеттік. Кеудесінде өрілген қос жыланды көрген біздер оны әуелде теңізші деп ойладық. Құлдардың сабы осылай бір-біріне шынжырланған төрттіктен тұрды.

– Сендерді немене, құлдарша шынжырлады ма? – Қадан Құла сенімеіз сұралы.

– Саған атаң менің бір кезде құл болғанымды айтпады ма?

– Ол сен туралы жиі әңгімелейтін, бірақ бұл жөнінде айтқан емес.

– Оған нағыз құпия сырларымды сенің ақтаратынымы. Саған да сенуге болатын сықылды. Әлде, мен кателесіп тұрмын ба? – Шарру Нада бозбалаға қадала қарады.

Сен менің тіс жармайтыныма сенуіңс болады. Менің бірақ мына сырыннан есім танып тұр. Ал әңгімелеші, қалай құл болдың?

Құлдықтан әркім де қашып құтылмауы мүмкін, – Шарру Нада иығын қикан еткізді. – Мені отқа салған ойынхана мен арпа сыра ғой. Бәрі де менің бауырымнан басталды. Бір төбелесте ол жолдасын өлтіріп алды. Бауырымды сөт пен өлім жатасынан құтқару үшін әкем мені өлген кісінің жесіріне кенілге берді. Бірақ ол мені кері қайтару үшін жеткілікті күміс бакыр таба алмады да, жесір әйел мені ерсегесіп, құл базарына салып жіберді.

– Қандай абыройсыздық, қандай әділетсіздік еді! – Қадан Құла қынжыла айқай салды. Сонда құлдықтан қалай босадың?

Оған асықпа, соңыра айтамын. Онан да саған одан әрі не болғанын әңгімелейін. Біз шаруаларға қатарласа келгенде, олар бізге бақырая карап қалды. Олардың бірі жұлма-жұлма қалпағын шешті де, басын иіп, айқайлады: «Вавилонға қош келдіңдер, патша меймандары. Патша ағзам сендерге кірпіш пен пияз сорпаны әзірлеп, бекіністе күтуде».

Қаракшы оған жындана айқайлап, ақыры балағаттасып кетті.

«Патшаның бекіністе күтуін қалай түсінуге болады?» – деп сұрадым.

«Арқаң сөгілгенше бекініске кірпіш тасуға әкеле жатыр. Оған жеткізбей, ұрғылап өлтіруі де мүмкін. Ал мені ұруға батылдары жетпес. Мен бәрін де қырып тастаймын әлі».

Осы жерде Мегиддо араласты: «Қожайынға өңін тыңдайтын әрі еңбеккор құлды сабап не керек? Еңбекшіл құлдарды қожайындар жаман көрмейді, оларға дұрыс қарайды».

«Кім барын салып жұмыс істегісі келеді?» – әңгімеге Забадо араласты. Анадихандарға қара. Олар арқаларын босқа бүкірейтпес. Не болса да, көріп алдық».

«Жалқаулықпен қарын тойдырмайсың. – Мегиддо қарсылығын білдірді. – Егер күнге тиессілі жерді жыртсаң, кет келген қожайын оны бағалар. Ал оның жартысын жыртсаң, демек, жалқау болғаның. Өз басым ерінбес едім. Еңбекті жақсы көремін, әсіресе, жақсы істелетін жұмысты. Еңбек – ең қайырымды дос. Ол маған бәрін де берді – жерді, сиырды, астықты».

«Қайда, енді соның бәрі? – Забадо кекете сұрады. – Дұрысы, қулықпен бәрін де босқа алған жөн. Сен әлі көресің Забадо не істейтінін, бәрімізді бекініске айдағанда. Өзім шелекпен су тасып, жеңілдеу бірдене

істермін, ал сен еңбеккорсын ғой, арқанды кірпішке тосасың, онда», – деді де ол қаркылдап күлді.

Сол түні менің жаным түршікті. Ұйқым келмеді, жұрт ұйқыға бас қойғанда, мен Годозю айдауылға жақындадым. Ол әмиянынмен бірге өзінді бауыздап салар ханшер арабтардың бірінен еді.

«Годозю, айтың, – деп сыбырладым, – Вавилонға жеткенде, бізді бекініс салуға сатпақ па?»

«Мен қайдан білейін?» – деді сабырлы қалыппен.

«Неге түсінбейсің? – дедім жалынышты түрмен. – Мен – жаспын. Дұрыс өмір сүргім келеді. Жұмыстан зорығып не тепкінің астында өлгім келмейді. Қайырымды кожайын қолына түсудің аз да болса мүмкіндігі бар ма?»

«Мен саған бірдеңе айтайын, – деді ол сыбырлап, – Сен жақсы жігітсің. Годозюны азапқа салған жоқсың. Шамасы, әуелі біз құл базарға баратын болармыз. Енді тыңдап ал. Алармандар келгенде, сен өзіңнің жақсы жұмыскер екеніңді, қайырымды кожайыңға қызмет етуді қалайтыныңды айта бер. Қайткенде де, өзіңді біреудің сатып алуына қам жаса. Егер сатып алмаса, онда келесі күні кірпіш тасуға түсесің. Ол өте ауыр жұмыс»

Ол жөніне кеткенде, мен жылы құмға шалқамнан жата кетіп, жұлдыздарға қаралым да, ертеңгі жұмыс туралы ойға баттым. Мегиддоның айтханы есіме түсті. Еңбек – оның ең жақын досы болса, ол маған дос бола алар ма екен. Сол кезде егер мені мына жағдайдан құтқаратын болса, еңбекті жан дос етуге лаяр едім.

Мегиддо оянган кезде, онымен түнгі хабарды сыбырлап бөлістім де, біз үшін үміт сәулесі жылы еткендей болды. Вавилонға қарай жүріп отырып, кешқұрым оның бекінісіне жеттік те, орнықсыз көпіршелер арқылы дуал үстінде әрлі-берлі, жоғары-

төмен өрмелеген құмырскадай қаптаған жұрт көзге түсті. Жакындай келе, әлгі адамдардың жұмысын көріп, қайран қалдық. Біреулер бекіністі айнала апан қазып саз илеуде, басқалары иленген балшықтан калыпка кіріпш құюда. Құлдардың негізгі бөлігі дайын кіріпшіт ауыр себеттермен бекіністің ең үстіндегі калаушыларға тасуда*.

Айдауылдар қолапайсыз құлдарға айқай салып, жұмыс қарқынын бәсеңдеткендердің арқасына өгіз былғарысынан өрілген дойырды шықпыртуда. Ауыр жұмысқа шыдамай, тәлтіректен барып, зорығып құлағанларды да көріп келеміз. Дойырдың соққысынан тұрмай қалғандарын, қапталға итеріп, өз бетінше өлуге қалдыруда. Өлгендерін төмендегі өлексе толы жол жиегіне апарып лақтырып жатыр. Бұл маскара көріністі көргенде менің бойым дірілдеп сала берді. Құл базарда өтпей қалсам, мені не күтіп тұр екен?!

Годозоның айтқаны дұрыс болды. Бізді кала какпасынан өткізіп, құлдар түрмесіне апарды да, келесі күні біз құл базардың шәрбағында тұрдық. Көпшілігі қорыққаннан қалшыллап алға баспады, оларды тек қана айдауыл дойыры ғана саудагерлер көріп, бағалауы үшін амалсыз жүртті. Мегиддо екеуіміз өзімізге жақын келген әрбір алармаппен тіл қатысуға тырыстық.

Құл сатушы патша күзетінің сарбаздарын ертіп келді де, оған шынжырлаулы Қарақшыны беріп еді.

* Ежелгі Вавилонның керемет императоры, дуалы, тауханалары, аспанды бағы мен үлкен су арнасы құл сибетінің күшімен салынған еді. Құлдыққа көбіне ескери тұтқындар тартылды да, оларды адам тұрғы көрмеді. Алайда Вавилон мен оның маңындағы жерлерден қылмыс мен қарызы үшін құлдыққа түскен наянлондықтар да болды. Ұлдар арасында өзінің қарызын қайтарғанша, сот шешімі мен басқа да міндеттемелерін орындау үшін әйелдері мен балаларын кепіл ретінде құлдыққа беру кең тарады. Міндеттеме орындалмаған жағдайда кепіл жанлар құлдыққа сатылды.

анау карсыласып бақты да, есесіне оны сілесін қатыра соқты. Қарақшыны алыл кеткенде, оны қатты аядым.

Мегиддо көп ұзамай, қоштасатынымызды сезді. Алармандар жоқ кезде ол еңбектен қашпауды айтып, мені азырып болды: «Бірқатары жұмысты иттік етінен жек көреді. Жұмыс олар үшін дұшпаннан да жаман. Оны, керісінше, дос етіп, жақсы көру керек. Жұмыстың ауыр-жеңілдігі маңызсыз. Өзіне әдемі үй салғанда, оның белдігінің де ауырлығы қажет емес қой, сылақ үшін балшық әзірлеуге де суды алыстан тасуға тура келеді. Егер өзіне қайырымды қожайын тап келсе, айналайын, оған барынды салып қызмет етемін деп маған уәде бер. Оған сенім ісіннің бәрі жақпауы мүмкін. Есте сақта: жақсы істелген жұмыстан әуелі өзің ләззат аласың, пайда табасың. Ол сенен адам қалыптастырады»

Ол үнсіз қалды, өйткені осы кезде оған әлдебір шаруа келді де, оны мұқият қарай бастады.

Мегиддо оның жері мен егін жөнінде сұрастырды да, көп ұзамай шаруаны өзіне иеліктірді. Құл сатушымен оның бағасы турасында қызу саудаласу жүрді, акыры, шаруа қойнынан қалың әмиянын алды да, Мегиддо тез арада өзінің жана қожайынымен көзден таса болды.

Түске дейін бірнеше құл саудаланды. Түстен кейін Годто маған құл сатушының көңіл-күйі онша еместігін, екінші күнге қалуы неғайбыл деп хабарлады. Күн бата қалған құлдарды патша алармандарына өткізіп жібермек екен. Мен күлер үзе бастағанымда, шарбаққа семіз жайдары қалалық тұрғын келді де, аразында наубайшы бар-жоғын сұрастырды. Мен оған таяу барып, былай дедім: «Жақсы наубайшыға басқа наубайшыны іздеп не керек? Оған да жұмысқа талпынған әрі қабілетті жанға өз білігінді үйреткенін оңай емес пе? Маған қарапты, мен — жаспын, күшім жеткілікті әрі еңбек сүйгішпін. Маған мүмкіндік бер,

қолымнан келсе, сенін әмияныңнан алтын мен күміс бақыр табуға бәрімді аямай қызмет етемін».

Менің сөзім оның жүретін қолғаса керек, ол құл сатушыға мені саудаласуға беттеді. Анау болса, бұған денін маған көз салмаса да, менін қабілетімді шешен тілмен баяндап, денсаулығымның жақсылығын, тәртібімнің әдептілігін айтып бағамды асыра түсті. Мен өтімді қасалшыға сатылатын өгіздей сезіндім. Ақырында, олар, менің бақытыма орай, алақандарын ұрғыласып, сауда келісімін жасаты. Мен қожайынымның сонынан Вавилондағы ең бақытты адам ретінде алашаң басып кетсе бардым.

Жаңа мекенім маған ұнады. Қожайыным Нана-наид маған ауладағы тас дпирменге арпадан ұн тартуды, ошакка отты қалай жағуды, бал катқан тойнанға (пирол) күнжіт дәндерін үгуді үйретті. Маған жатын орынды астық сарайынан бөлді. Үй қызметіндегі Суасты есімді қария күн әйел менін тамағымды аш қылмады, ал мен оның ауыр жұмысына қолзабыс еттім.

Сөйтіп қожайыныма жағынып, келешекте бостан болуыма қажет мұрсаттың туғандығын ұқтым.

Нана-наидтан қамыр илеу мен нан пісіруді үйретуді өтіндім. Ол менін өтінішімді аякасты етпестен, наубай кәсібін үйретті әрі менің сопиалықты талпынысыма риза болды. Кейінірек, ол үйреткен жайттарды әбден сінірдім де, сосын бал катқан тойнан пісіру тәсілін үйрендім. Ақыры, наубайханадағы бар жұмыс менің қолыма көшті. Қожайыным рахаттана демалатын болды, бірақ оның мұнысын Суасты күн жаратпай, басын шайқал жүрді.

«Жұмыссыздық жақсылыққа апармайды», – деумен болды ол.

Мен өзіме ерік құқығын сатып алу үшін қаржы табудың сәт түскенін сездім. Бір күні жұмыстың бәрін

түске дейін бітірдім де. Нана-найдтан бұдан былай түстен кейінгі уақытта басқа бір табысты жұмысқа рұқсат етуін сұрап. пайданы бөлісетінімізді айттым. Менің ойыма мынадай іс келген еді: неге көбірек тойнан пісіріп, көшеге шығарып сатпасақ?

Нана-найдтан сұралым: «Егер де мен түстен кейін, наубайханадағы жұмысымды бітіргесін, саған қосымша екі бакыр тапсам, сол қосалқы жұмыстан түсетін пайданы бөлісіп, өзім үшін адамға керек-жарак сатып алатындай болсам, сен үшін әділетті бола ма?»

«Бұл әділетті», – деп қостады ол. Мен оған бал қатқан тойнан пісіріп сату жоспарымды айтқанымда, ол мұныма аса риза болды.

«Онда былай істейміз, – деді ол. – Сен екі балнанды бір жез бакырға сатасың. Жартысын маған ұн мен бал және отын алуға бересің де, ал қалған жартысын екеуіміз тең бөлісеміз».

Мен мұндай жомарттыққа мәз болдым. Өйткені табыстың бір ширегін мен өзіме қалдыратын мүмкіндікке немін ғой. Сол түні мен өзіме тойнан салатын ыдыс жасаумен өте кеш жаттым. Нана-найд маған көшеге киюге жарайтын өтіннің ескі киімін берді де, Суасты күн оны жамап-жасқап, жуып берді.

Келесі күні мен молырақ бал катып, тойнан пісірдім. Оның алтын түстес құрышы барынша габет тартып тұрды. Мен өз тауарымды мадақтаған күйі көше кезумен болдым. Басында тойнанға ешкім де назар салмады, мен тіпті маңасыздана бастағам. Алайда кешке қарай, жұрт ашықса керек, тойнанға бірінен соң бірі жармасты да, ыдысым босап қалды.

Нана-найд менің жетістігіме риза болып, үлесімді сол бойда санап берді. Мен сол кезде өзімнің жеке ақшамның пайда болғанына шексіз бақытты едім! Мегиддо «Жаксы жұмыс істеген құлдың еңбегі

қожайын көзінен таса болмайды» дегені дұрыс екен. Сол түні менің көңілімнің қозғаны болар, түн ортасына дейін көз ілмедім. Мен бір жылда қанша қаржы табатынымды және құлдықтан құтылуға қанша жыл керектігін есептеп, бас қатырдым.

Күн сайын тойнан сата жүріп, мен өзіме тұрақты сатып алушы қалыптастырдым. Соның бірі, басқа емес, сенің атаң – Арат Құла болатын. Ол қаланың бір шетінен екінші шетіне қара құлы жетектеген есекке артқан кілемін сатып жүретін. Әдетте, ол тойнанның өзіне екеуін, құлына екеуін алатын да, жеп болғанша, менімен әңгіме бөсетін.

Бір күні ол менің есімнен шықпайтын бір нәрсе айтты: «Сенің пісірген тойнаның маған сонша ұнамды, қарағым. Бірақ маған онан да ұнайтыны – оны сата білетінін. Бұл қабілетін сені құлдықтан құтқарады әлі».

Ірі қалада құл болып, туысқаны мен достарынан айырылған және өзінің бейшара халынан құтылуға асыққан мен байғұсқа бұл сөздің қалайша рух бергенін білсең ғой!

Бірнеше ай бойы мен шиланымға жез бақыр толтырумен болдым. Ол қолымдай салмактанып, сынғырлақтарға лықа тола бастады. Мегиддо айтқандай, еңбек шынында да менің нағыз досым болды. Мен бақытты едім, бірақ Суастының уайымы тарқамады: «Қожайын ойынханаға сонша көп ақшасын жұмсайтын болды. Мен оған қорқа бастадым».

Бір күні Мегиддо досымды кездестіріп, сонша қуандым. Ол үш есекке артылған көкөністі базарға алып келген беті екен.

«Менде бәрі керемет, деді ол. – Менің жұмысым ұнағасып, қожайын мені құлдарға бақылаушы етті. Көрдің ғой, ол тіпті, маған базарға сауда жасауға да сенетін болды. Жуырда менің жанұямды алдыртты.

Жұмыс уайымды ұмыттырады, ал бір күні маған ол бостандыққа шығып, өз шаруашылығымды сатып алуға жардем етеді, әлі».

Уақыт өтіп жатты, бірақ Нана-намд менің келгенімді асыға күтіп отыратын болды. Ол табысты жұлып алып, бакырды жалма-жан санауға кірісетін болды. Енді ол менен алыс базарға барып, бұрынғыдан да көп тойнан сатуды талап етті.

Маған жиірек қаланың қақпасынан шығып, дуал сыртындағы құл қараушыларға тауарымды сатуға тура келді. Мен сол бір маскара көріністі көргім келмесе де, құл қараушылар тойнан алуға құмар болғасын, амалсыз баратын болдым. Бір күні себеттеріне кіріштің толуын күтіп, иіріліп тұрған құлдар арасынан Забалоны көрдім. Ол қатты арықтапты әрі бүкірсініп кеткен, ал арқасы биішік тигеннен жара мен тыртыққа толы еді. Мен оны аяп кеттім де, оған бір тойнан ұсынып едім, ол ашыққан айуандай, жұлып алды да, асап жіберді. Көзіндегі аңға тән ұшқынды көрдім де, ыдысыма солайымен жармаспай тұрғанда, одан алыс кеттім.

«Сен неге сонша тыраштана еңбектенесің?» – деп сұрады бір күні менен Арат Құла. Есіңде ме, Қадан Құла, сол сұрақты сен де бүгін маған қойғансың? Мен оған бір кезде Мегиддолан естігенімді айтып, еңбектің маған нағыз дос екенін жеткіздім.

«Құлдықтан босағанда сен не істемексің?» – деп сұралы ол.

«Саудагер боламын шығар»

Осы сәтте ол маған мен сенбейтіндей сырын ашты: «Сен менің де қожайынмен үлесті бөлісіп жүрген құл екенімді білесің бе?»

– Токта! – Қадан Құла ызадан көздері от шашып, пын сөзін бөліп жіберді. – Менің атамның абыройын

төгетін өтірікті тыңдағым келмейді. Ол құл болған емес

– Мен оны тауқымсттен құтылып, Шамның ең қадірлі адамдарының біріне айналғаны үшін құрметтедім, – кабак шытпастан Шарру Нада сөзін жалғады. – Ал, сен, сол қадірлі кісінің немересі, хай камырдан жаралғансың? Сен шындықпен бетпе-бет келердей мықтысың ба әлде жалған қиялдың тұтқынында болуды қалайсың ба?

Қазан Құла бойын тіктеді. Оның дауысы дірілдеп шықты

Менің атамды бәрі де жақсы көретін. Оның қылған қайырымды істерінде сан жоқ. Ашаршылық болғанда, Мысырда соның ақшасына астық сатып алынып, әлсіз халыққа тарату үшін Шам қаласына соның ақшасына керуен жалдап әкелінбелі ме? Ал енді сен оны Вавилонда бейшара құл болды дейсің бе?

– Егер ол Вавилонда құл болғанда, нағыз бейшара болар еді. Бірақ ол өзінің мықтылығы арқасында Шамдағы алдыңғы қатарлы адамдарға қосылып, бірлер оны қоллап, құрмет пен абыройға бөленді ғой, – деп Шарру Нада жауап қайырды да, сөзін жалғады. – Арат Құла маған өзінің құл екенін айтып, бостандыққа ұмтылып жүргенін жеткізді. Ол үшін өзінде ақша жеткілікті екенін, бірақ одан әрі не істеу керектігін білмейтінін мойындады. Өйткені соңғы уақыттары оның ісі кері кете бастап, енді өз кожайынының камқорлығынан айырыламын ба деп қорқуда екен.

Мен оның мұндай батылсыздығына қарсы болдым: «Дүние иеті сенің кожайынына тіреліп тұрған жоқ. Өзінді ерікті жандай сезініп, ерікті адамдай әрекет ет. Әуелі өзіңе не керектігін анықтап ал, сосын соған қол жеткізуге барыңды сал».

Ол менін шындықты тура айтып, қайрағаныма алғысын білдірді де, өз жөніне кетті.

«Бір күні мен қала сыртына тағы шыққанымда, көзім үймелеген адамдарға түсті. Сұрастырсам, біреуі: «Естімен не едің? Қарауылдың бірін өлтірген құлды ұстады. Бүгін оның арқасын өлгенше шықпыртады. Патшаның өзі бақылайды екен».

Қолымдағы тойнан толы ыдысыммен қалың топты жарып көре алмағасын, бітпеген дуалға шығып бақыладым. Ол жерден маған, тіпті алтын күймелі Набуқданаһсыр (Навуходоносор) патшаның өзін көру сәті түсті. Бұған дейін маған соншама ұлылық пен бай киешек көру мүмкін болмаған еді.

Құлбайтұстыншынғырганынестісемде, өлім жазасын көре алмадым. Бұған дейін мен адамның соншалықты жапа шетуіне неге жол берілетінін ұқпай келген едім. Бірақ патшаның айналасындағылармен емен-жарқын әзілдескенін байқап, оның жүрегі соншалықты қатал екенін және бекіністегі құлдарға деген қаныпезерлікке патшаның өзі жол беріп отырғанына көзім жетті.

Құлдың жаны шыққанда, оның мүрдесін аяғынан бағанаға іліп, жұрт нағарына қойды. Жұрт ыдырап, сирегесін, мен мүрдеге жақынырақ бардым. Оның жүнді төсінен кеудесіндегі өрілген қос жыланның сұққылап салынған суретін көріп, Қарақшыны таныдым.

Арат Құламен келесіде кездескенімде, ол тіпті басқа адам болып көрінді.

¹⁸ Ежелгі Вавилон құлдарына тән әдеттер бізге ерсі және қисынсыз көрінуі мүмкін. Бірақ ол кезеңгі сөз пен әдет заңы кітап бағындырылған еді. Мысалы, құлдың кез келген меншікке ие болуы мүмкін, тіпті құлдың иеленуі гажан емес, бірақ ол өз хожайынының меншігіне жатпайды. Құлдар емен-еркін ерікті әйелдерге үйленіп, одан тұтқиылдан ерікті болып саналы. Сол кезде қалалық саудагерлердің көпшілігі құлдар болғанын. Олардың көпшілігі өз қожаныларына серіктес бола жүріп, ақатты адамға айналады.

Ол мені көре сала, қуанышты жүзбен жармаса кетті: «Саған таныс ана бір құл өз еркін алыпты. Сенің сөздерің айнымай келді де тұрды. Ал менің ісім алға басуда. Әйелім мәт болып жүр. Ол күң емес, ерікті ғой, қожайынымның немере қарындасы еді. Зайыбым балаларымыздың тағдырына менің құлдық хикаямының әсері болмайтындай, құл болғанымды білмейтін басқа қалаға барып тұрғанымызды қалайды. Жұмыс менің ең жақын жәрдемшім болды. Ол бойыма күш бітірсе, өзіме деген нық сенім орнатты».

Мен оған деген өз сөзімнің пайдаға жарағанына және сол үшін Арат Құла алғысқа бергісіз ризалық сезім білдіргеніне өзімді бақытты сезіндім.

Бір күні кешқұрым Суасты маған көзін жасқа бұлап, жетіп келді: «Қожайынның масқараға ұшырады. Қоркам. Бірнеше ай бұрын ол ойынханада көп ақшаға ұтылыпты. Ол шаруаларға астық пен балға ақы төлеуді қойыпты. Өсіміз де қарызын алмағасын, ол қожайынға тісін қайрап жүр».

«Оның ақымақтығы үшін біз неге қам жеуіміз керек? — дедім мен ойланбастан. — Біз оған әлдиші емеспіз ғой».

«Ақымақ, сен ештеңе ұғатын емессің ғой. Өсімізге кепілзат ретінде саған деген меншік құқығын беріп жіберді. Заң бойынша ол сені сатып жібере алады. Не істейтікімізді білмеймін енді. Бірақ ол қайырымды қожайын ғой. Бұл масқаралық бізге қайдан тап болды екен?»

Суастының қам жеуі тегін болмай шықты. Ертеңіне мен наубайханада нан пісіріп жатқанымда, өсіміз Саси деген біреуді ертіп келе қалды. Анау маған қарады да, менің еріп жүру керектігімді айтты.

Өсіміз менің қожайынымды күтпестен, Суастыға мені алып кеткендігін ескертті де, мені ертті де кетті.

Менің наубайханадағы жұмысымды бітіртпестен, бір жакка алды да кетті. Өзіммен бірге үстімдегі бар киім мен белдігіме бекітілген шилан ғана.

Менің арманым мен үмітімнің құйын тигендей ұйқы-тұйқысы шықты. Мені тағы да ойынхана мен арпа сыра сұмдыкка ұшыратты.

Саси топас та дөкір біреу болып шықты. Ол мені көше бойлап ерткен бойы оған Нана-найдада қандай жақсы жұмыс істегенімді айтып, оған да өнімді еңбек ететінімді айтсам, оның жауабы мені есенгіретіп жіберді: «Маған да, менің қожайыныма да ондай жұмыстың қажеті жоқ. Патша өсімгерге қолға түскен құл біткенді үлкен суарна құрылысына салуға бұйырды. Сондықтан қожайын маған көбірек құл сатып алып, сол жұмысты тезірек бітіруді бұйырды. Сондай үлкен шаруаны қалайша тез бітіруді білмей, басым қатып жүр».

Шөлдаланы өсіп тұрған бір ағашсыз елестетші. Айнала толы тырбық бұта болса, ал құтындағы суды қайнатардай ыссы күн төбенді күйдіретпесей. Енді таңнан кешке дейін терен ордан ауыр себетпен күм тасыған адамдар тізбегі ширатылған күні бір тынбайтын көріністі елестет. Тамақты бізге шошқаға құйғандай ортақ үлкен астаумен берді. Үстімізге күнкағар ретінде аспалы төбе де, астымызға төсер сабан да болмады. Ойда жоқта мен осындай жайтқа тап болдым. Мен әмиянымды жасырын бір жерге көмгеніммен, бірақ оны қайтадан қазып алатын метет келе ме, жоқ па білмедім.

Әуелі мен жұмысқа барымды салдым, бірақ ай артынан ай өте келе, менің жігерім мұқала бастады. Сосын мен жан ұшырған күй келтім. Тәбетім болмай, шөкімдей қой етіне аздаған көкөніс қосып талғажау еттім. Түн болса, ұйқы қашып, беймаза күй кешетін болдым.

Мен енді Забадонын қайткенде де, бар күшін жұмыстан жалтаруға салатыны дұрыс па деп ойлай бастадым. Бірақ біздің соңғы кездескеніміз есіме түсіп, ол ойымның дұрыстығына күман келтірдім.

Дұрысы, күресіп, жауынды өлтірген жөн деп есептейтін Қарақшыны да есіме түсірдім. Алайда қансырап өлген оның күйі де, ол уағдін дұрыстығын жоққа шығарды.

Сосын Мегиддоны еске алдым. Оның қолы ауыр жұмыстан қорбынып кеткен, бірақ оның жүрегі тыныш, ал жүзі қуаныштан бал-бұл жанды. Шамасы, оның жоспары ең қолайлы болса керек. Бірақ жұмыс неге маған бақ пен шаттық сыйламайды? Неліктен маған өз жоспарым мен мақсаттарымды ұмытып, соңғы демім біткенше жұмыс істеуге тура келеді? Бұл сауалдарға менде жауап болмады. Жаным жай таппай, сергелдеңге түстім.

Бірнеше күннен соң, бойымдағы күшім саркылғандай күй кешкенде де, мазалаған сұрақтарға жауап болмай жүргенде, Саси мені алдыртты. Бұрынғы қожайыным мені Вавилонға қайтаруды өтікіпті. Мен амиянымды қатып алдым да, үстіме қалған-құтқан киімімді іле салып, жолға түстім.

Жол бойы мені әрі-бері қаңбақша домалатқан құйын туралы ой есімнен кетпеді. Менің өмірім туған қалам Харрунда айтылатын әннің бір шумағын еске түсірді:

Адамға құйын бас сатар,

Қаңбақтай адам не байқар?

Оның жолын кім білер,

Мақсатын бізге кім айтар?

Күнәсіз болсам да, күнәһардың жазасын неліктен тартып, тағдыр тәлкегіне түсемін? Алдымда тағы да басқа ауыртпалық пен тауқымет күтіп тұр екен мені?

Бұрынғы кожайын үйіне таяп келгенде, мені күтіп тұрған Арат Құланы көргендегі танданысымды айтып жеткізе алмаспын. Ол маған түйеден түсуіме көмектесіп, бауырын көргендей құшак жая ұмтылды.

Біт екеуміз жолға шықтық. Мен құлға тән әдеппен одан қалыңқырап жүруге икемделіп едім, ол мені құшақтады да: «Мен сені іздеп бармаңайды шарқұрдым. Енді үмітімді үзе бергенімде, Суастыны кезіктірдім. Ол өсімгер жөнінде айтқасын соған барып едім, ол мені жаңа кожайынына сілтеді. Онымен ұзақ саудаластым, ақыры, ол сен үшін маған қымбат ақы төлеттірді, бірақ сен оған тұрасың. Өйткені сенің ақылың маған сәттілік әлерді».

«Бұл ақыл менікі емес, Мегиддонікі», – деп сөзін бөлдім.

«Ақыл екеуіндікі. Екеуіне де рақмет. Қазір Шамға барамыз, мен сенің маған серіктес болып, іске үлес қосуыңды қалаймын. Сен қазірден бастап еріктісің».

Осылай делі де, ол қойнынан сазбітікті шығарды, онда өзінің мені сатып алғаны туралы жазылған екен. Ол сазжазбаны төбесінен асыра көтерді де, құлаштап тұрып тасқа соғып, быт-шыт етті. Онымен қоймай, аяғымен мыжып, жаңбалы хіріпшіті ұнтап жүр.

Менің көзіме алғыстың орнына жас үйірілді. Осы сәтте мен өзімді Вавилондағы ең бақытты адам екенімді ұқтым. Сонда да, мен үшін ең ауыр кезде де еңбек менің ең жақын досым болып қалды. Менің жұмысқа деген құлшынысым бекініс құрылысына сатылған құлға тән тағдырдан құтқарды. Ол сенің атаңа менімен бірге еңбек етуге таңдау жасатты.

Сонда жұмыс менің атама алтын ішекелге барар жолды ашқан құпия кілт болғаны ма? – деп сұрады Қадан Құла.

– Мен оны кездестіргенімде, онда басқа кілт болған емес, жауап берді Шарру Нада.

– Сенің атаң еңбекқор болатын.

Мен бір нәрсені ұққандаймын, – ойлана сөйледі Қадан Құла. – Оның еңбексүйгіштігі оған достарды кеткізгіш, табыс әкелді. Ол еңбегінің арқасында Шамдағы абыройлы адам болған екен. Оған байлық сіңірген еңбек болды. Ал мен жұмысты тек қана құлдардың сыбағасы деп ойлап келгем.


– Өмірде рахаттың гүрі бар, – деді Шарру Нада, – және әрқайсысының өз сәті бар. Мен жұмыстың тек қана құлдардың сыбағасы еместігіне қуанамын. Егер олай болмағанда, мен ең үлкен рахаттан ада болар едім. Өмірде маған ұнайтын нәрсе көп, бірақ бәрінен бұрын жұмыс ұнайды.

Шарру Нада мен Қадан Құла Вавилон дуалының көлеңкесінде келе жатып, оның аса ауыр қола қақпасына қарай беттеді. Олар жақындағанда, күзетшілер орындарынан ұшып түрселді де, құрметті меймандарға ибалы сәлем берді.

Шарру Нада басын қақшита ұстаған күйі шұбатылған ұзын керуенді қалаға өткізіп, көше қуалай бастап кетті.

Мен әрқашан да атама ұқсағым келетін, – деп оған Қадан Құла ішкі сырын мойындады, – бірақ оның қандай болғанын бұрын білмей едім. Сен менің көзімді аштың. Енді мен оны бұрынғыдан да бетер жақсы көремін. Мен бұрынғыдан да бетер оған ұқсағым келеді. Сәттілікке жеткізетін нағыз кілтті бергенің үшін мен саған ешқашан да оның ақысын төлей алмаспын. Мен енді оны ығи да лайдаға асыратын болам. Менің ісімнің басы да ағам ісіндей елеусіз болар, бірақ мен асыл тас пен сәнді киімді емес, сенен алған жаңа ілімді мақтан етермін.

Осы сөздерін айтып, Қадан Құла құлағындағы асыл тасты сырғасы мен саусағындағы бағалы жүзігін алды. Сосын атын тебініп қалды да, керуен басынын сонынан шаба жөнелді.



Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Вавилон. Тарихи сипатсөз.....	6
Баюды көксеген кісі.....	14
Вавилондағы ең бай адам	21
Қабысқан әмиянның жеті дауасы.....	34
Саттілік пірімен таныс бол	58
Байлықтың бес заңы.....	72
Вавилондық өсімгер	87
Вавилондық бехініс	100
Вавилондық түйе сатушы.....	105
Вавилондық сазбітіктер	117
Вавилондағы ең бақытты жан	130

Джорж С. Клейсон

Вавилондағы ең бай адам

Аудармашы:

Серик Әбдірешұлы Ерғали

Корректоры:

Қанат Ибрагимов

Дизайнері:

Ләйла Сахидаұлет

Мұқаба дизайны:

Азамат Нусипбеков

© «Шабыт» баспасы, 2021

Барлық құқықтары қорғалған.

Басуға 02.02.2021 ж. қол қойылды

Қарпін түрі "TimesmNew Roman" Офсеттік басылым

Өшімі 84x108/32. Көлемі 9,5 б.т.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №117.

Тапсырыс берушінің лабын файлдарынан басылып шықты



ЖШС РПБК «Дәуір». 050009.

Алматы қаласы, Тағарин д-лы, 93в

Тел: +7 7172 500009. E-mail: rpmbk@daur.kz, zakaz@daur.kz



ДЖОРДЖ САМУЭЛ КЛЕЙСОН

1874 жылы 7 қарашада Миссури штатының Луизиана қаласында дүниеге келген.

Небраска университетінде оқыған және испандық соғыс кезінде Құрама Штаттар армиясында борышын өтеді.

Одан америкалық соғыс. Баспа ісіндегі ұзақ мансабын бастап, Денвердің Clason Map компаниясын құрды. Колорадода және Америка

Құрама Штаттары мен Канадада алғашқы жол атласын жариялады.

1926 жылы ол әйгілі Вавилон туралы хикаяның әрбір әрпін бейнелейтін ежелгі астарлы әңгімелерді қолдана отырып, үнемділік пен қаржылық жетістік туралы әлемге мәлім кітапшалардың бірегейін жариялады.

Бұл хикаялар банктер мен сақтандыру компанияларындағы миллиондаған адамға танымал болды, олардың ішіндегі ең әйгілісі «Вавилондағы ең бай адам» аталатын аңыз-шыны аралас астарлы әңгіме еді. «Вавилон туралы астарлы әңгімелер» талай әскерге шабыт беретін классикалық туындыға айналды.

